

ӘОЖ 349.6

Қолжазба құқығында

НУРЕКЕШОВ ТАЛАП КАЙРАТОВИЧ

**Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайында
дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін құқықтық қамтамасыз
ету мәселелері**

6D030100-Құқықтану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
заң ғылымдарының докторы,
профессор Мукашева А.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші
заң ғылымдарының кандидаты,
доцент Курумшиева Э.И.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	18
1.1 Энергетика нарығының ұғымы, пәні, әдісі, жүйесі және ғылымы.....	18
1.2 Эколого-энергетикалық қауіпсіздіктің теориялық негіздері.....	27
2 ЭНЕРГЕТИКА НАРЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	40
2.1 Энергетикалық қатынастарды реттеудің халықаралық-құқықтық негіздері	40
2.2 Евразиялық экономикалық Одақ шеңберіндегі энергетикалық нарықты құқықтық реттеу	47
2.3 Қазақстан Республикасында балама энергетиканы құқықтық реттеу ...	59
3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ БАЛАМА ЭНЕРГЕТИКАНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	75
3.1 Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігінің негіз құраушы факторы ретінде.....	75
3.2 Қазақстан Республикасында эколого-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық тетіктері мәселелері.....	80
3.3 Қазақстан Республикасының энергетикалық қатынастар саласын мемлекеттік басқару мәселелері	92
ҚОРЫТЫНДЫ.....	107
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	111
ҚОСЫМША А КЕСТЕ.....	121

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЖІӨ	– жалпы ішкі өнім
ЖЭК	– жаңартылатын энергия көздері
ЖЭС	– жел электростанциясы
ж.	– жыл
жж.	– жылдар
МЭТ	– Мемлекеттік энергетикалық тізілім
ҚР АҚ	– Қазақстан Республикасы азаматтық кодексі
ГЭС	– гидроэлектростанция
ЕЭО (ЕАЭО)	– Евразиялық Экономикалық Одақ
ЕО	– Европа одағы
т.б.	– өзге
ЭХШ	– Энергетикалық Хартияға шарт
ҚРЗ	– Қазақстан Республикасы Заңы
т.б.	– тағы басқа
ҚКСР	– Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы
ҚР	– Қырғыз Республикасы
М.	– Москва
млн.	– миллион (-дар)
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
отв. ред.	– жауапты редактор
ЭЫДҰ(ОЭСР)	– экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
т.	– тармақ
тт.	– тармақша
пр.	– өзге
БР	– Беларусь Республикасы
ҚР	– Қазақстан Республикасы
РФ	– Ресей Федерациясы
б.	– бет (-тер)
см.	– қараңыз (қараңыздар)
ТМД	– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
СПб	– Санкт-Петербург
КСРО	– Кеңес Социалистік Республикалар Одағы
ст., ст.	– статья, статмақала, мақалалар
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
б.ә.	– бұдан әрі
ТҰК	– трансұлттық корпорация
ОЭК	– отын-энергетика кешені
ОЭЖ	– отын-энергетика жүйесі
р.	– page (ағылш. - бет)

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі уақытта энергетикалық қатынастардың рөлі мен маңызы, олардың теңдестірілген дамуы және тиімді реттелуі артып келеді.

Адамзат өркениеті дамуының бүкіл тарихы - әлемнің энергетикалық қайта құрылу процесі болып табылады. Соған байланысты энергияға тек техникалық жағынан қараудың дұрыс емес екенін атап өтуіміз қажет.

Энергияның философиясын түсіну қажет. Себебі энергия барлық салаларды қамтиды, біздің бүкіл өмірімізге энергия сіңіп кеткен. Біздің энергияға психологиялық тәуелділігіміз өте жоғары [1, с.109-116].

Іс жүзінде адамзат өміріндегі энергияның маңызын асыра бағалау мүмкін емес. Белгілі ғалым Ж. И. Алферов атап көрсеткендей, «қазіргі таңда адамзат алдында тұрған энергетикалық мәселеден маңызды мәселе жоқ. Өркениеттің сақталуының өзі оның шешімін табуға тәуелді болып келеді» [2, с. 36].

Сарапшылардың пікірінше энергетика мәселелері жаһандық саясаттың ұзақ мерзімдік басымдығы болып табылады [3, с.13]. Энергия қорларымен қамтамасыз етудің сенімділігі мәселесі - дүниежүзілік саясаттың күн тәртібіндегі ең маңызды сұрақтарының бірі болып отыр; заманауи мемлекеттердің басым бөлігі өзінің тіршілік етуінің өзін осы мәселенің шешілу болашағымен байланыстырады [4, с.5-7].

Энергетика саласы өнімдерінің ерекшелігі: энергияның барлық түрлері-энергетика саласын экономиканың базалық, жүйе құрушы саласы ретінде танылуын, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің күрделі көп салалы фактор ретінде ұлттық экономикалардың өз халқының қажеттіктерін белгілі бір деңгейде теңгермешіл қанағаттандыру, тұрақсыздандырушы факторларға қарсы тұру (ішкі және сыртқы), сондай-ақ әлемдік шаруашылық жүргізу жүйесінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатымен кеңейтілген қайта өндіруге мүмкіншілігімен сипатталатын күрделі көп факторлы жүйе екендігімен негізделеді [5, с. 9].

Қазақстандағы энергетика бағыты - елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалының алдыңғы буындарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы жоғарғы көлемде энергияны алып жүрушілерді экспорттау есебінен дамып келеді.

Қазақстан мұнайдың, көмірдің және уранның дәлелденген қорлары бойынша әлем елдерінің алғашқы ондығына кірсе, табиғи газ қорлары бойынша алғашқы 20-сының қатарынан табылады. Сонымен қатар, біздің еліміз уран өндірісі бойынша жер бетінде жетекші елі болып қана қоймай, жыл сайын көмір өндірісі бойынша әлемнің алғашқы он елінің және мұнай өндірісі бойынша алғашқы 20 елінің қатарына кірген екен. Соңғы жиырма жыл ішінде мемлекетімізде мұнай өндірісінің көлемі төрт есеге дейін өсіп, осы санат бойынша халықаралық аренада жаңа «ауыр салмақты» елдердің бірі рөлін атқарып келеді. Келесі жиырма жыл ішінде ТМД мемлекеттері арасында мұнай өндірісінен ең үлкен өсімге қол жеткізетін Қазақстан болады деп күтілуде. Отын-энергетика кешені, әсіресе мұнай саласы Қазақстан экономикасы үшін

бірінші кезектегі маңызға ие, 2014 жылы оның үлесіне еліміздің ЖІӨ 22% келді, сондай-ақ жиынтық экспорттан түскен табыстың үштен екісі және мемлекеттік бюджет кірісінің 50% келді. Сонымен қатар бұл сала елімізге тікелей шет елдік инвестициялар тарту бойынша да көшбасшы болып табылады [6, с.16].

Т.А.Кулибаев атап көрсеткендей, электр-энергетика саласында жаңа үлгі үлкен салмаққа ие болып келе жатқандығында, ол болашақты жаңартылатын энергия көздерімен байланыстырады. Жаңартылатын энергия көздері «жасыл» энергетикаға көшудің тек бір ғана құралы, ол «қоғам үшін бағасы» төмен және алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін өзге салалармен оптималды үйлесімділікте пайдаланылуы керек [6, с.16].

Энергетиканы дамыту мен Қазақстанның экологиялық мәселелерін шешудің басым бағыттарының бірі жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, энергияны және қорды үнемдеу бағдарламаларын іске асыру болып табылады. Біздің еліміздің алған бағыты бағдарламалық-саяси құжаттарда айқын көрсетілген. Мысалы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіп революциясы жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында былай көрсетіледі: «Кәсіпорындардың энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуіне қойылатын талаптар күшейтілуі, сондай-ақ энергия өндірушілердің өздерінің жұмысының экологиялылығы мен тиімділігі маңызды».

Балама, «таза» энергия саласындағы прогресстің қаншалықты қарыштап дамып келе жатқандығын Астана қаласында өткен «ЭКСПО-2017» көрмесі көрсетті.

Жаһандық көлемде 2016 жылы жаңартылатын энергия қуатының рекордтық өсімі тіркелді (150 ГВт), әсіресе, күн сәулесі фотоэлектрлік қондырғылардың және жер бетінде орнатылған жел электростанцияларының (ЖЭС), ол мұндай құрылысқа бір жағынан шешімді саяси қолдау көрсетілуі мен екінші жағынан технологиялардың жетілдірілуі және капиталдық шығындардың, әсіресе күн электр станцияларындағы төмендеудің арқасында қол жеткізуге болды. 2040 жылға дейін ЖЭК әлемдік электр энергетикасында ең жылдам дамушы жаңа энергия көзі болады деп күтілуде. Жаңартылатын энергия көздерінің үлесіне жер бетіндегі генерацияланатын қуаттар өсімінің жартысынан астамы келеді [6, с.18].

Жаңартылатын энергия көздерінің Қазақстандағы мүмкіншіліктері (гидроэнергия, жел және күн энергиясы) орасан зор. Бірақ, соған қарамастан Қазақстанда балама энергия өндірісінің пайыздық мөлшерімен алып қарағанда, оның жалпы көлемінің тек 0,4 % құрайды.

Мемлекет жаңартылатын энергия көздерінен энергияның үлес салмағын арттыру үшін кешенді шаралар жүргізіп келеді. Сол мақсатта 2009 жылы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңы қабылданды. Құр амбициялы мақсаттар ғана қойылмай, балама және жаңартылатын электр энергиясының үлес салмағын 2050 жылға қарай 50% жеткізуді көздеп отыр [7, б. 5].

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға ынталандырып отырған тағы да бір мәселе: Қазақстан, 1992 жылғы деңгеймен салыстырғанда, өзінің қалдықтарды шығару көлемін 15% қысқартуға міндеттеме алғаны болып отыр. Бұл мақсатқа тек экономиканың энергия сыйымдылығын төмендету есебінен қол жеткізу мүмкін емес. Біз сияқты жас мемлекет үшін жаңартылатын энергия көздерінің рөлі ерекше екені анық.

Сонымен қатар, Қазақстанның дамуының қазіргі кезеңінде балама энергетика елдің энергия қажеттігін жеткілікті деңгейде қамтамасыз ете алмайды. Көптеген шет елдік зерттеушілер атап көрсеткендей дәстүрлі энергетиканың рөлі әлі де болса басымдық болып отыр [8, p.17].

«Энергияны сақтауға, күн және жел балама энергетикасын дамытуға үлкен үміт артуға болады, бірақ мұның барлығы әлемнің өсіп келе жатқан қажеттіктерін толық қанағаттандыра алмайды» [9].

Сонымен қатар мұндай технологияларды енгізудің кейбір тиімсіз факторларының да бар екені жасырын емес: лек тығыздығының шағындығы (жалпы қуатының) және мұндай энергия көздерінің уақыт өлшемі бойынша өзгергіштігі, мұның өзі олардың өздік құнының жоғары болумен, дәстүрлі энергия қондырғыларымен салыстырғанда салынатын қорлардың жалпы көлемінің артатынымен негізделеді. Мысалы, Англиядағы ғылым мен техника бойынша комитет, аталған энергия көздерін игерудің болашағына талдау жасай келе, оларды заманауи технологиялар негізінде пайдалану дәл қазір АЭС салудан кемінде екі-төрт есеге қымбатқа түседі деген қорытындыға келді [9]. Яғни, балама энергетика дәстүрлі энергетиканы тек бөлінген энергия жағынан ғана алмастыра алады (демек орталықтандырылған энергиямен қамтамасыз ету тиімді болып табылмайтын жерлерде, алыс ауылдарда, селоларда немесе өңірлерде. Осы жерлерде тиісті қорлар: жел, күн, биоқорлар болған жағдайда балама энергетика объектілері неғұрлым нәтижелі болмақ). Дәстүрлі энергетиканы балама энергетикамен алмастыру - бұл экономикалық тиімділік мәселесіне келіп тіреледі.

Мұндай жағдайдан шығудың бірден-бір жолы дәстүрлі және балама энергетиканың оптималды тепе-теңдігін қалыптастыру екені сөзсіз.

Энергетика саласындағы қоғамдық қатынастардың дамуы, сондай-ақ осы салаға ықпал ететін жаңа объективті және субъективті факторлардың пайда болуы түптің түбінде оны ғылыми-құқықтық ой елегінен өткізуді белсенділендіру қажеттігін талап етеді [11, с. 38].

Қазақстанның энергетика саласының динамикалық дамуы энергетика саласындағы барлық қатысушылардың мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуі тиіс нормативтік-құқықтық базаны үздіксіз жетілдіріп отыру қажеттігін негіздейді.

Осының барлығы Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін одан әрі жетілдірудің осы саладағы іргелі ғылыми зерттеулердің одан әрі жалғастырылуына тәуелді болатынын көрсетеді. Бұдан энергетикалық қатынастар субъектілерінің мүдделер тепе-теңдігін қамтамасыз ету әдістерін іздестіру қажеттігі туындайды.

Соған байланысты энергетика саласының маңызды топтамасы ретінде дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігінің құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін зерттеу - өте өзекті өміршең тақырыпқа айналды.

Құқықтық нақтылықтың жоғарыда атап көрсетілген мәселелері мен жағдайлары диссертациялық зерттеудің өзектілігі мен ғылыми құндылығын анықтайды. Бұл факторлар тақырыпты тандап алу, диссертациялық зерттеудің бағыттарын, оның ерекшеліктерін, құрылымы мен әдіснамасын тандап алу үшін негіз болды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі тұжырымдамасы негізінде дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін жетілдірудің өзекті ғылыми-тәжірибелік мәселелерін шешу болып табылады.

Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешуді қарастырады:

- энергетикалық құқық ұғымын, пәнін, әдісін және эколого-энергетикалық қауіпсіздік ұғымын анықтау;

- дәстүрлі және балама энергетиканың дамуын құқықтық реттеу бойынша шет елдік тәжірибелерді жинақтау және талдау;

- Евразиялық Экономикалық Одақ шеңберінде энергетикалық нарықтың қызмет етуін құқықтық реттеуді талдау;

- Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайындағы дәстүрлі және балама энергетиканың дамуының тепе-теңдігін реттейтін қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамаларындағы кемшіліктерді, олқылықтарды, қарама-қайшылықтарды анықтау;

- балама энергетиканы дамыту, энергияның тиімділігі және энергияны үнемдеу жағынан алып қарағандағы Қазақстан Республикасы заңнамаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар құрастыру;

- Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайындағы дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін құқықтық қамтамасыз етуді дамыту бойынша кешенді іс-шаралар құрастыру.

Зерттеу объектісі және пәні. Зерттеудің жалпы объектісі эколого-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағынан дәстүрлі және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану кезінде пайда болатын құқықтық қатынастар болып табылады.

Зерттеу пәнін құқықтық қатынастардың осы саласын реттейтін құқықтық нормалар, құқықты қолдану тәжірибесі, сондай-ақ зерттелетін сала бойынша ғылыми ізденістер құрайды.

Тақырыптың құрастырылу деңгейі. Дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз ету мәселесі Қазақстанның құқықтық ғылымында ең аз зерттелген бағыттардың бірі болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктері мәселелерін жүйелі түрде ашып көрсететін кешенді зерттеулер жүргізілген жоқ, мұның өзі алынған зерттеу нәтижелерінің ғылыми жанашылдығы мен маңыздылығын анықтап береді.

Осы диссертациялық зерттеудің тақырыбына қатысты жекелеме мәселелер Қазақстандық құқықтық ғылымда, оның ішінде С.Д. Бекишеваның [12-13], Л.К. Еркінбаеваның [14-15], А.А. Мукашеваның [16, с. 96-99] жұмыстарында зерттелген.

Соңғы жұмыстар ішінен отандық жас ғалымдардың екі докторлық диссертациясын атап көрсетуге болады.

Экономикалық жағынан көрсетілген бірінші жұмыс - А.Б. Имашевтың диссертациясы: «Қазақстанда энергияның балама көздерін дамытудың экономикалық аспектілері» тақырыбындағы еңбегі [17, б. 2]. Жұмыста балама энергетиканың инновациялық жобаларын жүзеге асырудың экономикалық тетіктері ұсынылған; кәсіпорындардың балама энергетиканы дамыту бойынша экономикалық қызметі мәселелері нақтыланып, жүйеленген, елдің энергияға тәуелділігі қатерлері анықталған және оны шешудің жолдары көрсетілген, энергетикалық саясатты жетілдіру негізінде ұсыныстар құрастырылған.

Екінші ғылыми жұмыста жаңартылатын энергия көздері феноменін құқықтық жағынан қарастырады. Бұл Г.Б. Телеуевтың «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытуды құқықтық қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасы мен шет елдердің заңнамалары мен тәжірибесіне салыстырма талдау)» тақырыбындағы диссертациясы қорғалды.

Диссертациялық зерттеуде Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуімен байланыста жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытуды құқықтық қамтамасыз етудің теориялық негіздері мен тәжірибелік мәселелері, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытудың мемлекеттік-құқықтық тетіктері қарастырылған, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамыту саласында Қазақстан Республикасы мен шет елдердің заңнамалары мен тәжірибесіне салыстырма талдау жасалынған және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамыту саласы бойынша ұлттық заңнамаларды жетілдірудің негізгі жолдары ұсынылған [18, б. 2].

Қазіргі таңда бірнеше ғылыми зерттеулер мен арнайы жұмыстар, соның ішінде оқу процесіне арналған жұмыстар жазылған. Аталған жұмыстарда энергетикалық құқық пен оның мазмұнын түсіндіру, ой елегінен өткізу әрекеттері жасалынған. П. Г. Лахно [19, с.7-41], М. И. Клеандров [20, с.44-45], А.П. Вершинина [21, с. 17], В. В. Бушуев [22, с.207], С.С. Занковский [23, с.64-68], С.С. Силиверстов [24, с. 266-280], С.А. Свирков [25, с.253], В. Ф. Попондопуло [26, с.205], О. А. Городов [27, с. 235], С.В. Матиящук [28, с.104] сияқты ғалымдардың еңбектерін атап көрсетуге болады.

Энергетиканың құқықтық мәселелері бірнеше диссертациялық зерттеулерден көрініс тапқан. Олардың ішінде заң ғылымдарының кандидаты ғылыми атағына ізденіс жұмыстары бойынша келесі диссертацияларды атап көрсетуге болады С. В. Матиящук, С. С. Силиверстов, О. А.Двинин, Э. О.Мамедова, С. О.Рецлов, Е. В. Кудряшов, С. Н. Новикова [29-31].

Шет елдік табиғат қорлары мен эколого-құқықтық ғылымда энергетикалық қауіпсіздік саласындағы басты теориялық ережелер С.А. Боголюбов, М.М. Бринчук, Г.Е. Быстров, М.И. Васильева, О.Л. Дубовик, Н.Г.

Жаворонкова, О.С. Колбасов, В.В. Петров, Ю.Г. Шпаковский және өзге де авторлар сияқты белгілі құқықтанушы ғалымдардың еңбектерінде келтірілген.

Сондай-ақ қауіпсіздіктің жалпы мәселелері мен оны құқықтық реттеу саласының С.В. Матияшук, Н.А. Маляр, А.И. Стахов, Л.А. Цисар және т.б. мамандардың жұмыстары мен теориялық тұжырымдамалары зерттелді.

Қазақстандық ғалымдарға келетін болсақ эколого-энергетикалық қауіпсіздік негіздері (Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д., Абдраимова М.Ж.); экологиялық зиянның орынын толтырудың құқықтық институты (Абдраимов Б.Ж.); жер қойнауын пайдаланудың құқықтық жақтары (Елюбаев Ж.С., Мухитдинов Н.Б., Мауленов К., Мороз С.П.); жер қатынастарының экономикалық тетіктерінің негізі мен мазмұны (Бектурганов А.Е., Дусипов Е.Ш., Косанов Ж.К., Хаджиев А.Х., Холмуминов Ж.Т.); су қауіпсіздігінің құқықтық жақтары (Мукашева А.А.), аграрлық қатынастар мен азық-түлік қауіпсіздігін ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету (Еркинбаева Л.К.), ветеринарлық қауіпсіздіктің құқықтық негіздері (Калымбек Б.) және т.б. құрастырылымдары жасалынған.

Шет елдік авторлардың зерттеулерінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың қажеттілігі мен нәтижелілігі нақтылы және айқын дәлелденген.

Мысалы, Casper Boongaling Agaton (2018) зерттеу жүргізген, онда түрлі жаңартылатын энергия көздеріне қор құю ма, әлде Филиппинде электр энергиясы өндірісі үшін көмірді пайдалануды жалғастыра беру керек пе? деген екі пікірдің қайсысының тиімді екендігі салыстырылған. Зерттеу нәтижелерінің қорытындысы жаңартылатын энергияға инвестициялар тарту - электр энергиясы өндірісі үшін көмірді пайдалануды жалғастырғаннан көрі жақсы таңдау екенін көрсетті.

Kim, K., Park, H., Kim, H. (2017) дамушы елдерде жаңартылатын энергияға инвестицияларды бағалауды қарастырды.

Kumbaroğlu, G., Madlener, R., & Demirel, M. (2008) электр энергиясы өндірісінің жаңа жаңартылатын технологияларын таратудың перспективаларының түрлі нұсқаларын зерттеді және бағалады. Pereira, A.O.P., және өзгелер (2013) Бразилияда жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейтудің перспективасын ашып көрсетті. Savino, M.M., et al. (2017) жел энергиясын пайдаланған жағдайдағы жаңартылатын энергия жүйесін экологиялық және экономикалық бағалау үшін жаңа модель ұсынды. Sovacool, B.K. еңбегінде (2010) оңтүстік-шығыс Азияда жаңартылатын энергия көздерін қолдау тетіктеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.

John Twidell and Tony Weir «Renewable Energy Resources» кітабында неғұрлым терең және кешенді зерттеулер жүргізілген болатын. Бұл жұмыста бүкіл әлемде қазіргі заманғы экономикалық жүйелер үшін қол жетімді жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың барлық түрлері толық қарастырылған, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану принциптері көрсетілген, энергия көздерінің түрлері толық сипатталған: күн сәулесі (жарық), жел, биомасса (өсімдік өнімдері), өзендер (гидроэлектрэнергия), мұхит толқындары, лектер, геотермикалық жоғары температура және өзге де жаңартылатын қорлар. Сондай-ақ, мұнда осы институттың ұғымдық аппараты

берілген: «жаңартылатын энергия», «жаңартылмаған энергия», «қоңыр энергия» және т.б.

Бұл ғылыми жұмыста жаңартылатын энергия көздері «өмір сүру деңгейінің тұрақтылығы және қауіпсіздігі үшін қажет» деген қорытынды жасалынған [38, Р.2].

Қазақстан Республикасында іс-жүзінде дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін құқықтық қамтамасыз етуге бағытталған зерттеулердің жүргізілмегенін атап өтуіміз қажет. Арнайы әдебиеттерде балама энергетика объектілерінің тиімділігін бағалауға толық көлемде ғылыми негізделген әдіснамалық көзқарас жоқ, дәстүрлі және балама энергетиканы бірлесе пайдаланудың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық жақтарын есепке алатын ғылыми зерттеулер болмаған, сондай-ақ, дәстүрлі және балама энергетиканы бірге пайдаланудың неғұрлым оптималды жан-жақты, толық талданбаған.

Қазақстанның арнайы әдебиеттерінде балама энергетика объектілерінің тиімділігін бағалауға толық көлемде ғылыми негізделген әдіснамалық көзқарас, нормативтік-құқықтық база жоқ, балама энергетиканың институционалдық ортасына толық, жан-жақты талдау жасалынбаған, балама энергетиканы бірлесе пайдаланудың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық жақтарын есепке алатын ғылыми зерттеулер жеткіліксіз. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы энергияны үнемдеу процесстерін нәтижелі басқару үшін энергияны үнемдеуді ынталандырудың, экономиканы жаңа нәтижелілігі жоғары энергияны үнемдеуші негізде жаңғыртудың теориялық-әдіснамалық негіздерін қалыптастыратын, энергияны үнемдеуге ынталандыратын пәрменді құралдарды ғылыми жағынан қарастыру мен қалыптастыру талап етіледі.

Жоғарыда аталғандар диссертацияда қаралатын мәселелерді кешенді зерттеу өзінің дамуының бастапқы кезеңінде келе жатыр және сондықтан да, әлеуметтік-еңбек және экономикалық қатынастардың күрделенуіне байланысты қазргі кезеңде терең, толық және жан-жақты зерттеуді қажет етеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізін нақтылық пен оның динамикасын объективті және жан-жақты зерттеу әдісі ретінде жалпы ғылыми диалектикалық әдіс құрайды.

Зерттеуді жүргізу кезінде келесі ғылыми әдістер қолданылды: формальды-логикалық, тарихи-құқықтық, жүйелі-талдаушылық, салыстырмалы-құқықтық және нақтылы-әлеуметтік.

Формальды-логикалық әдіс құқықтық нормалар мен ұлттық құқықтың ішкі құрылымын зерттеуге, түпнұсқаларды талдауға (құқық формаларын), нормативті материалдарды жүйелеу әдісіне негізделеді. Автор Қазақстан заңнамаларына дәстүрлі және балама энергияны пайдалану бойынша қатынастарды реттейтін нормаларды анықтау жағынан алып қарағанда терең талдау жасады.

Зерттеудің нәтижесі жаңартылатын энергия көздерінің дамуының және энергияны үнемдеу деңгейінің жеткіліксіз құқықтық қамтамасыз етілгені туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Тарихи-құқықтық әдіс сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге көшу процессін (дәстүрлі және балама энергетика объектілерін пайдалану саласындағы қатынастарды бекітетін және реттейтін нормалар мен институттардың жетілдірілуі) белгілі бір уақыт кезеңін есепке ала отырып анықтауға мүмкіндік берді.

Жүйелік-талдаушылық әдіс түрлі құқықтық құбылыстардың, мысалы, дәстүрлі және балама энергияны пайдалану бойынша қатынастарды реттейтін нормаларды жүйелеуді, жаңартылатын энергия көздерінің түрлерін жіктеуді құрастыруды жүйелеу үшін мүмкіндіктер ашады.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс. Жаһандану жағдайында, кірігу процесстері заңды түрде күшейе беретін кезде салыстырмалы-құқықтық әдістің рөлі арта түседі, оның объектісі түрлі мемлекеттердің ұқсас болып келетін мемлекеттік- құқықтық институттары болып табылады. Логикалық жағынан алып қарағанда аталған әдіс құқық институттарымен кезеңдеп танысып, оларды салыстыруға негізделеді. Қазіргі таңда, Қазақстанда құқықтық реформалар қажеттігі пайда болғанда бұл әдістің маңызы арта түседі. Дәстүрлі және балама энергетика объектілерін пайдалануды құқықтық реттеу саласындағы құқықтық институттардың артықшылықтары мен кемшіліктерін оларды өзге мемлекеттердің осыған ұқсас институттарымен салыстырусыз анықтау қиын болады.

Нақтылы әлеуметтік-әдіс энергетикалық кәсіпорындарының мамандары мен басшылары, сондай-ақ дайын өнімді тұтынушылар арасында дәстүрлі және балама энергетиканы дамытуды жүзеге асырудың оң және теріс жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің нормативтік негізін ҚР қолданыстағы заңнамалары, халықаралық шарттар мен стандарттар, халықаралық ұйымдар актілері, ұжымдық шарттар, әлеуметтік әріптестік туралы шарттар ережелері құрайды. Автор диссертацияны әзірлеу кезінде ҚР Конституциясының, заңнамалары мен заңға тәуелді актілерінің, ҚР ратификациялаған халықаралық шарттардың, бірнеше шет елдердің энергетикалық заңнамаларын пайдаланды (ЕЭО, ЭЫДҰ).

Диссертациялық зерттеудің теориялық негізін құқықтанушы ғалымдардың дәстүрлі және балама энергетиканың дамуын құқықтық реттеуді түсіну бойынша көзқарастары мен ғылыми тұжырымдамалары, сондай-ақ экологиялық және энергетикалық құқықтың өзге де құқықтық санаттары құрады. Жұмысты жазу барысында ҚР Конституциясы, экологиялық, энергетикалық, жер, су заңнамалары, сондай-ақ ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері, оның ішінде құқықтық реттеудің ұқсас салаларын қамтитын заңға тәуелді актілер, қарастырылатын мәселені регламенттейтін халықаралық-құқықтық құжаттар пайдаланылды.

Монографиялық және диссертациялық материалды зерттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының қорлары, Ресей мемлекеттік кітапханасының, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми порталының, Thomson Reuters халықаралық мәліметтер базасының қорлары пайдаланылды.

Зерттеудің эмпирикалық негіздері. Диссертациялық зерттеудің негізін құрайтын материалдар қарастырылған сала мамандарынан интервью алу нәтижелері бойынша алынды. Жүргізілген зерттеу барысында түрлі ведомстволардың 75-тен астам тәжірибеде жұмыс істейтін қызметкерлерінен, ғалым-құқықтанушыларынан сауалнама алынды.

Сонымен қатар мемлекеттік органдардың статистикалық мәліметтері, сондай-ақ қарастырылған мәселе бойынша теориялық және ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған, ғылыми жарияланымдар құрамында берілген, диссертацияларда, монографияларда, ғылыми және ғылыми-тәжірибелік мақалаларда берілген туыстас және ұқсас салалар бойынша материалдар пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін тұңғыш рет кешенді зерттеу болып табылатындығында.

Автор қазіргі заманғы энергетикалық қатынастарды негізге ала отырып Қазақстанның энергетикалық құқығының қазіргі заманғы тұжырымдамасын құрастыру әрекетін жасады. Тұңғыш рет диссертациялық деңгейде қолданыстағы заңнамалар мен құқықты қолдану тәжірибесін есепке ала отырып Қазақстан Республикасының Энергетикалық кодексін құрастырудың бұдан арғы болашағы туралы ғылыми негізделген ұсыныстар жасалынды.

Ғылыми жаңашылдығы атом электр станцияларын, шағын гидроэлектр станцияларын, биогаз қондырғыларын, жел электр станцияларын салу, орналастыру және пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғауға қатысты эколого-энергетикалық заңнамаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар құрастырудан, сондай-ақ Қазақстан Республикасында дәстүрлі және балама энергетиканы дамыту бойынша іс-шаралар кешенін құрастырудан тұрады.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін жүзеге асыру дәстүрлі және жаңартылатын энергетика қорларын пайдалануды қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғауды, халқының өмірі мен денсаулығын қорғауды, энергия мен қорларды үнемдеу бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін болады. Осы себепті де жұмыс ұлттық көлемдегі маңызға ие болады. Оған қоса осы ғылыми зерттеудің маңыздылығы жаңартылатын энергетика саласының маңыздылығымен анықталады, ол қазіргі таңда болашағы зор және инвестиция салу жағынан энергетика саласының қызығушылық тудырғыш бағыты болып табылады, демек, бұл жұмыс халықаралық көлемде де үлкен маңызға ие болады.

Диссертацияның қорғауға шығарылатын негізгі ережелері. Құқықтық доктринада, қолданыстағы халықаралық актілерде және нормативтік- құқықтық актілерде қалыптасқан ғалымдардың түрлі көзқарастарымен танысу негізінде автор келесі қорытындыларға келеді:

1. Доктриналық және нормативтік - құқықтық көздерге жасалған талдау энергетикалық құқық, энергетикалық қатынастар және эколого-энергетикалық қауіпсіздік ұғымдарына авторлық анықтамалар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Энергетикалық құқық - энергетикалық қорлардың өндірісі мен пайдаланылуын, энергетикалық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін және экономика жүйесінде энергетикалық нарықтың қызмет етуінің өндірісі мен пайдаланылуына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесі ретінде көрініс табатын құқықтың кешенді саласы.

- Энергетикалық құқықтың кешенді сипаты мен табиғаты негізделген, себебі оның пәні энергетикалық қорларды өндіру, бөлу, тұтыну және басқарудың бірыңғай жүйесінің шеңберінде қалыптасады, оларды реттейтін құқықтық нормалардың тек жария немесе тек дербес құқық саласына ғана қатыстылығы ретінде анықталуы да мүмкін емес.

- Энергетикалық құқықтың пәні энергетикалық қатынастар болып табылады, ол энергетикалық қорларды пайдалану және өндірумен байланысты энергетикалық нарық субъектілерінің экономикалық қызметі барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастар ретінде түсіндіріледі.

- Энергетикалық құқықтың әдісі императивті және диспозитивті құқықтық реттеу әдістерін, жария құқық пен дербес құқықтық бастамалар әдістерін үйлестіру болып табылады.

- Энергетикалық қауіпсіздік - тұрғындардың, әлеуметтік-мәдени маңызы бар объектілердің, өнеркәсіптің және көліктің ұзақ мерзімдік қалыпты және төтенше жағдайлар кезеңінде қоршаған ортаны қорғау мен өнеркәсіп қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі жағдайында қорғалуы.

- Эколого-энергетикалық қауіпсіздік - қоршаған орта мен энергетикалық инфрақұрылымның қорғалуы жағдайын, эколого-энергетикалық қатынастар субъектілерінің және экономика салалары мүдделерінің келісіміне қол жеткізілуін, экологиялық жүйенің оптималды жағдайын қолдау бойынша нәтижелі қызмет етуді және тұлға мен қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін институттар мен жағдайлар жүйесі. Сонымен, эколого-энергетикалық қауіпсіздікке қол жеткізу экологиялық дамудың, тұрғындардың әлеуметтік игілігінің және экологиялық тұрақтылықтың тепе-теңдігіне қол жеткізу қабілеттілігін қарастырады. Бұл ұғым қоғам мен мемлекеттің өмір сүру қызметінің экологиялық және энергетикалық бірлесе әрекет етуі мен өзара кірігуінің нәтижесі болып табылады.

2. Диссертацияда дәстүрлі және баламалы энергетиканың дамуы мен пайдаланылуын реттейтін заңнамалардың ұғымдық аппаратына терең талдау жасалынған. Құқықтық актілерде кездесетін санаттардың салааралық сипатын мұқият зерттеу келесі ұғымдарға авторлық анықтамалар қалыптастыруға мүмкіндік берді:

- «биомасса - шығу тегі биологиялық болып табылатын массаның жиынтығы»;

- «биогаз - мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының органикалық қалдықтарының, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтардың қыздырылуының нәтижесінде алынатын газ»;

- «жел электростанциясы - жел энергиясын электр энергиясына айналдыруға мүмкіндік беретін түрлі құрылыстар мен құрыл-жабдықтар кешені»;

- «геотермалды энергия - жер қойнауындағы физико-химиялық процесстердің нәтижесінде радионуклеидтердің бөлінуі есебінен пайда болатын жылу энергиясы (жер қабатының, жер асты суының, өзендер мен су объектілерінің жылуы)»;

- «шағын гидроэнергетика-қуаттылығы отыз бес мегаваттқа дейін болып келетін электр энергиясы қондырғыларына арналған судың гидродинамикалық энергиясын электр энергиясына айналдыруға негізделген энергетика саласы;

- «күн электростанциясы - күн қызуы энергиясын электр энергиясына айналдыруға мүмкіндік беретін түрлі құрылыстар мен құрал-жабдықтар кешені».

3. Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде балама энергетика еліміздің энергия қажеттігін жеткілікті көлемде қамтамасыз ете алмайды. Сонымен қатар мұндай технологияларды енгізудің кейбір теріс факторлары да бар: лек тығыздығының шағындығы (үлес қуаты) мұндай энергия көздерінің уақыт көлемі ішінде өзгеріп отыратыны, мұның өзі олардың өздік құнының жоғары болуын негіздейді, дәстүрлі энергия қондырғыларымен салыстырғанда капитал құюдың үлес салмағы жоғары болады. Мұндай жағдайдан шығудың жолы дәстүрлі және балама энергетиканың оптималды тепе-теңдігін қалыптастыру және балама энергия көздерін дамытуды ғана емес, сонымен қатар энергия үнемдеуді дамытуды қарастыратын нормативтік-құқықтық қалыптастыру саясаты жүргізілуі тиіс.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік энергетикалық саясаттың негіздерін қалыптастыратын және экологиялық қауіпсіздік талаптары мен дәстүрлі және жаңартылатын энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз ететін бірыңғай стратегиялық құжат жоқ. Соған байланысты Қазақстан Республикасының эколого-энергетикалық қауіпсіздігі Доктринасын құрастыру және қабылдау қажеттігі негізделген:

- елдің отын-энергетика кешенінің ұсыныстарды қамтамасыз ету мүмкіндігі және қабілеттілігі;

- отын-энергетика кешені мен энергетика жүйесінің тұрақтылығы;

- энергетикалық қорлардың экономикалық қол жетімділігі.

Энергетиканың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік энергетикалық саясаттың негізгі мақсаты қоршаған ортаға ластаушы зиянды қалдықтар тастаудың көлемін төмендету және паринктік газдар эмиссиясы, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының пайда болуын қысқарту арқылы отын-энергетика кешенінің қоршаған орта мен табиғатқа жүк түсіруін тұрақты түрде кезеңдеп шектеу болып табылады.

4. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың құқықтық режимінің ерекшеліктері бірнеше тиісті актілерден: ҚР Экологиялық кодексінен, ҚР Су кодексінен және ҚР «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңынан көрініс таппаған. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды реттейтін ҚР «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңында күн энергиясы мен шағын гидроэнергетиканы пайдалану мәселелерін реттейтін нормалар жоқ.

Дәстүрлі энергетиканы құқықтық реттеу де тиісті деңгейде жүргізілмейді. Энергетика туралы заңнамада энергетикалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы нормалары жеткілікті түрде берілмеген. Осы саладағы бәсекеге қабілетті технологияларды жеделдете дамытудың шарттары мен тетіктерін құрастыруға бағытталған энергетикалық қорларды, атап айтқанда балама энергетиканы құқықтық реттеу саласында заң жобаларын құрастыру негізделген.

Энергия көздерінің көп түрлілігі мен оларды пайдалану ерекшеліктері ҚР Экологиялық кодексінен, ҚР Су кодексінен және ҚР «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңынан құқықтық көрініс табуы тиіс. Осы мақсатпен Қазақстан заңнамаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар құрастырылған. Тиісті заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы талқылауға ұсынылады (*Салыстырма кесте қосымша А*).

5. Диссертацияда қазіргі таңда ғылыми әдебиеттер мен заңнамаларда энергия көздерін баламалық, дәстүрлілік, сарқылмайтындық және жаңарушылық белгілері бойынша айқын жіктеулер келтірілмегені және оның өзі мемлекеттік бағдарламалар мен энергетиканың белгілі бір салаларын ынталандыру және аталған сала бойынша мемлекеттік стратегияны ұйымдық жағынан қайта құрастыру кезінде қарама-қайшылықтарға алып келетіні көрсетілген.

Автор өзінің шарттылық сипатына қарамастан заңнамалық және әкімшілік деңгейлерде балама энергия көздерін пайдаланатын субъектілерді ынталандыру және тұрақты даму тұжырымдамасын іс-жүзінде жүзеге асыру бойынша мәселелерді неғұрлым нақты шешуге мүмкіндік беретін энергия көздерінің бірыңғай жіктелуін құрастырды.

Табиғат қорларын сарқыллатын және сарқылмайтын деп бөліп қарастыру қажет (соңғысына негізінен су және климаттық ресурстар жатады). Өз кезегінде сарқыллатын қорларды жаңартылатын (өсімдік және жануарлар әлемінің өнімдері) және жаңартылмайтын (минералдық қорлар және т.б.) деп бөліп қарастыру қажет. Жаңартылатын қорлар-бұл тұтыну мақсатымен жартылай алынғаннан кейін өзін-өзі қалпына келтіруге қабілетті табиғат қорлары.

Энергияның дәстүрлі көздеріне қазіргі таңда әлемдік энергетикалық тепе-теңдікте үстемдік құрып келе жатқан мұнай, табиғи газ, тас көмір және олардан алынатын өнімдерді, ал дәстүрлі емес көздерге (немесе басқаша айтар болсақ «балама») әзірге халық шаруашылығында көптеп қолданылмай келе жатқан энергия көздерін жатқызуға болады.

6. Энергетикалық нарықтардың нәтижелі қызмет етуі үшін цифровизациялау процесстері үлкен маңызға ие болады. ҚР қолданыстағы заңнамаларында энергетика саласында цифрлық технологияларды пайдалануды реттейтін нормалар іс-жүзінде жоқ. Соған байланысты энергетикалық жүйелер мен энергетика объектілерінің қызмет етуі кезінде цифрлық технологияларды пайдаланудың тәртібін анықтап беретін құқықтық база құрастыру ұсынылады.

7. Қазақстандағы энергетикалық қатынастардың қазіргі жағдайы Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуін есепке ала отырып энергияның әртүрлі түрлерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету және энергетикалық

қатынастарды заңнамалық реттелуін жүйелеуді қамтамасыз ету мақсатымен ҚР энергетикалық кодексін құрастыру мен қабылдау қажеттіктерін негіздейді.

Бұл кодификациялық акт энергетикалық жүйелерді, өнеркәсіптің отын саласын және отынсыз энергетиканың қызмет етуін реттейтін тар ведомстволық акт емес, энергетикалық қатынастардың кешенді құқықтық реттелуін қамтамасыз етуі тиіс маңызды салааралық заң актісі болуы тиіс. Бірыңғай жүйеге қалыптасқан және қалыптасып келе жатқан энергетикалық қатынастардың барлық түрлерін үйлесімді кіріктіру, елдің бірыңғай отын-энергетика кешені мен балама энергетиканы қалыптастыру мен дамытуға ықпал ететін бастапқы нормалары бар және энергетиканы реттеудің қажетті деңгейі мен негізгі параметрлері анықталуы тиіс.

Энергетикалық кодекс энергетикалық қатынастарды реттеудің маңызды құралы болуы керек және конституциялық, кәсіпкерлік, азаматтық, экологиялық, әкімшілік, еңбек, қаржы, салық заңнамаларымен, жер қойнауын пайдалану туралы заңнамамен, кеден заңнамаларымен бір қатарда энергетикалық заңнамалар жүйесін қалыптастырылуымен аяқталуы тиіс.

Энергетикалық кодексте ОЭК ұйымдарымен және энергия қорлары мен энергия қызметін жекелеме пайдаланушылар қызметімен байланысты қалыптасатын нарықтық қатынастар, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдардың түрлі меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қатынасымен байланысты қалыптасатын экономиканың, саясаттың және құқықтың ерекше бірлесе әрекет етуінен тұратын энергетика кәсіпорындарының қызмет етуінің ерекшеліктері көрініс табуы тиіс болады.

Энергетикалық кодекстің немесе жаңа жинақтаушы актінің құқықтық реттеу пәні отын энергетика кешені мен отындық емес энергетиканың ұйымдастырылуы мен қызмет етуі саласында бірыңғай мемлекеттік саясаттың негіздері, құқықтық, ұйымдық және экономикалық негіздері мен принциптері жатуы және мемлекеттік билік пен басқару органдарының тиісті өкілеттіктерінің белгіленуі, өркениетті энергетикалық нарыққалыптастырудың құқықтық шарттарын құрастыру (нарықтық инфрақұрылым) және оның субъектілерінің арасында және нарықтық қарым-қатынастарды реттеуші ретінде мемлекет арасында экономикалық қарым-қатынастарда кемсітушіліктің болмауы керек.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеудің теориялық маңыздылығы оның ережелері өз жиынтығында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін тұтасымен ұғынуды қалыптастыратындығынан тұрады.

Зерттеу нәтижесінде құрастырылған қорытындылар энергетикалық құқық және экологиялық құқық ғылымдарын толықтырады және дамыта түседі.

Теориялық ережелер мен қорытындылар «Энергетикалық құқық» және «Экологиялық құқық» оқу пәндерін оқыту үшін оқу процессінде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы энергетикалық және экологиялық құқықтың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Бұл жұмыстың маңыздылығы оның нәтижелерін тәжірибелік қызметкерлердің біліктілігін

арттыру курстарында, магистратура мен докторантурада пайдалану мүмкіндігінің бар екендігінде, сондай-ақ оқу және тәжірибелік құралдар әзірлеу, зерттеу тақырыбы бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулықтар құрастыру кезінде жаңа ғылыми зерттеулер жүргізу мен ғылыми пікірталастар жүргізу үшін негіз бола алатын мүмкіндіктерінен тұрады. Осы зерттеудің нәтижелері мемлекеттік органдардың құқық шығармашылық және құқықты қолдану қызметінде, қолданыстағы заңнамаларды одан әрі дамыту мен жетілдіруде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерін тексеруден өткізу. Диссертация Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасында орындалған және рецензиялау мен талқылау жүргізілген. Диссертацияның жекелеме ережелері «Экологиялық құқық» пәні бойынша академиялық топтармен педагогикалық тәжірибе өткізу барысында жүргізілген сабақтарда көрініс тапты (оқу процессіне енгізілді).

Диссертация тақырыбы бойынша 13 ғылыми мақалала жарияланды, оның ішінде ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынған журналдарында 4 мақала, шетелдік ғылыми басылымдарда 4 мақала, Халықаралық «КазГЮИУ Хабаршысы» журналында 3 мақала және «Scopus» компаниясының мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымдарда 1 мақала және Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Ресми интернет-ресурс сайтында 1 мақала жарық көрді.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі оның ішкі логикасы арқылы анықталады, диссертацияның мақсаттары мен міндеттері арқылы негізделеді.

Зерттеу кіріспеден, үш тараудан, сегіз бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1. ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Энергетикалық құқық ұғымы, пәні, әдісі, жүйесі және ғылымы

Энергетика саласында қалыптасқан қоғамдық қатынастарды ғылымда энергетикалық қатынастар деп белгілеу қабылданған. Энергетикалық қатынастарды реттейтін нормалар қазіргі таңда өзінің құрамы бойынша біртұтас, бірақ өзінің мазмұны бойынша біртектес емес болып келетін энергетикалық құқық деп аталатын жүйені құрайды.

Энергияның, энергетиканың және соның салдары ретіндегі осы саланы құқықтық реттеудің рөлі мен маңызы ХХ ғасырдың соңында құқықтық ғылыми зерттеулердің ерекше бағыты энергетикалық құқықтың пайда болуына себепші болды. Қазіргі таңда осы зерттеулер мен дамып келе жатқан заңнамалар құқықтың іргелі (дәстүрлі) салаларынан алынған шартты түрде дербес, кешенді, кіріктірілген, салалық құқықтық нормалар тобының (құқықтық актілер мен құқықтық институттардың) пайда болуы, қалыптасуы мен дамуына негіз болды. Бұл топтаманыда энергетикалық құқық деп атауға болады [39, с. 5].

Құқықтың энергетикалық саласының қалыптасуына 1973-1974 жылдардағы энергетикалық дағдарыс ықпал етті, соның салдарынан мемлекеттер энергетикалық ынтымақтастық саласында бірлесе әрекет етуді құқықтық рәсімдеуді жүзеге асыра бастады [40, с. 62].

Әлемдік экономиканың энергетикалық нарықтарындағы дағдарыстар халықаралық және ұлттық деңгейлерде энергетикалық құқықтың қалыптасуы мен дамуына ықпал етті. Энергетикалық қорлар нарығындағы ұсыныс пен сұраныстың тепе-теңдігіне келісім алудың әмбебап жүйесін құру қажеттілігі мемлекеттердің жалпы стандарттары мен энергетикалық инфрақұрылымды реттеу құралдарын құқықтық бекітудің жолдарын іздестіруіне түрткі болды.

О.А. Городовтың пікірінше құқықтың кез-келген саласының маңызды сипаттамасы әдетте оның атауы бойынша тиісті саланың атауы анықталатын қоғамдық қатынастардың пәндік саласы деп танылады. Бұл жағынан алып қарағанда тұтас құрылым ретінде қалыптасуын өткен ғасырдың соңына жатқызуға болатын энергетикалық құқықтың қалыптасуы да осыған сәйкес келеді. Дәл сол кезеңде энергетика саласы және онымен байланысты қатынастар теориялық, тәжірибелік құқықтану тарапынан ерекше көңіл аударуды талап ете бастады. Мұндай назар аудару ең алдымен өз кезегінде өндірістегі барлық ірі ғылыми -техникалық алға басушылық тәуелді болып келетін экономиканың энергетикалық базасын кеңейту мен қайта құру бойынша қатынастарды құқықтық регламенттеу қажеттілігінің пайда болуымен негізделеді [41, с. 26].

А.Г. Лисицын-Светланов атап көрсеткендей, энергетикалық құқық - бұл құқықтың қалыптасқан саласы, алайда оның отандық құқықтық жүйе үшін салыстырмалы түрдегі жаңалығы, реттеуді талап ететін қатынастардың кешенді сипаты және мемлекет үшін маңыздылығы сияқты объективті факторлар құқықтың бұл саласын барлық бағыттар бойынша-заңнамалық деңгейде,

құқықты қолдануда, доктриналық деңгейде және құқықтану бойынша оқу процессінде дамыту міндетін қояды [42, с. 25].

Қазақстандық ғылымда қазіргі таңда энергетикалық құқық ұғымы жеткілікті деңгейде жаңа ұғым және сонымен қатар тұтас алғандағы экономиканың тұрақты дамуының ажырамас шарты болып табылады.

Кең көлемдегі мағынада энергетикалық құқық деп тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатымен энергетикалық қорларды өндірушілер, тұтынушылар және транзиттік елдер мүдделерін есепке алу негізінде энергетикалық саладағы халықаралық құқық субъектілерінің қатынастарын реттейтін құқықтық нормалар мен қағидаларының жиынтығын айтады, бұдан әрі осы ойды дамыта келе В.Ф. Яковлев өзінің тар мағынасында энергетикалық құқық энергияның бастапқы көздерін пайдалануды реттейтін нормативтік актілер жиынтығы түрінде көрініс табады деп түсіндіреді [43 с. 28].

Заң ғылымдарында энергетикалық құқық пәні туралы бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. Мысалы, В. Ф. Попондопуло энергетикалық құқық азаматтық құқық институттарының бірі ретінде «энергетика саласында қатысушылардың өзара теңдік, ерік автономиясы және мүліктік дербестігіне негізделген қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ олардың қатысуымен жүзеге асырылатын (энергетикалық қатынастар) мүліктік және онымен байланысты жеке мүліктік емес қатынастарды» реттейді деп көрсетеді [44, с. 215-217].

А. П. Вершинин, энергетикалық құқықты жария құқықтың бір бөлігі ретінде арнайы мағынада қарастыра отырып мынандай түсінік береді: «Энергетикалық құқық энергетика саласында экономикалық қызметті жүзеге асыру барысында және сонымен байланысты пайда болатын қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесі [45, с.243].

П. Г. Лахно «энергетикалық құқық кәсіпкерлік құқықтың саласы ретінде өте қызықты және сонымен қатар күрделі материя түрінде болып келеді» деп түсінік береді [30, с. 43].

С.С.Силиверстов Энергетикалық Хартияға қосымша шартта көрсетілген энергетикалық саланың шаруашылық қызметі ұғымына сүйене отырып энергетикалық құқықтың пәнін неғұрлым анық көрсетеді. Оның пікірінше, «энергетикалық құқықтың пәні энергетикалық қорларды барлау, алу, өндіру, өңдеу, сақтау, тасымалдау, бөлу, сату және тұтынумен байланысты дербес және жария құқықтың субъектілерінің шаруашылық, инвестициялық және реттеушілік қызметінің барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастар болып табылады»[24, с. 266-280].

Энергетикалық құқықтың пәнін осылайша ұғыну, біздің пікірімізше, энергетикалық қатынастардың күрделі құқықтық табиғатын неғұрлым толық ашып көрсететеді.

Энергетикалық құқық нормаларымен реттелетін қатынастар оның ішінде энергетикалық қорларды іздестіру, алу, өңдеу, жеткізіп беру, сақтау, тасымалдау, энергетикалық объектілерді жобалау мен салудан, инновациялық қызметтен, энергетикалық және өнеркәсіп қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуінен, терроризмге қарсы қорғалуынан пайда болатын қатынастарды қамтитын энергетикалық құқық нормаларымен реттелетін қатынастар болып табылады.

Бұл қатынастар ішкі нарықтарда да, сондай-ақ сыртқы экономикалық келісімдер жасау кезінде де пайда болады [46, с. 656].

Біздің пікірімізше бұл анықтамада реттеудің екі деңгейін бөліп көрсетуге болады: ұлттық және халықаралық, олар өзара бір-біріне кірігушілік және өзара ықпал етушілік жағдайында болады.

О.А. Городовтың пікірінше, энергетикалық құқықтың пәндік саласын энергетикалық қорлардың әр түрлі түрлерін өндіру (алу), өңдеу, беру, сату және пайдаланумен, сондай-ақ оларды үнемдеумен, сақтаумен байланысты қалыптасатын қоғамдық қатынастардың жиынтығын құрастырады [41, с. 26].

Өз кезегінде энергетикалық қорлар ғылымда табиғи-әлеуметтік жүйе ретінде қарастырылады, ол әдетте екі жақты орындаушы рөлін атқарады: шаруашылық қызмет объектісі ретінде және экожүйенің орынын алмастыру мүмкін емес құрамдас бөлігі ретінде. Бұл жағынан алып қарағанда энергетикалық қорлар үнемі сату-сатып алу пәні ретінде қарастырылып келді және өздеріне халықаралық сауда құқығының қағидаларын қолдануды талап етті [40, с. 52-62].

Энергетикалық Хартияға қосымша шартта «энергетика саласындағы шаруашылық қызмет» деп құрлықта барлау, алу, өңдеу, өндіру, сақтау, тасымалдау, көптеген тұтынушыларға жылу беруге қатысты немесе энергетикалық материалдарды беру, бөлу, сату-сатып алу, өткізуге қатысты қызметтерін ұғынады [47, с. 70].

Ағылшын құқықтық жүйесі энергетиканы құқықтық реттеу саласын бұрыннан бері «International Law of Energy and Raw Materials», демек, энергетикалық және шикізат қорларының халықаралық құқығы деп атайды [48, P. 220].

В.Ф. Попондопуло энергетикалық құқық, энергетикалық заңнамалар мәселелерін зерттей келе энергетикалық қатынастарды электр энергиясы мен оның өзге де түрлерін қоса есептегендегі энергия өндірісі, берілуі және тұтынылуы бойынша қатынастарды энергетикалық қатынастар деп анықтайды [26, с. 205].

Осы көзқарастардан көріп отырғанымыздай, олардың ортақ белгісі энергетикалық қорларды пайдаланудың әртүрлі түрлері мен әдістерін ортақтандырудан тұратынындығына көз жеткізуге болады.

Энергетика саласында қалыптасатын қоғамдық қатынастар тобы энергетикалық құқықтың пәнін құрайтыны маңызды, бірақ бірден-бір құрал емес болып табылады. Аталған топқа энергияның әртүрлі түрлерін өндіруді ұйымдық және қорлық қамтамасыз етумен, оны өңдеумен, берумен, пайдаланумен, сатумен байланысты пайда болатын қатынастардың өзге де топтары кіреді. Олардың ішінде энергетикаға инвестиция салумен, энергетика кәсіпорындарының қызметін ұйымдастыруға қойылатын экологиялық талаптармен, сыртқы экономикалық қызметпен, энергетика саласындағы халықаралық ынтымақтастықпен, энергетика саласында қолданылатын монополияларға қарсы іс-шаралармен, энергетика саласының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, энергияны үнемдеумен байланысты қатынастарды атап көрсетуге болады. Бұл жерде аталған топтар көп жағдайларда дербес құқықтық

бірліктер құрайды, мысалы, инвестициялық құқық, экологиялық құқық, бәсекелестік құқық энергетикалық қатынастар кешеніне тек энергетикалық болып табылатын объективтік белгілері бойынша жартылай енеді [41, с. 26].

Энергетикалық құқық ұғымы мен пәні бойынша қарастырылған анықтамаларды қорытындылай келе, энергетикалық құқық-отын-энергетика кешені мен отындық емес балама энергетиканың қызметін ұйымдастыру саласында пайда болатын қатынастарды құқықтық реттеудің ерекше көрінісі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Оның ерекшелігі мен күрделілігі энергетикалық қатынастарды реттеудің жария құқықтық және дербес құқықтық әдістерінің тығыз диалектикалық үйлестірілуінде болып табылады. Соңғысы ел ішінде де (өңірлік деңгейде) және халықаралық деңгейде де энергетика саласындағы қатынастардың қалыптасуы мен дамуы реттелетін саясаттың, экономиканың, құқықтың өзара ара-қатынасының классикалық үлгісі болып табылады [1, с.109-116].

Энергетикалық құқықтың пәнін қарастыра келе халықаралық құқық ғылымында кеңінен таралған «энергетикалық құқықтық тәртіп» ұғымын атай кету қажет.

Қазіргі энергетикалық құқықтық тәртіптің қамтамасыз етілуінің негізін халықаралық құқық және энергия қорларын өндіру, алу, тасымалдау, қайта өңдеу және өткізу салаларындағы құқықтық қатынастар құрайды, олардың бақылаусыз өндірілуі мен тұтынылуын болдырмауы әлемдік тәртіптің құрамдас бөлігі ретіндегі халықаралық құқықтық тәртіптің өзінің сақталуымен жеткілікті деңгейде тығыз байланысты болып келеді [40, с. 52].

Әлбетте энергетикалық құқықтық тәртіп халықаралық құқықтық шарттардан іс-жүзінде тиісті деңгейде көрініс табуға қол жеткізе алмағанын атап өтуіміз қажет [49, с. 320-326].

Сол себеппен де қалыптасқан әлемдік тәртіп шеңберіндегі және қолданыстағы нормативтік-құқықтық база негізіндегі энергетикалық құқықтық тәртіп туралы айта келе оның құқықтық жағынан қалыптаспағаны және оны қолдаудың құқықтық регламенттелу тетіктері қалыптаспаған [40, с. 59].

Г.Б. Телеуев энергетикалық құқығы дегеніміз шаруашылық қызметті жүзеге асыруда экологиялық талаптарды сақтай отырып экономиканы дамыту мен энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мақсат ететін кешенді құқық саласы. Ал жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамыту қатынастарын реттейтін құқық нормаларының жиынтығы энергетикалық құқықтың жеке институты болып табылады. [18, б. 12].

Біздің ұсынысымыз бойынша, энергетикалық құқық ұғымына энергетикалық қорлардың өндірісі мен пайдаланылуын нақты атап көрсету, энергетикалық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін және экономика жүйесінде энергетикалық нарықтың қызмет етуінің өндірісі мен пайдаланылуына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесі ретінде көрініс табатын құқықтың кешенді саласы ретіндегі айырмашылықтағы анықтама беріледі.

Келтірілген көзқарастардан байқағанымыздай, энергетикалық құқықтық тәртіп энергетикалық қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған

энергетикалық қатынастар субъектілерінің үйлесімділік пен тепе-теңдік жағдайына ұмтылыстары қол жетілмейтін мақсат сияқты болып көрініс береді.

Құқықтық реттеу пәнімен қатар, құқық саласының болуын анықтайтын тағы бір маңызды элемент - бұл құқықтық реттеу әдісі.

Энергетикалық қатынастардың күрделі құқықтық табиғатын есепке алатын болсақ бұл жерде түрлі әдістерді үйлестіру туралы айту орынды.

Өзінің құқықтық табиғаты бойынша әр түрлі болып келетін (дербес құқықтық және жария құқықтық) энергетикалық құқықтың пәнін құрайтын қатынастар құқықтық реттеудің де тиісті әдістерін қолдануды қажет етеді [12, с. 14].

Энергетикалық құқықта билік пен бағына бастаулары негізінде қалыптасатын елеулі көлемдегі қатынастар тобы әрекет етеді. Бұл ең алдымен энергетика саласын басқару мен бақылау бойынша, энергетикадағы бағаларды (тарифтерді) мемлекеттік реттеу жөніндегі қатынастар, энергетика және оның технологиялық инфрақұрылымындағы техникалық реттеу және қадағалау жөніндегі қатынастар, энергетикалық қауіпсіздік саласындағы қатынастар.

Тараптардың теңдігі және мүліктік дербестігі бастаулары негізінде қалыптасатын қатынастарға, ең алдымен, энергетикалық қорларды беру мен пайдалануға байланысты шарттардан туындайтын қатынастар кіреді.

Энергетика саласындағы шарттық реттеудің ерекшелігі энергетиканың көптеген салаларындағы шарттық қатынастарға мемлекеттің үлкен ықпал ететіндігінде. Бұл ең алдымен электр энергетикасы мен жылумен қамтамасыз ету салаларын шарттық реттеумен байланысты. Заң актілері мен заңға тәуелді нормативтік актілерде шартқа отыру тәртібіне, тараптардың құқықтары мен міндеттеріне, шартта елеулі шарттардың бекітілуіне қойылатын талаптар қарастырылады. Энергетикалық қорларды (тарифтерді), энергетикалық компаниялар көрсететін қызметтерді бағасын мемлекеттік реттелуін де есепке алмай болмайды [46, с.656].

Сонымен қатар П.Г.Лахно атап көрсеткендей, нақтылы өмірде таза түріндегі жария немесе дербес құқықтық қатынастарды табу өте қиын. Дегенмен де энергетикалық құқықта жария және дербес құқықтың шектерін қатаң түрде көрсету қажет болады. Неліктен? Себебі қоғамдық қатынастарды реттеудің бұл екі әр түрлі типі, өйткені жария және дербес құқық қоғамдық қатынастардың екі түрлі типін реттейді. Дербес құқық басқару мен бағыну болмайтын, теңдік пен бостандық қатынастары негізінде құрылатын көлденең қатынастарды реттейді. Жария құқық билік иесі ретіндегі мемлекеттің қатысуымен болатын қатынастарды реттейді-бұл тік қатынастар, билік ету мен бағыну қатынастары болып табылады. Мұндай қатынастарсыз қазіргі қоғам жұмыс істей алмайды. Энергетикалық құқықта елеулі көлемде дербес құқық-азаматтық құқық (корпоративтік құқық, меншік құқығы, шарттық-міндеттемелік құқық, зияткерлік меншік құқығы), еңбек құқығы және т.б. берілген. Екінші жағынан жария құқықта берілген. Дербес және жария құқықтың үйлесімді араласуы бұл құқық кешенінің ең басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады [50, с.488].

Соған байланысты энергетикалық құқықтың табиғатын билік пен бағыну қатынастарымен қатар теңдік пен бостандық қатынастары да бар кешенді құқықтық құрылым ретінде анықтау негізделеді.

А. М. Шафирдің анықтамасы бойынша, энергетикалық құқық - оның құрамына кіретін түрлі салалық жария және дербес құқықтық қатынастардың объективті түрде пайда болатын синергетикалық бірлесе әрекет етуінің мазмұнына қарай дербес сала [51, с.109].

Энергетикалық құқық - бұл энергетикалық қорлардың әр түрлі түрлерін өндіру (алу), қайта өңдеу, беру, сату және пайдаланумен, сондай-ақ оларды үнемдеумен байланысты қалыптасатын рұқсат ету, тиым салу және міндеттеуді кешенді пайдалану негізінде қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесі [41, с.32].

В. В. Романованың пікірінше, энергетикалық құқық энергетикалық қорлардың әр түрлі түрлерін өндіруге, алуға, жеткізіп беруге, өңдеуге, сақтауға және тасымалдауға байланысты, энергетикалық, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, терриоризмге қарсы қорғанумен байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастарды (дербес құқықтық және жария құқықтық) реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы ретінде анықталуы мүмкін [46, с. 11].

В.Ф. Яковлев атап көрсеткендей, «энергетикалық құқық - бұл нақтылық. Біздің бұл терминге қандай мағына беретініміз басқа әңгіме. Бұл не құқық саласы ма, әлде заңнаманың қосалқы саласы ма? Біз бұл сөз тіркесін ауыл шаруашылығы, көлік, өнеркәсіп құқықтары т.б. туралы айтқан кезде қандай мағынада қолданар болсақ сол мағынада қолданамыз деп ойлаймын. Шындығында, бұл жерде экономиканың осы аса маңызды саласын реттеуді қамтамасыз ететін нормалардың, заң актілерінің, құқық көздерінің жиынтығы туралы болып отыр» [52, с. 9].

Құқықтық доктринаға жасалынған талдау қазіргі таңда энергетикалық құқықты құқықтың кешенді саласы ретінде тану барынша кең таралымға ие болып келе жатыр.

Өздеріңізге белгілі, құқықтың кешенді салалары туралы ұғымды ғылыми пайдаланымға В. К. Райхер енгізген болатын, ол құқықты кешенді сала деп тану үшін ол үш шартқа жауап беруі қажет деп атап көрсетті, атап айтқанда [53, с. 189-190]:

- біріншіден, құқықтық нормалардың жиынтығы қоғамдық қатынастардың белгілі бір ерекше шеңберіне сәйкес болуы тиіс, яғни мағынада реттеудің біртұтас және дербес пәні болуы, демек, пәндік бірлігі болуы тиіс;
- екіншіден, осындай нормалар жиынтығымен реттелетін қатынастардың ерекше шеңберінің жеткілікті көлемде қоғамдық мәнге ие болуы керек;
- үшіншіден, осы жиынтықты құрайтын нормативтік-құқықтық материал жеткілікті көлемді болуы тиіс.

Құқық жүйесінде кешенді ортақ белгілердің болуы туралы теорияны С.С. Алексеев неғұрлым аяқталған түрде негіздеп берді және ол құқықтың кешенді салалары теориясының негізгі идеологтарының бірі ретінде танылған. Оның пікірінше, негізгі бөлімшелермен қатар кешенді сипаттағы бірліктер болады,

аталған салалардың нормалары реттеудің бірыңғай әдістерімен және тетіктерімен байланыстырылмаған, негізгі салалардың құрамына кіреді және бұл заңнамалардың кешенді салаларын ерекшелендірумен қатар жүргізіледі.

Кешенді (мамандандырылған) салалардың өмір сүруінің сыртқы көрінісі ерекшелендірілген арнайы нормалары, кейбір жалпы принциптері мен ережелері, реттеудің жекелеме ерекше әдістері бар ерекше нормативтік актілердің болуы болып табылады. Мұндай көзқарастарға негіз болатын ішкі мазмұны мен сыртқы көрінісінің бірлігі идеясы болып табылады, бұл атап айтқанда құқық жүйесі мен заңнамалар жүйесі. С.С. Алексеев осы жағынан алып қарағанда былай дейді «Құқық нормасы егер де оның құқықтың сыртқы формасы-заңнамалар жүйесімен, нормативтік актілердің ішкі бөлімшелерімен табиғи бірлігін көрмейтін болсақ жеткілікті деңгейде толық және дәлдікпен ашыла алмайды» [54, с. 24].

С.А. Алексеевтің құқықтың кешенді салалары теориясы құқық құрамында екінші дәрежелі кешенді құрылымдардың болу мүмкіндігін қарастырады. Мұндай ереже объектіге құрылымдық көзқарас философиялық негізден жалпылама туындайды. «Нақтылықта тек бір ғана нақтылы құрылыммен ғана байланысатын элемент болмайды. Элемент өз қырларының барлық жақтарымен бір мезетте бірнеше құрылымдарға кіреді және өзін түсіндіру кезінде осы құрылымдар арасындағы өзара байланыс ерекшеліктерін есепке алуды міндетті түрде талап ететін болады».

Мұнда құқықтық бірліктерге қатысты құрылымдар иерархиясының болуын біздің пікірімізше құқықтың құрылымына бір мезетте бірнеше жүйе құрушы факторлардың ықпал етуімен түсіндіруге болады, ол қоғамдық қатынастардың күрделілігі мен көп факторлылығымен байланысты болып келеді.

Жүйе құрушы факторлар олар қолданылатын жүйе үшін сыртқы болуы тиіс, осы жағдайға қатысты құқық арқылы реттелетін қоғамдық қатынастарды анықтайтын объективті белгілерге негізделуі тиіс. Жүйе құрушы факторлар оларға негізделген жүйе тек объективтіні ғана көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар объектінің тереңде жатқан елеулі белгілерін көрсете алатындай жеткілікті көлемде елеулі болуы тиіс.

С. С. Алексеев ең басты жүйе құрушы факторды бөліп көрсетеді, ол тиісті құрылымдық бірлікті нақтылы бөліп көрсету үшін негіз болады (сала, институттар т.б.). Қосымша жүйе құрушы факторлардың болуы да мүмкін, бірақ олардың негізінде екінші рет қабатталатын құрылымдар мен кешенді құқықтық ортақтық бөлектеніп тұрады.

А.М. Шафир атап көрсеткендей, энергетиканы өндіру мен бөлудің, оларды басқару мен тұтынудың бірыңғай қызмет ететін техникo-технологиялық және экономикалық өндіріс жүйесі ретінде бөлудің мүмкін еместігі – энергетикалық құқықтың кешенді саласының бірыңғай сипатының себептерінің бірі болып табылады. Жалпы теориялық жағынан алып қарағанда құқық салаларының кешенділігінің әр түрлі деңгейде болатынын айтуға болады. «Қарапайым» деңгейде кешенділік әр түрлі салалық нормалардың параллель өмір сүре отырып қарапайым бірлесе әрекет етуін айтуға болады.

«Синергетикалық» деңгейде саланың кешенділігі жаңа сапаға ие болады, ол бірігуге көшуі мүмкін және жаңа құқықтық нақтылықты құрайтын табиғи өзара үйлесімділік арқылы сипатталады және энергияны үнемдеу саласындағы қатынастар осындай кешенділіктің айқын дәлелі бола алады [51, с. 109].

Келтірілген ғылыми көзқарастар негізінде энергетикалық құқықтың кешенді сипаты мен табиғаты туралы қорытынды жасауға болады, себебі оның пәні энергетикалық қорларды бөлу, тұтыну және басқарудың бірыңғай жүйесі шеңберінде қалыптастырылады, оларды реттейтін құқықтық нормалардың қатыстылығы тек жария немесе тек дербес құқықтың пайдасына қарай анықталуы мүмкін болады.

Энергетикалық қатынастарды құқықтық рәсімдеу, олардың құқықтық табиғатын анықтау және құқықтық реттеудің тиісті деңгейін анықтауда энергетикалық құқық ғылымы үлкен маңызға ие болады.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей құқық жүйесінде құқықтың кешенді саласына жатқызылатын энергетикалық құқықтан айырмашылығы энергетикалық құқық ғылымы халық шаруашылығының энергетика саласының құқықтық ортақтандыру саласын қалыптастыру мен дамыту мәселелерін, заңнамалық ерекшеліктерін зерттеу арқылы теориялық білімдерді қалыптастыруға бағытталады. Энергетикалық құқықтың аталған салаларымен танысу жиынтығында энергетикалық құқық доктринасын құрайтын әр түрлі құқықтық моделдер, құрылымдар, қондырғылар мен теориялар құрастырумен тығыз байланысты болып келеді. Энергетикалық құқық ғылымын дамытудың маңызды сипаттамасы соңғысын экономикалық және техникалық ғылымдармен байланыстыру болып табылады [41, с.35-36].

Ресейлік авторлар энергетикалық құқық пен энергетикалық заңнамалардың келесі негізгі ғылыми-теориялық және тәжірибелік мәселелерін бөліп көрсетеді [1, с. 109-116]:

- ғылыми негізделген, энергетикалық құқық пен энергетикалық заңнамалар тұжырымдамасына қайшы келмейтін көзқарастарды қалыптастыру мақсатында энергетикалық қатынастарды құқықтық реттеудің теориялық және әдіснамалық жақтары, атап айтқанда: энергияның құқықтық реттеу объектісі ретінде түсінігі; энергетиканы табиғи мүмкіншіліктерді соңғы тұтыну өніміне айналдыратын жүйе ретінде түсіндіру; энергетикалық қатынастарды, олардың ерекшеліктерін тиісті саланы құқықтық реттеу пәні ретінде түсінігі; энергетикалық қатынастарды құқықтық реттеудің шектері; құқықтық реттеу әдістері; энергияның бастапқы көздері-минералдық табиғи энергетикалық қорлар және балама көздер ұғымы мен түрлері; энергетикалық заңнамалар ұғымы мен мазмұны, оның қызметі және әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы, сондай-ақ Энергетикалық кодексті немесе өзге де жинақтаушы, кешенді нормативтік құқықтық акт құрастыру мен қабылдау мүмкіндігі, сондай-ақ дамыту жағдайы мен болашағы (В.Ф. Яковлев, Ю.С. Шемшученко, Е.П. Губин, В.Ф. Попандопуло, П.Г. Лахно, Ш.М. Исмаилов, Ф.Ю. Зеккер, М. Шмит-Пройс және т.б.);

- энергетика саласын мемлекеттік реттеу, оның түрлері мен әдістері (В.Ф. Яковлев, Ю.С. Шемшученко, Е.П. Губин, А.И. Гриценко, И.А. Ларочки-на, В.Ю. Синюгин);

- энергетикалық нарықтардың экономикалық жағынан негізделген, тиімді, қарама-қайшылықтарсыз құқықтық құрылымын құру (Ф.Ю. Зеккер, П.Г. Лахно, Е.Ю. Суханова);

- энергияның үнемделуі мен энергияның тиімділігін құқықтық қамтамасыз ету (В.Ф. Яковлев, Г.Д. Джумагельдиева, П.Г. Лахно);

- отын-энергетика кешенінің, федералдық энергетикалық жүйелердің ұйымдастырылуы мен қызмет етуінің, ОЭК ұйымдық-басқарушылық құрылымдарын, ең алдымен тігінен кіріктірілген мұнай компанияларының, ОЭК орта және шағын кәсіпорындарын дамыту, ОЭК бірігу, қосылу, бөліну және өзге де кірігу процесстері, мұнайды, газды және мұнай өнімдерін магистралды құбырлар арқылы тасымалдау саласының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің құқықтық жағдайы мен құқықтық мәртебесін анықтау (В.Ю. Синюгин, Е.А. Гаврилина, Р.Н. Салиева, С.С. Селиверстов);

- субъектілер арасында шарттық қатынастарды дамыту, сондай-ақ ВИНК Ресей Федерациясының атқарушы билік органдарымен көп жақты шарттық қатынастарын дамыту (В.Ф. Яковлев, Е.А. Данилов, Р.Н. Салиева);

- «энергетикалық қызмет көрсету» сияқты шартты түрде жаңа құқықтық санаттың ұғымы мен мазмұнының теориялық жақтарын құрастыру (В.Ф. Яковлев, П.Г. Лахно);

- ОЭК-қа инвестициялық қызметтің, оның ішінде шет елдік инвестициялардың қызығушылық қалыптастыратын шарттарын құқықтық қамтамасыз ету, салық салу, кедендік реттеу, акциздік және өзге де фискалдық төлемдер жүйесін жетілдіру (А.П. Вершинин, А.В. Изотова, Е.А. Данилов, В.А. Крюков, Г.Д. Джумагельдиева);

- энергетикалық заңнамалардың тиісінше қолданылуын қамтамасыз ететін нақтылы құқықтық тетіктерді құрастыру, бекіту және нақтылы жүзеге асыру (В.Ф. Яковлев, Ф.Ю. Зеккер, А.И. Гриценко, В.Ю. Синюгин, О.В. Дмитриев);

- ОЭК субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың материалдық және процессуалдық ерекшеліктері (В.Ф. Яковлев, А.И. Гриценко, В.Ю. Синюгин, Е.А. Данилов, О.В. Дмитриев);

- жаратылыстану ғылымдарының қорытындыларына негізделген техникалық және технологиялық шарттарымен энергетикалық қатынастарды құқықтық реттеуді есепке алудан тұратын энергетикалық заңнамалардың ерекшеліктері (В.Ф. Яковлев, Ф.Ю. Зеккер, В.П. Камышанский, П.Г. Лахно).

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып энергетикалық құқық экономика жүйесінде энергетикалық қорлардың өндірісі мен пайдаланылуымен, энергетикалық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуімен және энергетикалық нарықтардың қызмет етуімен байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесі түрінде көрініс беретін құқықтың кешенді саласы ретінде анықталуы мүмкін.

Энергетикалық құқықтың кешенділік сипаты мен табиғаты негізделген, себебі оның пәні энергетикалық қорларды өндіру, бөлу, тұтыну және басқарудың бірыңғай жүйесі шеңберінде қалыптасады, оларды реттейтін құқықтық нормалардың қатыстылығы тек жария немесе тек дербес құқықтың пайдасына анықталуы мүмкін емес.

С.С. Алексеевтің кешенді құрылым - түрлі салалық нормалардың инкорпоративтік жиынтығы емес, ол құқықтық жағынан мазмұны бар құбылыс деген пікірімен келісуге болады.

Энергетикалық құқықтың пәні энергетикалық қатынастар болып табылады, ол энергетикалық нарық субъектілерінің энергетикалық қорларды өндіру мен пайдаланумен байланысты экономикалық қызметінің барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Энергетикалық құқықтың әдісі жария құқықтық және дербес құқықтық бастаулар негізінде императивтік және диспозитивтік құқықтық реттеу әдістерін үйлестіру әдісі болып табылады.

1.2 Эколого-энергетикалық қауіпсіздіктің теориялық негіздері

Дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің негіз құраушы факторы ретінде эколого-энергетикалық қауіпсіздік жүйесінің тұжырымдамалық негіздерін құрастыру мәселесі эколого-энергетикалық қауіпсіздік мәселесі жеткілікті көлемде ғылымда зерттелмеген және әдіснамалық жағынан құрастырылмағандықтан жеткілікті көлемде күрделі және көп қырлы болып көрінеді.

Эколого-энергетикалық қауіпсіздіктің негізін ашу үшін бастапқы ұғымдар «экологиялық қауіпсіздік», «энергетикалық қауіпсіздік» ұғымдары болып табылады, талданатын құбылыс осылардың қиылысында жатыр. Осының барлығының негізі - олардың екеуі үшін де ортақ туыс ұғым «ұлттық қауіпсіздік» ұғымы [55, с. 13].

Сондықтан да эколого-энергетикалық қауіпсіздік негіздерін жүйелі құрылым және кешенді құбылыс ретінде қарастырмастан бұрын ең алдымен қауіпсіздіктің жалпы ұғымын анықтау қажет, одан кейін оның құрылымдық бірліктері - энергетикалық және экологиялық қауіпсіздікті жеке-жеке, өзара байланыста және олардың эколого-энергетикалық қауіпсіздіктің жалпы жүйесінде алатын орынын қарастыруымыз қажет.

Қауіпсіздік табиғатын неғұрлым терең ұғыну үшін доктриналық көздерге жүгінеміз.

Қауіпсіздік жеке адам үшін де, адамдардың түрлі қауымдастықтары үшін де аса маңызды мақсат және іргелі қажеттілік болып табылады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қоғамның, мемлекеттің, отбасының, тұлғаның ең маңызды міндеті мен қызметі болып табылады [56, с. 21].

Кейбір авторлар «әлеуметтік қауіпсіздікке ұмтылу-еңбек ету қажеттілігін қалыптастырудың бастапқы себебі; ол барлық биологиялық жүйелерге тән, алайда тек адамдар ғана қатердің сипаты мен мазмұнын өзгерту мүмкіндігіне талдау жасай келе қатерден қорғайтын немесе оны жоюға бағытталатын еңбек қызметінің тиісті әдістері мен тәсілдерін таңдап алу мүмкіндігіне ие болады

және қажет болған жағдайда еңбек процесстерімен тікелей байланысты, оның алдын алудың принципті түрде жаңа тетіктерін ойлап таба алады. Адамның қауіпсіздігін жүзеге асыру тетіктері (қатерді қабылдау әдістері мен қорғануды қамтамасыз ету шаралары) әлеуметтікті биологиялықтан бөліп тұратын шекті анықтайды және қоғамдағы қауіпсіздікті әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде қабылдайтын болады. Кез-келген деңгейдегі әлеумет пен қоршаған орта арасындағы қатынас ретіндегі қауіпсіздік тарихи жағынан да, логикалық жағынан да әлеуметтік және экономикалық қатынастардың нақтылы жүйесін қалыптастыру кезінде бастапқы қатынас болып табылады» [57, с. 27].

Қауіпсіздікті бұлайша түсіну қауіпсіздіктің әлеуметтік қатынастар жүйесінде алатын орынын көрсете отырып осы кең көлемдегі ұғымның негізін ашып береді деп есептейміз.

С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде «қауіпсіздік» сөзі «қатер төнбейтін жағдай, қатерден қорғану жағдайы» деп көрсетілген [58, с. 29].

Мұндай анықтама зерттелетін ұғымды шектейді және оның тек бір жағын ғана көрсетеді деп есептейміз.

Автор Н.Т. Уранхаев осы көзқарасты қолдайды және «қауіпсіздік-қатердің болмауы, оның алдын алу, жою, барынша төмендету, объектінің оған зиян келтіруі немесе мүлдем жойып жіберуі мүмкін ішкі және сыртқы күштердің (факторлардың) ықпалынан қорғалуы» деп есептейді [59, с. 28].

«Қауіпсіздік» - бұл белгілі бір статикалық жағдай емес, ол ең алдымен жария билік құрылымдарының тиімсіз факторлардан қорғау бойынша қызметі, процесі [60, с. 16].

Қауіпсіздік тиісті жағдай ретінде белгілі бір әлеуметтік қауымдастыққа тән жағдай. Сондықтан да тұтас қоғамды қоса есептегендегі кез-келген деңгейдегі әлеуметтік қауымдастықтың ұйымдастырылуының, осы қауымдастықтың қауіпсіздік қызметін жүзеге асырудың, жүйенің тепе-теңдігінің маңызды белгілерін ұғыну қажет.

Ғалым В.К. Сенчаговтың «жүйе үнемі өзгеріп отырады, демек, түрлі кезеңдерде тепе-теңдік бұзылады, дисбаланс пайда болады. Жүйеде дисбаланстың пайда болуы оны тепе-теңдікке қайта әкелу үшін жаңадан күш жұмсау қажеттігін туындатады. Жүйенің тепе-теңдігі мен оның дисбалансы жүйені ұйымдастырудың екі міндетті және бір-бірімен тең принциптілігі. Демек, кез-келген дамушы (өзгеруші) объект (жүйе) оны құрайтын элементтердің дисбалансын тудырады (олардың өзара қарым - қатынасы), ал одан кейін (тек дисбаланс шарықтау шегіне жеткеннен кейін) жүйені қайтадан тепе - теңдік жағдайына әкелудің объективті қажеттігін жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болады» деген пікірімен келісуге болады [57, с. 27].

Қауіпсіздікті тепе-теңдік жүйесі жағынан зерттеу біздің пікірімізше осы кең көлемді ұғымның барлық жақтарын байыта түседі және оның динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар автор А.Ю. Галяметдинованың «халықаралық қауымдастықта «қауіпсіздік» ұғымының өзі қайтадан ой елегінен өткізілуде. Көптеген мемлекеттер қауіпсіздікті дәстүрлі түрде тек әскери жағынан қарастыратынына қарамастан қауіпсіздікті бұлайша ұғыну бұдан әрі қазіргі

жағдай мен қатерлерге сәйкес келмейтінін түсіну қажет болады. Бұл ұғымға неғұрлым кеңірек түсінік беру қажеттігі туындады, атап айтқанда ол ең алдымен экологиялық қауіптің бар екенін көрсетуі тиіс. Қазіргі экологиялық мәселелерді әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тән болып келетін жаппай қарулану немесе қарусыздану сияқты дәстүрлі шаралар арқылы шешудің мүмкін еместігін түсіну қажет» деген пікірімен де келіспеске болмайды [62, с. 24].

С. Ю. Чапчиковтың пікірінше, ұлттық қауіпсіздік санатының өзі конституциялық табиғатқа ие болып келеді. Конституциялық құқықтың барлық дерлік институттары ұлттық қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз етуге тікелей ықпал етеді [63, с. 36].

ҚР Конституциясында «қауіпсіздік» ұғымы кең көлемде пайдаланылады және қоғам мен мемлекеттегі түрлі құқықтық қатынастарға қатысушылардың қауіпсіздік жағдайына әр түрлі сипаттамалар береді. Алайда ҚР Конституциясы нормативтік мәтіннің ерекше бөлігіне қатысты түрде қауіпсіздік негіздерін жүйелі түрде бекітуді жүзеге асырмайды, тек тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігінің жекелеме құрамдас бөліктерін бекітеді, сондай-ақ қауіпсіздікті сақтау талаптарын адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу бағамы ретінде көрсетеді. Мұнда Конституцияда Қазақстанның өзге де көптеген негіз құраушы нормативтік актілеріндегі сияқты «қауіпсіздік» ұғымы «қорғаныс» ұғымымен жиі өзара байланыста пайдаланылады, бұл ұғымдарды синонимдер ретінде көрсетеді, ал қорғаныс тек қауіпсіздікті қамтамасыз етудің дербес көріністерінің бір ғана сипаты болып табылады [5, с. 9].

Біз біртіндеп қауіпсіздікті екі деңгейде қарастыруға келіп жеттік: халықаралық және ұлттық, сондықтан да осы ұғымдарға тоқтала кету қажет болады.

Ресей халықаралық құқық мектебі халықаралық қауіпсіздікті «мемлекеттер мен халықаралық құқықтың өзге де субъектілерінің еркін дамуы үшін тиімді халықаралық жағдайлар жасалынған әлемдік құрылым деп көрсетеді. Халықаралық қауіпсіздік жағдайында әрбір мемлекет адамдардың өмір сүруінің материалдық жағдайларын жақсартуға, тұлғаның еркін дамуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын толық көлемде қамтамасыз етуге ең тиімді жағдайлар қалыптастыру мүмкіндігіне ие болады.

Халықаралық қауіпсіздік кең халықаралық қауіпсіздік құрамына қауіпсіздіктің саяси, экономикалық, гуманитарлық, ақпараттық, экологиялық және өзге де жақтары кіреді» [64, с. 780].

Осы ұғымды біз эколого-энергетикалық қауіпсіздік ұғымына анықтама беру үшін негіз ретінде аламыз, себебі оны осы жұмыста зерттелетін ұғымның кешенділік сипатын көрсететін ерекше қосынды ретінде танимыз.

Ғылыми әдебиеттерде қауіпсіздіктің - ұлттық қауіпсіздік бөлшектерінің жекелеме түрлерін бөліп көрсетеді. Олардың ішінде экономикалық, экологиялық, азық-түлік, ақпараттық қауіпсіздік, елдің қорғаныс қабілеттілігі кіреді. Қауіпсіздіктің осы барлық түрлері (жақтары) бір-бірімен тығыз байланысты, өзара бір-бірімен жиі қиылысады, мемлекеттің тұтас алғандағы ұлттық қауіпсіздік жүйесін құрайды [65, с. 161].

Ұлттық қауіпсіздік саласындағы базалық нормативтік құқықтық акт ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңы болып табылады. Оған сәйкес ұлттық қауіпсіздік адам мен азаматтың, қоғам мен мемлекеттің динамикалық дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерінің нақтылы және мүмкін болатын қатерлерден қорғану жағдайы ретінде анықталады. Бұл жерде Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері деп Қазақстан Республикасының заңмен танылған саяси, экономикалық, әлеуметтік және өзге де қажеттіктерінің жиынтығы ұғынылады, мемлекеттің адам мен азаматтың құқықтарының, қазақстан қоғамының құндылықтарының және конституциялық құрылыс негіздерінің қорғалуын қамтамасыз ету қабілеттілігі жоғарыда аталғандардың жүзеге асырылуына тәуелді болады.

Заң Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат шеңберінде ұлттық қауіпсіздік субъектілері жүзеге асыратын құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, техникалық және өзге де шаралардың жиынтығы түрінде анықтайды.

Заңнамалық дефинициялардан көріп отырғанымыздай олар қауіпсіздікті доктриналық жағынан ұғынуды есепке алады және мемлекет пен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне мүмкін болатын қатерлерден қорғануы жағдайына негізделеді.

Қауіпсіздік ұғымын қарастыра келе экономикалық және экологиялық қауіпсіздік ұғымдарына назар аударайық.

Энергетикалық қауіпсіздік ұғымы мен негізін зерттеуге көше отырып оның негіз құрушы және өмірлік маңызы бар сипатын атап көрсетуіміз қажет. Ли Гамильтонның энергетикалық қауіпсіздік ұлттық қорғаныстан кейінгі мемлекеттің қауіпсіздік саясатының екінші маңызды бөлігі болып табылады деген пікірімен келіспесе болмайды [67, Р. 604].

«Энергетикалық қауіпсіздік» термині ХХ ғасырдың 40-жылдары Америка құрама штаттарының ұлттық қауіпсіздік доктринасында тұңғыш рет заңнамалық жағынан бекітілді. Ол кезде энергетикалық қауіпсіздік деп ең алдымен АҚШ-тың ұлттық экономикасының шет елдерден жеткізіп берулерден тәуелсіздік алуы ұғынылды, ол географиялық жағынан дәстүрлі отын қорларын өндіруші негізгі мемлекеттердің басты энергияны тұтынушылардан алшақ болумен байланысты негізделеді. Бұл қарама қайшылық 1970 жылдары ОПЕК елдерінің 1973 жылы мұнайға эмбарго жариялауына байланысты ерекше шиеленісе түсті. Бұл энергия өндіруші елдер мен энергияны тұтынушы елдер арасындағы мүдделердің экономикалық қарама-қайшылығынан туындаған халықаралық жағдай мұнайға әлемдік бағаның шарықтап өсуіне алып келді және осы кезде дамыған елдердің энергияны алып жүрушілердің жеткізіп берушілеріне тәуелділігі осы кезде анық көрніс тапты [60, с. 42-43].

Доктрина анықтап көрсеткендей, «энергетикалық қауіпсіздік-энергетикалық мүдделердің ішкі және сыртқы қатерлерден қорғалу жағдайы, ол энергияны өндіру мен тұтынудың кеңейтілген элементтерінің қажетті көлемін қамтамасыз ету қабілеттілігін қарастырады» [59, с. 28].

Энергетикалық қауіпсіздік-экономикалық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі, себебі энергетика еңбек өнімділігін арттыруды және ел тұрғындарының жайлы өмір сүруін қамтамасыз етеді» [61, с. 72].

Бұл анықтама жалпылама сипатта болып келеді және нақтылай түсуді талап етеді деп есептейміз.

Экономикалық салада ұлттық қауіпсіздікті ұзақ мерзімдік болашақта қамтамасыз етудің басты бағыттарының бірі энергетикалық қауіпсіздік болып табылады [68, Р. 98-102]. Ұлттық және жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қажетті шарты Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ), энергия қорлары нарығының принциптеріне жауап беретін принциптерді қалыптастыру мақсатында көп жақты бірлесе әрекет ету, болашағы зор энергия үнемдеуші технологияларды құрастыру және халықаралық тәжірибе алмасу [69, с. 8], сондай-ақ экологиялық жағынан таза балама энергия көздерін пайдалану болып табылады.

Энергетикалық қауіпсіздіктің басты мазмұны стандартты сападағы энергияны алып жүрушілердің жеткілікті көлеміне сұранысты қамтамасыз ету, отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы энергия қорларын нәтижелі пайдалану, отын-энергия қорларының мүмкін болатын жетіспеушілігінің алдын алу, отынның стратегиялық қорларын, қуаттар қорын және қосалқы құрал-жабдықтар қорын құрастыру, энергиямен және жылумен қамтамасыз ету жүйелерінің тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ету болып табылады [50, с. 488].

ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында энергетикалық қауіпсіздік экономиканың отын-энергетика, мұнай-газ және атом-электр кешендерінің нақтылы және мүмкін болатын қатерлерден қорғалуы жағдайын қарастыратын экономикалық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, осындай жағдайда мемлекет энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етуге және қоғам мен мемлекеттің энергия қорларына қажеттіктерін қанағаттандыру үшін тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті болады (22 б).

Заң энергетикалық қауіпсіздік санаттары арқылы экономикалық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін негіздейді, ол Қазақстан Республикасының энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, ел экономикасының қорлық-энергетикалық негіздерін сақтау мен нығайтуға бағытталған мемлекеттік органдар, мекемелер, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың шешімдері мен әрекеттері арқылы қамтамасыз етіледі (22 б.2 т.).

Қазіргі таңда Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігіне орын алатын қатерлерді қалыптастыруға мыналар деп қарастыруға болады:

- Экономика шикізат экспортына бағытталған. Қазақстанда отын-энергетика қорларын ұсыну мүмкіндігі бар, ол бай табиғи-қорлық мүмкіншіліктерімен негізделеді. Алайда ішкі нарық алынатын энергетикалық қорларды толық пайдаланбайды және ұсыныстың артық қалғаны экспортталады. Нәтижесінде еліміз өз мүмкіндіктерін өзінің товар өндірісін дамытпастан шет елдерге шығарады.

- Энергетика объектілерінің негізгі қорларының нақтылы және моралдық жағынан өте күшті ескіруі. Энергия қорларының жеткізіліп берілуінің

сенімділігі отын - энергия кешенінің негізгі өндірістік қорларының техникалық жағдайына тәуелді болып келеді. Энергетиканың барлық салаларында өзінің мүмкіншіліктерін түгелдей бітірген, ескірген құрал-жабдықтардың үлес салмағы артып келеді.

- Экономиканың энергия ысырапшылдығы. Қазақстанның ЖІӨ энергия сыйымдылығы орташа әлемдік деңгейден жоғары, бұл энергияны үнемдемейтін құрал-жабдықтар мен технологияларды пайдалануымен, тасымалдау мен сақтау кезіндегі шығындармен, экономика құрылымының тиімсіздігімен негізделеді.

Энергетикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және қауіпсіздіктің экологиялық, шикізаттық, экономикалық, өндірістік, радиациялық және өзге де қауіпсіздік түрлерімен тығыз байланысты. Оны қамтамасыз ету жергілікті (өндірістік), өңірлік, ұлттық, халықаралық (жаһандық) деңгейлерде азаматтардың тиімді қоршаған ортаға, табиғи, оның ішінде жаңартылатын қорларды тиімді пайдалануға, қоршаған ортаның нашарлауына жол бермеу бойынша алдын алушылық нәтижелі шаралар қабылдауға, экологиялық және техногендік апаттардың алдын-алуға құқықтарын қоса есептегендегі тұрақты даму принциптерін есепке ала отырып жүзеге асырылуы тиіс [60, с. 8].

Энергетикалық қауіпсіздікті бірнеше деңгейлерде: саяси, экономикалық және техногендік деңгейлерде қарастыру қажет.

Саяси деңгейде энергетикалық қауіпсіздік оны мемлекеттің атынан жүзеге асыруды қарастырады. Бұл тұрғыдан алып қарағанда энергетикалық қауіпсіздік елдің ұлттық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Осы дефиницияның нормативті түрде бекітілуі елдің, оның азаматтарының, қоғамның, мемлекеттің және экономиканың отынның және энергетиканың сенімділігіне төнетін қатерден қорғалу жағдайынан көрінеді. Мұндай қатерлерге сыртқы факторлар (геосаяси, макроэкономикалық, конъюнктуралық), оның ішінде елдің энергетика саласының жағдайы мен қызмет етуі жатқызылады [70, с. 127].

Я. В. Вутянованың, С. В. Тайналовтың көзқарастарына назар аударуға болады, олар қазіргі барлық дерлік мемлекеттердің саяси құралдарының қатарына энергетикалық қорлар да жатады деп есептейді. Олардың біркелкі бөлінбеуі себепті мемлекеттік деңгейдегі энергетикалық саясаттың екі негізгі моделі айқын байқалады: дәстүрлі және баламалық. Біріншісі қорларды экспорттауды және шикізатты сатудан түскен үлкен пайданы мемлекеттік мәселелерді шешуге жұмсауды қарастырады (Ресей, кейбір араб мемлекеттері, Әзербайжан, Түркменстан). Екіншісі тиісінше табиғи қорлардың елеулі қорларына ие емес мемлекеттерге тән болып келеді (батыс Еуропа мемлекеттері, АҚШ), мұның өзі өз кезегінде олардың өз экономикасында дәстүрлі энергияны алып жүрушілерге тәуелділікті төмендетуге, экологиялық стандарттарды арттыруға, балама энергетика көздерін игеру мен пайдалану саласында жаңа ғылыми-техникалық зерттеулер негізінде көмірсутекті экспорттаушы елдер тарапынан энергетикалық және геосаяси тәуелсіздікке қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік саясатты анықтайды [71, с. 8].

Соған байланысты мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі қаншалықты зор деген сұрақ туындайды.

Ғылыми әдебиеттерде бұл мәселе бойынша бірнеше көзқарастар бар. Мысалы, Т.В. Вербицкая азаматтық қоғамның ұлттық қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін шешудегі ерекше рөліне назар аударуды ұсынады (энергетикалық қауіпсіздік олардың элементтерінің бірі ретінде әрекет етеді) [72, с. 66]. Қажетті құралдар ретінде автор автоматтандырылған ақпараттық қор құруды ұсынады, оның қызмет етуінің шеңберінде тұрғындардың қауіпсіздік саласындағы қажеттіктері белгіленіп, қанағаттандырылып отырады, ол біздің пікірімізше өзінің инерттілігіне байланысты тек жартылай ғана дұрыс болады.

Б. К. Алияровтың пікірінше, нақтылы мемлекеттің энергетикалық тәуелсіздігі талап етілетін энергия түрінің талап етілетін көлемде ішкі және сыртқы шарттардың өзгеруінің кең диапазонында қарастырылатын кезең ішінде энергияның осы түрі бойынша мемлекеттің өз қорлары есебінен қанағаттандырылу мүмкіндігі арқылы бағаланады. Мұндай құрастырылым жағдайында энергетикалық тәуелсіздіктің негізгі көрсеткіштері мыналар болады:

- ел экономикасының қажеттіктері үшін бастапқы энергияның жеткіліктілігі және қол жетімділігі;

- бастапқы энергияны энергияның әр түрі бойынша өзге энергия түріне айналдыру үшін құрал-жабдықтардың өнімділігінің жеткілікті деңгейде болуы;

- транспорттық инфрақұрылымның энергияның барлық түрлері үшін жеткіліктілігі (бастапқы және/немесе өңделген);

- әр түрлі түрдегі энергияны алу, өңдеу және тұтынудың экологиялық жағынан тиімділігі.

Энергетикалық тәуелсіздік елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қуатты тетігі және сыртқы факторларға қатысты энергетикалық дамудың тұрақтылығының кепілі болып табылады [73, с. 36].

Ad notanda, энергетикалық қауіпсіздікті дәстүрлі түрде американа түсіну көмірсутектерде болжанатын (өте төмен бағада болуы принципті емес) тұрақты жеткізіліп берілуімен шектеледі. Мұндай көзқарасты АҚШ-тың энергетикалық қорларды алуға әдеттенген, әскери және саяси жағынан алып карағанда оған тәуелді болып келетін Таяу Шығыс пен Латын америкасының қорларына тәуелді болуына байланысты энергияны алып жүрушілермен сауда нарығындағы еркіндік принципін тұрақты түрде қолдайтындығымен, әлемдегі ең ірі энергияны импорттаушы болып табылатындығымен негіздеуге болады [74, Р. 606].

Кез келген өңірде энергияның талап етілетін түрінің талап етілетін деңгейде қол жетімділігін қамтамасыз етуі тиіс энергетикалық тәуелсіздік факторлары ішкі ықпал етуге қатысты энергетикалық қауіпсіздіктің негізгі көрсеткіштері болып табылады. Осы факторлар елдің энергетикасының сыртқы жағдайларға тұрақтылығын да сипаттайды. Энергетикалық қауіпсіздік энергетикалық тәуелсіздікке ықпал ететін факторлармен қатар сондай-ақ, энергияның әрбір түрінің құнының қол жетімділігі арқылы да анықталады. Бұл көзқарастар энергетикадағы тәуелсіздік, қауіпсіздік, нәтижелілік және

тұрақтылық анықтамалары айырмашылықтарының жеткілікті көлемде болуына қарамастан бір-бірімен өзара тығыз байланысқан және өзара бір-біріне ықпал етеді. Тұрақты дамудың жалпы принциптері құрамына болашақ ұрпақтың мүдделерін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны сақтау талаптары да кіреді.

Энергетиканың осы принципі бойынша тұрақты дамуын анықтайтын негізгі параметрлер мыналар деп есептелінеді:

- елдің энергетикалық кешенінің бүкіл цикліндегі экономикалық және техникалық тиімділігінің әлемдік деңгейі;

- өзін-өзі қалпына келтіруді қамтамасыз ететін энергетиканың қоршаған ортаға ықпал етуінің деңгейі;

- энергияның барлық талап етілетін түрлерінің белгілі бір деңгейдегі ең төменгі әлеуметтік өлшемнен төмен емес деңгейде тұрғындардың барлық әлеуметтік топтарына қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған ішкі саясат;

- өңірлер бойынша біркелкі мөлшерде берілмеуінің мүмкін болатын деңгейі;

- энергетика кешенінің оптималды институционалдық құрылымы;

- халықаралық энергетика нарықтарына қатысу.

Энергетиканың тұрақты дамуын қарастыру кезінде дәстүрлі түрде елдің жағдайы бастапқы энергияның көздері, оларды энергияның өзге түрлеріне айналдыру мүмкіншіліктері, энергияның әр түрлі түрлерін елдің барлық өңірлеріне тасымалдау мүмкіншіліктері, энергияның әрбір түрін тұтынудың нәтижелілігі мен көлемі бойынша талданады. Зерттеудің осы бөлімінде қарастырылатын кезең ішіндегі энергетиканың тұрақтылығының жалпы параметрлері қарастырылатын болады.

Нақтылы мемлекеттің энергетикасының тұрақты дамуы келесіні қарастырады:

- болжанатын кезең ішіндегі тұтынушылардың барлық топтары үшін елдің барлық өңірлерінде энергияның барлық түрлерінің талап етілетін көлемін, бағасының қол жетімділігін, тиімді сапасының қамтамасыз етілуі, мұның өзі елдің энергетикалық қауіпсіздігінің көрсеткіші әрі кепілі болады;

- ішкі және сыртқы жағдайлар елеулі өзгерістерге ұшыраған жағдайларда бастапқы және соңғы энергия түрлерімен қамтамасыз етілудің талап етілетін деңгейіне қол жеткізу және оны сақтау, мұның өзі елдің энергетикалық тәуелсіздігі мен энергетикалық тұрақтылығын сипаттайды;

- сыни және апаттық жағдайларда энергияның әлеуметтік ең төмен деңгейден кем емес көлемде тұтынылу деңгейінің қамтамасыз етілуі.

Энергетиканың тұрақты дамуы сондай-ақ мына мәселелерді де қарастырады:

- елде отын және энергетика қорларын алу, өңдеу, тасымалдау және пайдаланудың тиімділігінің әлемдік деңгейіне қол жеткізу;

- энергетика объектілерінің қоршаған ортаға ықпалын арнайы технологияларды қолдана отырып қалпына келтірілуі немесе өздігінен қалпына келуін қамтамасыз ететін деңгейге дейін төмендету;

- энергетикаға болжамдық қажеттіліктер кезінде энергетикалық жүйенің оптималды технологиялық және техникалық құрылымдарына қол жеткізу;

- энергиямен қамтамасыз етудің түрлі жүйелері бірлесе қызмет еткен жағдайларда энергия қорларының бір-бірін алмастыруының жоғары деңгейіне қол жеткізу.

Энергетикалық қауіпсіздік экономикалық деңгейде көп жағдайларда саяси құрамдас бөліктермен араласып жатады және отын-энергетика тепе-теңдігін оптимизациялау және қорларды тиімді пайдалану тетіктері арқылы қоғам мен мемлекеттің өмір сүруін, өмірлік қызметін тиісті деңгейде қолдау мен қамтамасыз етудің оптималды деңгейін ұстауды қарастырады.

Алайда мемлекеттің энергетикалық мүдделерге нақтылы және мүмкін болатын қатерлерді барынша төмендетуге мүмкіндік беретін мемлекеттің ішкі және сыртқы жағдайларына қол жеткізуі әдетте экономикалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылады [75, с. 41]. Н.Г. Жаворонкова, Ю.Г. Шпаковский энергетикалық қауіпсіздік деп сұранысты стандартталған энергияны алып жүрушілердің қажетті көлемімен тұрақты түрде қамтамасыз етуді, энергия қорларын пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында отандық энергия өндірушілердің бәсекеге қабілеттіктерін арттыру, энергияның және отынның жетіспеушілігінің алдын- алу, қуаттардың, құрал-жабдықтардың және құрамдас бөліктердің қажетті қорларын жасақтауды ұғыну қажет деп есептейді, осының барлығы тұтас алғанда энергиямен және отынмен қамтамасыз ету жүйелерінің тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ететін болады [76, с. 70].

Бұл жерде энергетикалық қауіпсіздіктің бағалау бағамдары ретінде әрекет ететін факторларды бөліп көрсетуге болады.

Отын - энергетика кешені ішкі және сыртқы сұраныстарды экономикалық жағынан негізделген тиісті сападағы энергияны алып жүрушілер деңгейімен қамтамасыз ету қабілеттілігіне ие болуы тиіс деп қарастырылады. Алайда осылайша экономикалық негіздеудің бағамдары қандай болуы тиіс деген мәселе туындайды.

Экономиканың тұтынушы саласы энергия қорларын тиімді пайдалануға, отын-энергетика тепе-теңдігінің жетіспеушілігінің алдын-алуға бағытталуы тиіс болады. Соған байланысты Н. П. Лаверовтың көзқарасы үлкен қызығушылық тудырады, оның пікірінше энергетикалық қорларды игеруге мерзімімен дайындау, сарқылатын қорларды ауыстыру мүмкіншілігі, отын мен энергияның әр түрлі түрлерін құрастыру негізгі ғылыми-технологиялық міндет болуы тиіс деп есептейді. Бұл жерде энергияның ірі көлемдегі көздерін игеру барысының экологиялық жағынан тиімділігі мәселесін де естен шығармау қажет болады [77, с. 11].

Энергетика саласының экономикалық, саяси және әскери сипаттағы сыртқы қатерлерге төтеп бере алуы. Сондай-ақ осындай қатерлер пайда болған жағдайда энергетиканың теріс ықпалдан болатын мүмкін болатын шығындарды барынша азайту қабілеттілігі (мысалы, көмірсутек отынына әлемдік бағаның өзгерістеріне, жеткізіп берілген отын үшін төлемнің жүргізілмеуіне, инвестициялық белсенділіктің төмендеуіне).

Отын-энергетика кешені объектілерінің техногендік табиғи, террористік, нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы қатерлеріне төзімділігі.

Энергетикалық қауіпсіздік саясаты саналы және ұйымдастырылған қызметтен көрініс табады, оның көмегімен мемлекет және өзге де әлеуметтік институттар мемлекеттің тіпті кез-келген төтенше жағдайлар пайда болған кездерде де энергия қорларына қажеттіліктерінің кепілді қамтамасыз етілуіне қол жеткізілетін жағдайына жеткізу, оны сақтау мен дамытуды қамтамасыз етеді [55, с.16-17].

И.С. Щепанскийдің пікірінше, энергетикалық қауіпсіздікті қалыпты және төтенше жағдайларда ұзақ мерзімдік кезең ішінде қоршаған ортаны, өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз еткен жағдайдағы энергиямен қамтамасыз етуге төнген қатерден тұрғындардың, әлеуметтік-мәдени маңызы бар объектілердің, өнеркәсіп пен көліктің қорғалу жағдайы деп неғұрлым толық көлемде анықтама беруге болады [60, с. 23].

Энергетикалық қауіпсіздік ұғымын қарастыра келе энергетикалық қауіпсіздіктің авторлық анықтамасын ұсынамыз, оны қалыпты және төтенше жағдайларда ұзақ мерзімдік кезең ішінде қоршаған ортаны, өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз еткен жағдайдағы энергиямен қамтамасыз етуге төнген қатерден тұрғындардың, әлеуметтік-мәдени маңызы бар объектілердің, өнеркәсіп пен көліктің қорғалу жағдайы деп түсіндіруге болады.

Энергетикалық қауіпсіздікпен қатар экологиялық қауіпсіздік дербес санат болып табылады. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, энергетика саласының қызмет етуі энергия қорларын алу, өндіру, тасымалдау және тұтынудың қоршаған орта мен табиғатқа теріс ықпалын барынша төмендетуді қарастырады.

Энергетикалық қорларды алу кезінде оның табиғатпен тұрақты түрде өзара ықпал етуі жүріп отырады. Қазіргі отын-энергетика кешенінің негізі жалпы таныған жіктеу бойынша сарқылатын (орыны толмайтын) деп танылатын мұнай, табиғи газ және көмір сияқты табиғи қорлар болып табылады. Бұдан туындайтыны олардың ұзақ мерзім бойы тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ететін құқықтық тетікті құру қажеттігі. Сондай-ақ энергетикалық қорларды алу, тасымалдау және өңдеу табиғат жағдайына әр түрлі зиянды фактор әкеледі, ең қиыны оны ластайды.

«ТМД мемлекеттеріндегі экологиялық қауіпсіздік принциптері туралы» ұсыныс акт экологиялық қауіпсіздікті тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің қоршаған ортаға антропогендік ықпал етудің және табиғи апаттардың салдарынан қорғалу жағдайы деп анықтайды. Қоршаған ортаға экологиялық қауіпсіздік қатерді абайсызда немесе қасақана ықпал ету, сондай-ақ апаттық табиғи процесстер мен құбылыстар ықпалымен байланысты жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ өзге мемлекеттердің қызметі төндіруі де мүмкін [78].

Бұл жерде «қауіпсіздік төнген қатерден қорғану» тұжырымдамасының ықпалы басым болып келеді.

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі экологиялық қауіпсіздікті тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызы бар

мүдделерінің қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпал етудің салдарынан пайда болатын қатерлерден қорғалу жағдайы ретінде қарастырады (1 б.) 91 т.) [79].

Мұнда тиімді қоршаған орта жағдайы экологиялық қауіпсіздікті және тұрғындардың денсаулығының қорғалуын, биокөптүрлілікті қамтамасыз ететін, ластанудың алдын алатын, экологиялық жүйелер тұрақты жұмыс істейтін, табиғи қорларды қайта өндіру мен тиімді пайдалану жүзеге асырылатын қоршаған орта ретінде анықталады (тт.37) 1 б.).

Осы жағынан алып қарай отырып А.И. Орлов экологиялық қауіпсіздікті «экологиялық қатерден қорғану» деп қарастырады. Осы екі ұғымды автор бірге қолданады. Өз кезегінде «экологиялық қатер - экономиканың бақылаусыз дамуы, технологиялардың артта қалуы, табиғи апаттар мен антропогендік апаттар нәтижесінде адамның, өсімдіктер мен жануарлардың өмір сүру ортасының бұзылу (толық немесе жартылай) мүмкіндігі, соның салдарынан тірі жүйелердің өмір сүру жағдайларына бейімделуі бұзылады» [80, с. 384].

ҚР 2004 - 2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасында атап көрсетілгендей, «экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде тұрақты дамудың міндетті шарты болып табылады және табиғи жүйелердің сақталуының негізі және қоршаған ортаның тиісті сапасының қамтамасыз етілуі ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты табиғат жүйелерінің, қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделерінің, тұлғаның құқықтарының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпал етудің нәтижесінде пайда болатын қатерлерден қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады» [12, с. 14].

Көріп отырғанымыздай экологиялық қауіпсіздік және тұрақты даму ұғымдары бұл жерде ажырамай алынған. Мұндай көзқарасты дұрыс және қазіргі нақтылық талаптары және ғылым мен техниканың жетістіктеріне сәйкес келеді деп есептейміз.

Мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті энергия өндірісін ұлғайта отырып табиғи ортаны ластау ұлғайтылады, демек, ел үшін экологиялық қатер деңгейін арттырады [55, с. 17].

О.А. Городовтың пікірінше энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты көптеген қатынастар маңызды табиғатты қорғау сипатына ие болады. Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің келесі негізгі экологиялық мәселелерін бөліп көрсетуге болады [81, с. 224]:

- отынның барланған қорларының өсуінің оны өндіру көлемінен қалуынан туындайтын табиғи қорлардың азаюы мәселесі және сонымен байланысты минералдық-шикізат базасының қайта өндірісі қажеттігі;

- отын-энергетика кешені объектілерінің өндірістік, химиялық, ядролық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергетикалық қорларды тасымалдау құралдары мен әдістері және осы объектілердегі апаттардың алдын-алу мен салдарынан қорғау мәселелері;

- мұнайдың және мұнай өнімдерінің ағып кетуі мен жайылуы, оның ішінде көлік тасымалы кезіндегі салдарының алдын-алу мен жою, сондай - ақ

осы қызметті халықаралық үйлестіру және зиянның орынын толтыру мәселелері;

- оларды қоршаған ортадан изоляциялауға кепілдік беретін жағдайлар кезінде ядролық қалдықтар мен радиоактивті материалдарды көму мен ұзақ мерзім сақтау мәселелері;

- пайдалы қазбаларды өңдеу және тау-кен өндірісінің жинақталған қалдықтары мен породадарды жою мәселелері;

- ластаушы заттарды атмосфералық ауаға шығаруды қысқарту қажеттігі мәселелері;

- энергетиканың табиғаттың жаһандық өзгерісіне ықпал ету мәселелері;

- энергетика қорларының тиімсіз пайдаланылуы, энергия тиімділігі мен энергияны үнемдеуді арттыру қажеттігі мәселелері;

- пайдалы қазбаларды тиімсіз әдістерді қолдану арқылы алудан туындайтын қоршаған ортаның деградацияға ұшырауы, табиғатты қорғау іс-шараларын өткізу тәртібінің бұзылуы, шаруашылық қызметті консервациялау, сондай-ақ энергетикалық пайдалы қазбалар мен олардың өңделген өнімдерін тасымалдау кезіндегі апаттар мәселелері;

- атом энергетикасы объектілерінің радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері;

- ОЭК объектілері құрылысы кезінде қоршаған ортаға ықпал ету мен оның өзгеріске ұшырауы мәселелері (мысалы, ГЭС салу кезінде үлкен көлемдегі аумақты су басуы және соның салдарынан табиғи орман және жер қорларының жойылуы, сондай-ақ өзендердің табиғи режимінің өзгеруі және су және су маңында өмір сүретін жануарлар әлемінің өмір сүру ортасының жойылуы).

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тақырыбы соңғы жылдары кейбір елдердің экономикалық құрылымын өзгертіп қана қоймай, сланц газын өндіру технологиясымен байланысты жаңа экологиялық қатерлер туындатып отырған «сланц революциясы» деген атауына қарай ерекше өзектілікке ие бола бастады.

Бұл жағдай біздің энергетиканың жаһандық өзгерістері дәуірінде өмір сүріп отырғанымыздың тағы да бір дәлелі болып табылады. Бұл тұрақсыздық келесі экологиялық тәуекелдердің артуымен қатар жүргізілуде, біріншіден, болашақ ұрпақтың мүддесіне қарамастан экономиканың энергияны алып жүрушілерге барған сайын өсіп келе жатқан қажеттіктерін қанағаттандыруға ұмтылатын салмақты емес саясаттың жүргізілуіне алып келеді, екіншіден, пайдаланылуының қоршаған ортаға ықпалы толық зерттелмеген жаңа технологиялардың пайдаланылуы.

Энергетикалық және экологиялық қауіпсіздіктің негізгі бастамаларын қарастыра келе эколого-энергетикалық қауіпсіздік мәселелерін тікелей зерттеуге көшеміз.

Пайдаланылатын энергетикалық қорлардың басым көпшілігі сарқылатын қорларға жатқызылады. Мемлекеттердің энергетикалық және экологиялық саясаттарын үйлестіру әлемдік қауымдастық пен халықаралық құқықтың алдында тұрған ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады [60, с. 3].

Көптеген ғалымдар әділетті түрде атап көрсетіп отырғандай энергетика қоршаған ортамен өте тығыз байланыста болып табылады. Бір жағынан энергетиканың дамуы табиғи қорларға, олардың орналасу жағдайына, өндірілуіне тәуелді болады, ал екінші жағынан - энергетика табиғаттың негізгі лақтаушыларының бірі бола отырып табиғаттың жағдайына ықпал етеді. Сонымен, экологиялық және энергетикалық саясат өзара ықпал ету фактілерін есепке ала отырып құрастырылуы тиіс Т [60, с. 3].

А.Б. Малышев эколого-энергетикалық қауіпсіздікті тұтас алғандағы ел көлемінде және жергілікті көлемде ғылыми негізделген бағамдар мен нормативтер арқылы рұқсат етілген шектен аспайтын көлемде техногендік жүктеменің қамтамасыз етілуі, қоғамның қажеттіктерін қамтамасыз ету үшін қажетті жеткілікті көлемдегі өндіріс кезінде экологиялық зиянды салдардың, электр энергиясының санының, атом энергетикасын дамыту кезінде осы нормативтерден асып кетуіне жол бермеуі деп анықталады (кез келген төтенше жағдайларды қоса есептегенде) [55, с. 18].

Эколого-энергетикалық қауіпсіздік саясатының пәні адамның, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың, елдің халық шаруашылығының олардың өмір сүруі мен дамуы мақсаттарының орындалуы қамтамасыз етілетін өмір сүру ортасының болуы болып табылады. Эколого-энергетикалық қауіпсіздік саясатының өзінің мақсаты-осы саясаттың субъектілері: мемлекеттің, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіподақтардың, шаруашылық субъектілерінің, нақтылы тұлғалардың қоғамдық қатынастарын реттеуді нәтижелі жүзеге асыру болып табылады [55, с. 26].

Біз эколого-энергетикалық қауіпсіздікті қауіпсіздіктің барлық аталған және қарастырылған түрлерінің жиынтығы деп қарастыратындықтан эколого - энергетикалық қауіпсіздіктің анықтамасын құрастыру тиімді болады деп есептейміз.

Сонымен, қауіпсіздік және тікелей экологиялық және энергетикалық қауіпсіздік ұғымдарының тұжырымдамалық негіздерін қарастыра келе, эколого-энергетикалық қауіпсіздік - қоршаған орта мен энергетика инфрақұрылымдарының қорғалу жағдайын қамтамасыз ететін, эколого-энергетикалық қатынастар субъектілері мен экономика салаларының мүдделерін келістіруге қол жеткізетін, экологиялық жүйенің оптималды жағдайларын қолдау бойынша нәтижелі қызметтің және тұлға мен қоғамның тұрақты дамуының институттар мен шарттар жүйесі деген қорытындыға келеміз.

Сонымен, эколого-энергетикалық қауіпсіздікке қол жеткізу экологиялық дамудың, тұрғындардың әлеуметтік игіліктерінің және экологиялық тұрақтылықтың мүдделер тепе-теңдігіне қол жеткізуге қабілеттілігін қарастырады. Бұл ұғым экологиялық және энергетикалық салалардың қоғам мен мемлекеттің өмірі мен қызметі салаларында бірлесе әрекет етуі мен өзара кірігуінің нәтижесі болып табылады.

2 ЭНЕРГЕТИКА НАРЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Энергетикалық қатынастарды реттеудің халықаралық-құқықтық негіздері

Қазіргі таңда энергетика саласындағы ынтымақтастыққа және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған қолданыстағы жалғыз көп жақты шарт 1994 жылғы Энергетикалық хартияға қосымша шарт болып табылады (ДЭХ).

ДЭХ-энергияны желілік тасымалдау ережелерін белгілейтін тұңғыш көп жақты халықаралық шарт болып табылады. ДЭХ-қа қол қойылғанға дейін қызмет еткен товар транзиті бойынша көп жақты келісімдер энергетика саласында басты маңызға ие болып табылатын желілік транзит ерекшеліктерін көрсете алмады.

Мысалы, Барселона конвенциясы мен 1921 жылғы транзит еркіндігі туралы Статут және 1965 жылғы континент іші мемлекеттері арасындағы транзиттік сауда туралы Нью-Йорк конвенциясы тек темір жол мен су жолы арқылы транзитті ғана реттейді. Соңғысы желілік тасымалдауды тек мемлекеттер ол туралы арнайы келісім жасаған кезде ғана пайдалануды қарастырады. Бұл Конвенциялар мемлекеттердің шектеулі саны үшін ғана әрекет етеді, сол себепті оларды жалпыға бірдей танылған деп қарастыруға мүмкіндік бермейді.

ГАТТ 1947 ж. (және ГАТТ 1994 ж.) мемлекеттердің үлкен көлемін қамтиды. Оның құрамына енгізілген V транзиттік бап формалды түрде өзінің қызметі саласында желілік тасымалдауды қарастырады, бірақ іс жүзінде мемлекеттер оны тасымалдаудың осы түріне пайдаланбайды және бірнеше мемлекеттер осы баптың энергияның желілік транзитіне таралуына дау айтуда.

1982 жылғы теңіз құқығы бойынша БҰҰ Конвенциясы теңіз кеңістігінде құбыр желілері мен кабельдер салуға қатысты бірнеше маңызды ережелерді белгілейді, алайда бұл ережелердің пәндік және территориялық қамту деңгейі шектелген.

Хартия процессі Европалық Одақты, орталық және шығыс Европаны, Ресей Федерациясын, Орталық Азия мен Кавказды, сондай-ақ Жапонияны, Австралияны, Моңғолияны қамтиды. Шарт оның принциптерін сақтаймыз деген барлық мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Осы жағынан алып қарағанда Қытай, Иран, Корея және АСЕАН елдері Хартия процессіне үлкен қызығушылық танытуда, және сол арқылы оның географиялық қамтылуын одан әрі кеңейту мүмкіндігін беруде.

Энергетикалық Хартия процессіне қатысушы елдердің алдында жақын болашақта тұрған негізгі міндеттер - Шарт бойынша міндеттемелердің толық көлемде орындалуын қамтамасыз ету болып табылады. Одан туындайтыны энергия транзиті, саудасы, инвестициялар, қоршаған ортаны қорғау мен энергияның нәтижелілігі салаларында халықаралық ынтымақтастықтың өсуі болып табылады. Қол жетілген нәтижелерді дамыта отырып Хартия процессі

шынайы ашық, ешбір кемсітушіліксіз нарық құру мақсатын жүзеге асыруда басты рөл атқаруға дайын.

Шығыс пен Батыс елдері арасында энергетикалық ынтымақтастықтың құқықтық негізін қалайтын көп жақты халықаралық шарт жасау идеясын тұңғыш рет Нидерланд премьер-министрі Любберс мырза көтеріп, Европалық комиссия қолдаған болатын (Комиссия).

Европалық Одақ елдерінің формалды түрдегі тәуелсіздігіне және олардың әрқайсысының энергия қауіпсіздігі бойынша өздерінің ұлттық стратегиясының болуына қарамастан, кірігудің қазіргі деңгейінде бүкіл Одақтың энергетикалық қауіпсіздігі стратегиясы барған сайын үлкен маңызға ие болып келе жатыр.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ЕО басты құжаты 17.12.1991 жылы Гаага конференциясында қол қойылған Европалық энергетикалық Хартия болып табылады, ол Европалық Одақтың оның энергетика саласындағы негізгі жеткізіп берушілерімен қарым-қатынасын дамытудың саяси іргетасы болып табылады [60, с. 44-45].

1991 жылғы 17 желтоқсанда Гаагада 46 мемлекет құқықтық жағынан міндетті емес болып табылатын, энергетикалық ынтымақтастықты нарықтық экономика, ашықтық және бәсекелестік негізінде дамыту мүдделерін белгілейтін Европалық энергетикалық Хартияға қол қойды. Оның атауына қарамастан Европалық энергетикалық Хартияның тараптары тек Европа мемлекеттері ғана болған жоқ. Оған ЕО мүше елдерді қоса есептегендегі ОЭСР, АҚШ, Канада, Жапония және Австралия, жаңа Зеландия (Батыс блок), сондай-ақ барлық бұрынғы КСРО елдері және экономикалық өзара көмек Кеңесі елдері кірді (Шығыс блок). Қазіргі таңда ЕЭХ тараптары елу сегіз мемлекет, сондай-ақ екі Европалық қауымдастық (Европалық қауымдастық және Евроат) болып табылады.

Европалық энергетикалық Хартия заңдық міндетті шарт құрастыруды қарастырған болатын. Декларативтік сипатта болып келетін және энергетика саласындағы халықаралық қатынастарды ірілендіруге саяси ерік білдірген Энергетикалық Хартияның негізінде 1994 жылы Энергетикалық Хартияға қосымша шарт құрастырылып, қол қою үшін ашық болды (ДЭХ).

Үш жылдық келіссөздердің қорытындысы бойынша 1994 жылғы 17 желтоқсанда Лиссабонда Энергетикалық Хартияға қосымша шарт қол қою үшін ашылды (ДЭХ, немесе шарт). Оның тараптары Европалық энергетикалық Хартияның тараптарының барлығы емес, бірақ басым көпшілігі болды. Канада мен АҚШ, келіссөздерге қатысқанымен соңғы нәтижесінде ДЭХ-қа қол қоймады. ДЭХ 1998 жылғы 16 сәуірде оның депозитариіне (Португалия Үкіметіне) 30-шы ратификациялық грамота тапсырылған кезде күшіне енді.

Қазіргі таңда ДЭХ елу бір мемлекет және екі Европалық қауымдастық қол қойды. ДЭХ-қа қол қойған мемлекеттер оны ратификациялаған (46 мемлекет), ДЭХ-ты ратификацияламаған (Австралия, Беларусь, Исландия және Норвегия) мемлекеттерге бөлінеді. Беларусь ДЭХ-ты ратификациялағанға дейін уақытша негізде қолданады. ДЭХ-ті ратификациялаған мемлекеттер-формалды түрде оның келісуші тараптары деп танылатын Шарттың толыққанды қатысушылары болып табылады. Қазақстан Республикасы Энергетикалық

Хартияға Шартты және Энергетикалық Хартияға қосымша энергетикалық тиімділік және онымен қатар жүретін экологиялық мәселелер туралы хаттаманы 1995 жылы ратификациялады.

Энергетикалық Хартия мен ДЭХ-ты құрастыру мен оған қол қою тарихы мерзімі бойынша бірнеше елеулі оқиғалармен тұспа-тұс келді: КСРО-ның тарауы және жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы (1991), келіссөздердің Уругвай раундының аяқталуы және ХСҰ бойынша келісімге қол қойылуы (1994), еркін сауданың солтүстік америкалық аймағын құру туралы келісімнің күшіне енуі (1994), Европалық энергетикалық нарықтың либералдануының басталуы (1988) [20, с. 44]. Бұл тарихи факторлар келіссөз процессіне келесідей ықпал етті:

ДЭХ үлкен саяси қысым көрсетудің арқасында шартты түрде қысқа мерзімде қол жеткізілген күрделі келісімге келудің жемісі болды, мұның өзі оның мәтінінен айқын көрініс тапты, олардың көпшілігі көп мағыналы, қарама-қайшылыққа толы, ал кейде тіпті жеткілікті түрде теңгерімге келтірілмеген сипатта болып келеді. Негізгі сынға ұшырағаны ДЭХ-тың теңгерілмегендігі мен оның транзиттік ережелерінің тиімсіздігі болды. Соңғы мәселе ДЭХ-ты уақытша қолдануды тоқтату туралы шешім қабылдау кезінде басты маңызға ие болды [21, с. 17].

ДЭХ-тың құқықтық құзыреттілігі технологияларды беру, бәсекелестік, экологиялық мәселелер, мемлекеттік кәсіпорындар, табиғи қорларға егемендік сияқты мәселелерге таралады. Және өзінің қызметінің әрбір саласында ДЭХ бірыңғай «ойын ережелерін» белгілейді, бір жағдайларда-қатаң, ал екіншісінде - нормалардан ауытқушылықтарға жол беретін [86].

Н.Л. Шилованың пікірінше, ДЭХ ережелерінде қалыптастырылмаған бірақ барлық қатысушылар үшін айқын болып табылатын басты мақсат бар: ГАТТ/ВТО режимін түрлі экономикалық жүйелері бар мемлекеттер арасындағы энергетикалық ынтымақтастық қатынастарына таратуды жылдамдату. Бұл жерде энергетикалық ынтымақтастық өнімді бөлу туралы келісімдер мен жеткізіп беру шарттарының қарапайым жиынтығы ғана емес, кең көлемде қарастырылады. Энергияны алып жүрушілермен сауда жасау үшін белгілі бір бірлестікке кіру, кірігудің қажеттігі болмайды [88, с. 106].

ДЭХ-та қарастырылған көптеген құқықтар мен міндеттер «қатаң құқық» ережелері сипатында болып келеді. Мысалы ДЭХ-ты ратификациялаған мемлекеттер осы мемлекеттің энергетика саласына инвестициялауды жүзеге асыратын қол қойған өзге мемлекеттің азаматтары мен заңды тұлғаларына ұлттық режимді немесе ұлттың неғұрлым тиімді жағдай жасау режимін таратуға міндеттеме алады (олардың қайсысы неғұрлым тиімді болып табылатынына қарай). Жоғарыда аталған нормаларды жүзеге асыру заңдық міндетті арбитраж арқылы немесе тарифтер мен сауда бойынша Бас келісім шеңберінде пайдаланылатын ережелерге ұқсас болып келетін дауларды шешу процедураларының көмегі арқылы кепілдендіріледі [88, с. 70-71].

ДЭХ-кешенді құжат. Ол 8 бөлімнен тұрады және сонымен бірге оның құрамына 14 қосымша және 5 конференция шешімдері кіреді, оларға ДЭХ

мәтiнiнде сiлтемелер бар және олар сол арқылы оның ажырамас бөлiктерi ретiнде қарастырылады [88, с. 71].

ДЭХ инвестицияларды қорғауды да, сауданы да қамтитын тұңғыш құқықтық мiндеттiлiгi бар көп жақты келiсiм болып табылады. Сонымен қатар Шарт энергетикалық жүйелерге транзиттiк ережелердi қолдануды қарастырады, сондай-ақ жалпы ережелер ретiнде заңдық мiндеттi халықаралық арбитраждық дауларды шешу жүйесiн қарастырады [88, с. 91].

ДЭХ әрекет ету саласына энергетикалық материалдар мен өнiмдердi барлау, алу, өңдеу, өндiру, сақтау, құрлық бойымен тасымалдау, беру, бөлу, саудалау, сату, өткiзу кiредi. Екiншi жағынан, ДЭХ әрекет етуiне мұнай, мұнай өнiмдерi, газ, мұнай (қосалқы) және көмiрсутектер, оларды өңдеу өнiмдерi (түрлi өңдеу деңгейiндегi), көмiр, лигниттер, кокс, торф, майлар, электр энергиясы, уран, тiптi отындық ағаш та кiредi [88, с. 95].

ДЭХ субъектлiк құрамы бiртектес емес. Бiрiншiден, ДЭХ құрамына мемлекеттер де халықаралық ұйымдар да кiредi (Европалық қауымдастық). Шарттың аралас сипаты оған қатысушы мемлекеттердiң көзқарастарын нығайта түседi, олар сонымен бiр қатарда Евроодаққа кiредi, сондықтан да ДЭХ-ты қолдану мен дамыту туралы шешiмдер қабылдау барысында бiртұтас майдан құра алады. Екiншiден, ДЭХ өз құрамында алғашқыларының басым көпшiлiк болғанына қарамастан импорттер мемлекеттер де, экспорттер мемлекеттер де кiредi. Энергияны экспорттаушы маңызды мемлекеттер iшiнен ДЭХ-қа кiретiндерi тек Әзербайжан, Түркменстан, Өзбекстан және Қазақстан (Норвегия мен Австралия ДЭХ-ты ратификациялаған жоқ). Таяу Шығыстың, Африканың, Латын Америкасының экспорттаушы елдерi ДЭХ-қа қол қойған жоқ. Бұл ДЭХ-ты негiзiнен энергияны импорттаушы мемлекеттердi бiрiктiретiн құрал санатына жатқызуға мүмкiндiк бередi.

ДЭХ географиялық қамтуы Европа елдерiне, бұрынғы КСРО мемлекеттерiне, Азия (Жапония, Моңғолия, Турция) және Австралия таралады, бұл ДЭХ-ты өңiрлiк шеңберден шығарғанымен оған әмбебаптық сипат пен «жалпы таныған» сипат бере алмайды. ДЭХ-мәтiндiк құрылымы күрделi. Негiзгi мәтiнмен қатар оның құрамына оның ажырамас бөлiктерi болып табылатын он төрт қосымша мен бес шешiм кiредi. Сонымен қатар қосалқы нормалардың үш тобы қызмет етедi: декларациялар, хаттамалар және түсiну. Хаттамалар-заңдық мiндеттi келiсiм, декларация-заңдық күшi жоқ құжаттар, ол екi немесе одан көп тараптар арасында жасалынуы мүмкiн. Ұғыну мәртебесi анықталмаған, iс жүзiнде олар ДЭХ-тың нақтылы нормаларын түсiндiредi. ДЭХ-қа қол қоюмен бiр мезетте көптеген декларациялар мен ұғынулар қабылданды олардың жекелеме ережелерi бойынша энергетикалық тиiмдiлiк және тиiстi экологиялық мәселелер бойынша Хаттамаға және Энергетикалық Хартияға қол қойылды. 1998 жылы Энергетикалық Хартияның транзит бойынша Хаттамасы бойынша келiссөздер басталды, бiрақ олар сол күйi аяқталған жоқ.

ДЭХ институционалдык құрылымы құрамына Энергетикалық Хартия бойынша конференция, Секретариат және қосалқы органдар кiредi. Конференция халықаралық үкiметаралық ұйым болып табылады. Оған барлық

ДЭХ- қа қол қойған тараптар мүше болып табылады. ДЭХ- қа қол қоймаған 24 ел мен 10 халықаралық ұйым конференцияның бақылаушылары болып табылады.

Конференцияның маңызды өкілеттіктеріне ДЭХ- тың орындалуын қадағалау, ДЭХ- мәтініне түзетулер енгізу туралы шешім қабылдау, ДЭХ- қа жаңа тараптардың қосылуы мәселесі, хаттамалар мен декларациялар бойынша келіссөздерге санкция беру мәселелері. Сонымен қатар, конференция энергетиканың кең көлемдегі мәселелері бойынша пікір алмасатын форум қызметін атқарады. Конференция кезеңдік негізде шақырылады. Секретариат Конференцияның атқарушы органы болып табылады. Секретариатқа төрт жұмыс тобы (инвестициялар, тариф және сауда бойынша, энергияның тиімділігі бойынша және стратегия бойынша) және заңдық кеңес беру тобы қолдау көрсетеді. Секретариаттың басшылығымен ОЭК саласында маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі, энергетиканың өзекті мәселелері бойынша баяндамалар мен шолулар әзірленеді, үлгілік келісімдер дайындалады.

ДЭХ нормаларының заңдық күші әр түрлі. ДЭХ құрамына қатаң міндеттемелер сипатында болып келетін барлық нормалар, сондай-ақ ұмтылысты білдіретін «жұмсақ нормаларды» құрайтын нормалар кіреді. Сонымен қатар ДЭХ нормалары (кейбір ерекшеліктермен) тараптар арасындағы дауларды міндетті арбитраждық шешу тетіктерімен қорғалған (27 бап), мұның өзі тіпті ұмтылыс нормаларының өзіне белгілі бір деңгейдегі заңдық күш береді. Кейбір қатынастар параллельді түрде қатаң және жұмсақ нормалармен олардың иерархиялық бағыныштылығын анықтамастан реттеледі, мұның өзі тараптардың тиісті қатынастарға реттеудің қандай сипатын қолданғысы келетінін түсінуді қиындатады. ДЭХ инвестициялық нормалары «екіленген қорғаныс деңгейіне» ие, себебі оларға инвесторлар мен қабылдаушы тараптар арасындағы дауларды арбитраждық шешу тетіктері де таралады (26 бап). ДЭХ тікелей әрекет ету құқығына ие ме деген мәселе, демек, ол тараптардың ұлттық соттарында қолдануға жатқызыла ма деген мәселе пікірталастық болып келеді, бірақ арбитраждық жағынан ДЭХ тан туындайтын «көлбеу» (мемлекетаралық) және «диогоналды» (инвестициялық) дауларды бейтарап халықаралық органдарда шешуге мүмкіндік береді, олардың шешімдерін ДЭХ тараптары тануға және өз аумағында орындауға міндетті болады.

ДЭХ–тың жарияланған мақсаты «Хартияның мақсаттары мен принциптеріне сәйкес энергетика саласында өзара бір-бірін толықтыратын және өзара пайдалы ұзақ мерзімдік ынтымақтастыққа қолдау көрсету» үшін құқықтық шеңбер құру болып табылады (2 бап). Сонымен, ДЭХ ережелерін түсіндіру кезінде оның тек нақтылы құрастырылған мәтіндері ғана емес, сонымен қатар Европалық энергетикалық Хартияның мақсаттары мен принциптері де назарға алынуы тиіс.

ДЭХ мазмұны бойынша энергетика саласындағы кең көлемдегі кешенді қатынастарды қамтиды. ДЭХ нормаларын шартты түрде үш басты модульдерге: сауда, инвестициялық және транзиттік деп бөліп қарастыруға болады.

Сауда саласында ДЭХ тұтас алғанда тарифтер мен сауда туралы Бас келісім (ГАТТ) ережелеріне және олармен байланысты құжаттарға негізделеді.

ДЭХ-тың 29 бабы тараптар арасындағы энергетикалық сауданы олардың бірі ГАТТ тарапы болмағанның өзінде де ГАТТ ережелеріне бағындырады. Демек ХСҰ кірмейтін ДЭХ тараптары энергиямен саудада оған кірмей тұрып ақ осы мекеменің саудадағы энергия ережелеріне бағынады (G қосымшасында құрастырылған алып тастауларымен). ДЭХ-қа қатысатын ХСҰ мүшелері арасындағы қатынастар тек қана ГАТТ нормалары және олармен байланысты құжаттар арқылы реттеледі (4 бап).

2010 жылдың қаңтар айында күшіне енген 1998 жылғы сауда түзетулері ДЭХ сауда ережелерінің әрекет етуін энергетикалық құрал-жабдықтармен саудаға да таратады.

ДЭХ II бөлімінде көрсетілген инвестициялық нормалар ДЭХ-тың негізгі мазмұны болып табылады. Олар екі түрлі мақсатты көздейді: нарыққа қол жетімділікті реттеу және инвестицияларды қорғау. Бұл нормалар ДЭХ-тың қабылдаушы тараптары мен ДЭХ-тың өзге тараптары ішінен шыққан инвесторлар арасындағы қатынастарға біріншісінің аумағына капитал енгізуді жүзеге асырумен байланысты таралады.

Қазіргі таңда ДЭХ инвестициялық нормаларымен байланысты мәселелер айқын көрініс бере бастады.

Біріншіден, шет елдік инвесторлардың қол жетімділігін шектеу түріндегі энергетикалық нарықты ашу идеологиясы қазіргі жағдайға сәйкес келмейді.

Мемлекеттердің көпшілігі ОЭК саласына шет елдік инвесторлардың қол жетімділігін шектеу бойынша қолданыстағы нормаларды қолдайды және жаңа нормалар енгізуде [22, с. 207], демек, ДЭХ-тың инвестиция алды нормаларын іс жүзінде сақтамайды. Сондай-ақ мемлекеттердің ықпалы артып және ОЭК саласындағы активтердің консолидациялануы жағдайында ДЭХ қосымша инвестициялық шартта көрсетуді жоспаарлаған ОЭК-ті демонополизациялау және жекешелендіру идеясы да өзекті болудан қалады.

Екіншіден, бұрын соңды халықаралық құқықта қолданылып көрмеген «энергетикалық қорларға егемендік» деп аталатын бапқа енгізілген энергетикалық қорларға ешбір кемсітушіліксіз қол жетімділікке қолдау көрсету міндеттемесі, өз негізінде жалпы таныған табиғи қорларға егемендік принципін жоққа шығарады. Ол тараптарды осы принциптің ең маңызды элементтерінің бірі-шет елдік инвесторлар үшін өзінің қалауы бойынша кемсітушіліксіз құқықты алып тастау бойынша құқықтан айырады (ст. I (2) бабы 1962 жылғы 14 желтоқсандағы ГА ООН N 1803 резолюциясы «Табиғи қорларға ажырамас егемендік»). Тараптарға қорларға кемсітушіліксіз қол жеткізу үшін кедергілер жасалынбайтындай ету үшін қорларға меншік жүйесін реттеуге тиым салынады (08 баптың 2 тармағы ДЭХ). Сонымен қатар, жалпы инвестиция алды нормаларға қарағанда әлдеқайда қатаң құрастырылған бұл міндеттеме ОЭК-тің өзге сегменттерімен салыстырғанда «upstream» саласына қол жетімділікті барынша либералдандыра түседі, мұның өзі асимметриялық реттеу проблемасын тудырады. Қорларға қол жетімділікке қолдау көрсету міндеттемесімен салыстырғанда технологиялар (8 бап) мен капиталға (9 бап)

қол жеткізу бойынша міндеттемелер әлдеқайда жұмсақ болып келеді. Бұл шарттың теңгермешілігінің болмауы мәселесін тудырады.

Үшіншіден, ДЭХ-тың кейбір инвестициялық нормалары бір-біріне карама-қайшы келеді, ал иерархиялылықты анықтауда айқындықтың болмауы тиісті қатынастарды қалай реттеу қажет екенін нақтылы анықтауға мүмкіндік бермейді. Мысалы, ДЭХ-тың 10 бабының 1 тармағындағы қатаң инвестиция алды нормасы (инвесторларға «тең құқылы» жағдай тудыру міндеттілігі) өзінің сипаты бойынша ДЭХ-тың 10 бабының 2 тармағындағы жұмсақ инвестиция алды нормасына сәйкес келмейді (кемсітушіліксіз режим жасауға ұмтылыс). Қорғаныс түсініктемесімен белгіленген ДЭХ тарапының инвестициялық келісімдерді бұзуына міндетті түрде тиым салынатыны (10 баптың 1 тармағы) белгілі бір шарттарды сақтаған жағдайда мұндай әрекетті жасауға мүмкіндік беретін 13 бапқа сәйкес келмейді (экспроприация эффектісі бар).

ДЭХ реттейтін басты мәселелерге келетін болсақ оларды жетілдірудің кең көлемдегі мүмкіншіліктері бар екенін анықтауға болады. Мысалға ДЭХ-тың инвестициялық және транзиттік ережелерін алуға болады.

«Инвестициялық модуль» - ДЭХ-тың ең басты және сонымен қатар ең күрделі бөлігі болып табылады. Келісуші тараптардың өзге шарттарымен коллизия болған жағдайда ДЭХ-тың неғұрлым инвестициялар үшін тиімді шарттары басымдыққа ие болады, мұның өзі біріншісінде келтірілген алып тастауларды еңсеруге мүмкіндік береді. Бұл жағдай АҚШ-тың ДЭХ-қа қол қоймау туралы шешім қабылдауында маңызды рөл атқарды, себебі американдықтардың еркін сауда туралы солтүстік америкалық ассоциация шеңберінде келісілген энергия саласындағы алып тастаулардың ДЭХ көмегімен еңсерілуі мүмкін екенін айқын түсінді. Ресей мен ЕЭЫ арасындағы 1994 жылғы әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімге қатысты да осыған ұқсас жағдай қалыптасқан (СПС). СПС-ке 3 және 4 қосымшалардағы ОЭК-ке қатысты келтірілген алып тастаулар ДЭХ-тың неғұрлым либералды ережелерін қолдану арқылы еңсерілуі мүмкін. Екі шарттың да іс жүзінде бір мезетте жасалғанын есепке алатын болсақ бұл өте қызықты жағдай.

«Келісуші тараптардың нарықтарына қол жеткізуге арналған ДЭХ-тың «жұмсақ» нормалары «(инвестиция алды режимі), әдемі декларациядан оның ерекшеленген түріне көшуіне жол береді, сол арқылы мемлекетаралық арбитраж тетіктерімен жабдықталған нақтылы міндеттемелерге айналады. Өз кезегінде ДЭХ-тың 18 бабының 4 тармағы халықаралық құқықта бұрын сонды қолданылып көрмеген энергетикалық нарықтың жеке сегменті болып табылатын «upstream» саласына қол жетімділікке қолдау көрсету міндеттемесін қарастырады, ол табиғат қорларына егемендік принциптері арқылы мұндай міндеттемелерден қорғалып келген болатын. Сонымен қатар ДЭХ-қа болашақта ОЭК-ке толық көлемде «ашық есік» тұжырымдамасын енгізу және ОЭК-ті монополиясыздандыруға тиісті қосымша инвестициялық шарт жасау туралы «революциялық идея» енгізілген.

Көріп отырғанымыздай аталған нормалар көп жақты құралдарды құрастыруда прогресстің жоқтығымен сипатталатын инвестицияларды халықаралық реттеу саласындағы «статикалық» жағдаймен де, энергетика

саласына шет елдік инвесторлардың қол жетімділігін шектеуді қолданатын егеменді құқықтарды сақтауға ерекше маңыз беретін келісуші тараптардың заңнамаларының даму логикасымен де сәйкес келмейді [25, с. 255]. Осы жағынан алып қарағанда ДЭХ парадоксті жағдай тудырады. Экономиканың дәстүрлі түрде ең жабық салаларының бірі болып келген энергетика либералдандыру мәселелеріне келгенде халық шаруашылығының өзге салаларының барлығының «алдында» болған болып шығады.

ДЭХ дауларды арбитражды шешу тетігін қарастырады. Экономиканың стратегиялық саласының қызмет етуінің маңызды мәселелерін реттейтін нақтылы қалыптастырылмаған нормаларды қолдануды халықаралық арбитражға ұсыну салдарын болжап болмайтын қатерлі қадам болып табылады. Арбитраж мұндай жағдайда құқықты қолданушы емес, құқық шығармашылығы қызметімен айналысуы тиіс болады, мұның өзі келісуші тараптардың егеменді мүдделеріне сәйкес келмейді. Арбитраждың құпиялылық сипаты және прецеденттік көзқарастың болмауы ДЭХ-ты қолдану тәжірибесінің ашықтығы мен кезеңділігіне теріс ықпал ететін болады.

Тұтас алғанда Энергетикалық Хартияның халықаралық-құқықтық маңызы ол «қырғи-қабақ соғыс» аяқталғаннан кейін Батыс пен Шығыс елдері қол жеткізген бірінші келісім болып табылатынын атап өтуіміз қажет. Сонымен қатар Энергетикалық Хартияға қосымша шарт бұрынғы социалистік мемлекеттердің экономикаларының ГАТТ/ ХСҰ жүйесіне кірігуіне тиімді ықпал ететін көп жақты акт түрінде болып келеді. Сондықтан да Европалық энергетикалық Хартия өзінің маңызы бойынша өңірлік келісім шеңберінен шығып кетеді, ал оған қосымша шарт ХСҰ шеңберінде энергетикалық ынтымақтастықты реттеу үшін маңызды негіз құрайды [88, с. 114].

2.2 ЕАЭО шеңберінде энергетикалық қатынастарды құқықтық реттеу

Отын-энергетика кешені - ЕАЭО тұрақты және бәсекеге қабілетті дамуының маңызды негіздерінің бірі болып табылады. ЕАЭО мүше мемлекеттер пайдалы қазбалардың барланған отын-энергетикалық қорлары көлемі бойынша әлем бойынша алғашқы орындардың бірін алады. ЕАЭО мемлекеттері елдерінің аумағы 20 млн. кв. шаршы км асады (әлемдік құрлықтың 14%), Одақ тұрғындарының саны - 183,4 млн. жуық адамды құрайды (әлем халқының 2,4%). Сонымен қатар олардың үлесіне табиғи газдың әлемдік қорының бестен бірі және әлемдік экспорттың 50,0% астамы келеді; көмір қорының бестен бір бөлігінен астамы және әлемдік өндірісінің 4,9 %; әлемдік мұнай қорының 7,8%, әлемдік өндірісінің 14,2 % әлемдік экспорттың 18,0 %; әлемдік электр энергетикасы өндірісінің 5,1% келеді [89 с. 7].

ЕАЭО ОЭК үлесіне ішкі жалпы өнімнің 1/5, өнеркәсіп өндірісінің 1/3 астамы келеді. ЕАЭО энергетикалық мүмкіншіліктерінде жетекші орын Ресей Федерациясына тиесілі, оның үлесіне мұнай қорының 78,1%, газ қорының 96,9%, көмір қорының 81,5%, электр станцияларының белгіленген қуатының 89,9% келеді. Екінші орынды Қазақстан Республикасы иеленеді, оның үлесіне

тиісінше мұнайдың - 21,5%; газдың 2,7 %; көмірдің 17,4% және электр станциялары қуатының 7,6 % келеді (1 кесте).

Кесте 1 - ЕАЭО мүше мемлекеттердің 2017 жылғы энергетикалық мүмкіншіліктері

	Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғызстан	Ресей
1	2	3	4	5	6
Мұнай қоры, млрд.т	-	0,005	3,9	0,01	14,0
Газ қоры,млрд.куб.м	-	-	0,9	0,006	32,3
Көмір қоры, млрд.т	-	0,7	33,6	Более 1,0	157,0
Белгіленген қуат, ГВт	3,3	9,7	21,7	3,9	246,9
ТЭС	1,6	9,3	18,8	0,862	155,25
АЭС	0,4	-	-	-	27,9
ГЭС	0,96	0,04	2,5	3,03	51,6
ЖЭК	0,396	0,323	0,355	-	0,672

ЕАЭО мүше мемлекеттердің 2017 жылғы энергетикалық саласына қысқаша талдау жасар болсақ Ресей Федерациясының электр энергиясы өндірісіндегі - 1091 млрд. кВт.сағ/ж; тұтыну көлемі бойынша, ол іс жүзінде өндіру көлемімен бірдей болып келеді - 1060 млрд. кВт.сағ/ж; белгіленген қуаты 246,9 ГВт/г жетекші жағдайын атап өтуге болады. Одан кейін орналасқан Қазақстан мұнда да өндіру мен тұтынудың тепе-теңдік жағдайы сақталуда - 102,9 және 93,2 млрд. кВт.сағ/ж.

Статистикалық мәліметтер бойынша 413,8 Г/кВт көлеміндегі электр энергиясын өндіруге жұмсалатын отынның үлес салмағы Қырғызстанға келеді 377,3 Г/кВт - Қазақстан, 311,2 Г/кВт - Ресей,300 Г/кВт - Армения, 232,1 Г/кВт-Беларусь. Одақтың екі мемлекеті Армения мен Беларусьте электр энергиясын өндіруге жұмсалатын отынның үлес салмағының төмендеуі бойынша шығындардың қысқартылуы жергілікті және жаңартылатын отын-энергетика қорларын пайдалану есебінен жүзеге асты деген қорытынды жасауға болады.

Газбен өзара сауданың жалпы көлемінің өсу тенденциясы байқалады. Егер де 2016 жылы газбен өзара сауда көлемі 7,61 млрд. кВт.сағ. құраған болса, бұл 2015 жылғы көрсеткіштен 24% артық. 2017 жылы газбен өзара сауда көлемі 9,8 млрд. кВт.сағ. құрады, бұл 2016 жыл көрсеткіштерінен 28% артық.

Одақ елдері арасындағы өзара газ саудасы бойынша нарықтағы ең басты экспортер Ресей Федерациясы болып табылады. Ресей Арменияға 2 млрд. м куб көлемінде экспорттайды, Беларуське тасымалдау 19 млрд.м.куб. құрайды, Қазақстанға газ экспорты 3,5 млрд.м.куб құрайды. Ал Қазақстаннан Ресейге газ

экспорты 7,8 млрд.м.куб құрайды. Қазақстаннан Қырғызстанға - экспорт - 0,3 млрд.куб.

Евразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі интеграциялық процесстерді қарай келе энергетика саласындағы міндеттерді келесідей сипаттауға болады: энергетика саласында ұзақ мерзімдік ынтымақтастықты дамыту; үйлестірілген энергетикалық саясатты жүзеге асыру; энергетикалық қорлардың ортақ нарығын кезеңдеп қалыптастыру.

Евразиялық экономикалық одақтың энергетикалық қорларының ортақ нарығын қалыптастырудың негізгі кезеңдеріне қысқаша тоқталып өтелік. Барлық аталған нарықтар үшін ЕАЭС жоғары Кеңесі бекіткен нарықты қалыптастыру тұжырымдамасы, бағдарламасы қарастырылады, ал бағдарлама іс-шаралары аяқталғаннан кейін мүше-мемлекеттер халықаралық шартқа отырады.

ЕАЭС шеңберінде энергетикалық қатынастарды құқықтық реттеу үш бағытта жүзеге асырылады: ЕАЭС-тің ортақ электроэнергетикалық нарығын қалыптастыру, ЕАЭС-тің ортақ мұнай және мұнай өнімдері нарығын қалыптастыру, ЕАЭС-тің ортақ газ нарығын қалыптастыру.

ЕАЭС-тің ортақ электроэнергетикалық нарығы – бұл ЕАЭС-ке мүше мемлекеттердің (бұдан әрі мүше - мемлекеттер) параллель жұмыс істейтін электроэнергетикалық жүйелер негізінде ішкі көтерме электроэнергетикалық нарықтарының субъектілері арасындағы қатынастар жүйесі. Ол электр энергиясын (қуаттарды) сату-сатып алумен байланысты және ЕАЭС ортақ энергетикалық нарығын реттейтін актілер және осы нарық субъектілері арасындағы тиісті шарттар негізінде әрекет етеді.

Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығын қалыптастыру баға қалыптастыру және тарифтік саясат негіздерін қоса есептегендегі электроэнергетика саласындағы табиғи монополия субъектілерінің қызметіне қол жетімділікті қамтамасыз ету туралы Хаттаманың 5 тармағында көрсетілген принциптер негізінде жүзеге асырылады [26, с. 208].

2014 жылғы 29 мамырдағы ЕАЭС туралы шарттың 104 және 81 баптарына сәйкес (бұдан әрі ЕАЭС туралы шарт) Жоғары Евразиялық экономикалық Кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 12 шешімімен одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығын қалыптастыру Тұжырымдамасы бекітілген (бұдан әрі тұжырымдама) [91].

Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығын реттейтін және мүше-мемлекеттердің электроэнергетика саласындағы заңнамаларын үйлестіретін акт құрастыру электроэнергетика саласын реттеуге құзыреттілік берілген мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының бірлесе әрекет етуі арқылы жүзеге асырылады.

Ортақ электроэнергетикалық нарықты қалыптастыру кезеңдері тұжырымдаманың XIII тарауында анықталған.

I кезең (2015 жылдың III және IV тоқсандары - 2016 жылдың I және II тоқсандары). Бағдарламаны құрастыру және бекіту.

II кезең (2016 жылдың III және IV тоқсандары - 2018 жылдың I және II тоқсандары). Бағдарлама іс-шараларын орындау. Кезеңнің негізгі нәтижесі

ЕАЭС-тің ортақ электроэнергетикалық нарығының қызмет етуін қамтамасыз ететін барлық қажетті құқықтық, институционалдық, технологиялық және өзге де жағдайлардың жасалынуы тиіс болып табылады.

Екінші кезеңде мүше-мемлекеттер сонымен қатар:

ЕАЭС-тің ортақ электроэнергетикалық нарығының технологиялық негізін қалыптастырады;

Тігінен кіріктірілген құрылымдар ішінен қызметтің бәсекелік және монополиялық түрлерін бөліп көрсетеді;

ЕАЭС ортақ электроэнергетикалық нарығын қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес ЕАЭС-тің ортақ электроэнергетикалық нарығын реттейтін актілер құрастырады.

III кезең (2018 жылдың III және IV тоқсандары - 2019 жылдың I және II тоқсандары)

Бұл кезеңде мүше-мемлекеттер қамтамасыз етуі тиіс:

ЕАЭС-тің ортақ электроэнергетикалық нарығының технологиялық негізінің қызмет етуін;

Электрэнергетика саласындағы табиғи монополия субъектілерінің қызметіне қол жетімділіктің ортақ ережелерінің болуын қоса есептегендегі ЕАЭС-тің ортақ электроэнергетикалық нарығын қалыптастыру туралы халықаралық шарттың күшіне енуі.

2019 жылдың 1 шілдесінен кейін ЕАЭС-тің ортақ электроэнергетикалық нарығының дамуы мен қызмет етуі халықаралық шарт, ЕАЭС-тің және мүше-мемлекеттердің құқықтық актілері арқылы анықталады.

Ортақ газ нарығын құрғанға дейін ЕАЭС-тің ортақ электроэнергетикалық нарығының ЕАЭС-ке мүше мемлекеттер құзыреттілік берген субъектілік құраммен қызмет етуі қарастырылады.

Евразиялық экономикалық одақтың ортақ энергетикалық нарығының бәсекелестік бастаулар негізінде толыққанды жұмыс істей бастауы ортақ газ нарығы құрылғаннан кейін жүзеге асырылады деп қарастырылған.

Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығының қызмет етуі үшін жағдай жасау мақсатымен мүше-мемлекеттер:

- ақпарат алмасу ережелері құрастырылады, олар режимдерді жылдық, айлық, тәуліктік және тәулік ішілік жоспарлау, энергия жүйесінің есептік моделдерін қалыптастыру, мүше мемлекеттердің электроэнергетикалық жүйелерінің параллель жұмыс істеуін жоспарлау мен басқару процессінде жүйелік операторлардың бірлесе әрекет етуі, сондай-ақ Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығын технологиялық қамтамасыз ету бойынша қажетті қызметтерді жүзеге асыру үшін жеткілікті көлемдегі технологиялық ақпарат алмасу тәртібін қарастыратын ақпарат алмасу ережелері құрастырылады;

- мүше-мемлекеттердің электроэнергетикалық жүйелері мен электроэнергетикалық нарықтарының қызмет етуі туралы мәліметтер негізінде Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығының субъектілерінің бірлесе әрекет етуін қамтамасыз ететін ақпарат алмасу жүйесі қалыптастырылады;

- кезек күттірмейтін келісімшарттар бойынша орталықтандырылған сауда жүргізуді қамтамасыз ететін сауданың электронды жүйесі қалыптастырылады;

- бір тәулік бұрын үйлестірілген сауданы жүзеге асыруды қамтамасыз ететін сауданың электронды жүйесі қалыптастырылады;

- Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығы субъектілерінің бірлесе әрекет етуін қамтамасыз ететін және аталған талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесіне, мәліметтер алмасу мен байланыс каналдарының ақпараттық жүйесіне техникалық талаптар құрастырылады.

Қолданыстағы электр берудің мемлекетаралық желілері халықаралық шарт күшіне енгеннен кейін Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығының қызмет етуін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекетаралық электр желілерін дамыту мақсатында мүше-мемлекеттер мемлекетаралық электр желілерін дамыту туралы ереже құрастырады, ол келесі мәселелерді қарастырады:

Электр берудің мемлекетаралық желілерін салудың мерзімі мен параметрлеріне келісім алу бойынша ұсыныстар әзірлеу тәртібі;

Мемлекетаралық электр желілерін дамыту тетіктері;

Ұйымға мүше мемлекеттердің даму бойынша ұсыныстар әзірлеуге, мемлекетаралық электр беру желілерін құру мерзімі мен параметрлері бойынша келісімге келу бойынша құзыретті өкілдерді анықтау.

Еркін екі жақты шарттар бойынша электр энергиясымен өзара сауданы дамыту үшін мүше-мемлекеттерде:

еркін екі жақты шарттар бойынша электр энергиясымен өзара саудаға қатысушылардың құрамы қалыптастырылады;

мүше-мемлекеттердің электроэнергетикалық нарықтарының ерекшеліктерін есепке ала отырып құрастырылатын одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығында электр энергиясымен өзара сауда жасау ережелерін құрастырады;

еркін екі жақты шарттар бойынша өзара сауда жүргізудің технологиялық негізі қалыптастырылады, оның ішінде осы Бағдарламаның ІХ тарауына сәйкес құрастырылатын электр берудің мемлекетаралық желілерінің өткізу қабілеттерін анықтау мен бөлу ережелерінде, еркін екі жақты шарттар бойынша электр энергиясымен өзара саудаға қатысушылар арасындағы өткізу қабілеттілігін есепке алу мен бөлу тетіктері қарастырылады.

Мүше мемлекеттер Комиссиямен бірлесе отырып ЕАЭС-тің ортақ электроэнергетикалық нарығының қалыптасуы мен қызмет етуін қамтамасыз ететін ЕАЭС ортақ электроэнергетикалық нарығын реттейтін актілер жүйесі құрастырылады.

Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығын реттейтін актілер жүйесіне мыналар кіреді:

Электроэнергетика саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қол жетімділіктің бірыңғай ережелерін қоса есептегендегі ЕАЭС ортақ электроэнергетикалық нарығын қалыптастыру туралы халықаралық шарт;

ЕАЭС ортақ электроэнергетикалық нарығының ережелер жинағы құрамына мыналар енеді:

Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығына қол жетімділік ережелерін қоса есептегендегі ЕАЭС ортақ электроэнергетикалық нарығында электр энергиясымен өзара сауда жасау ережелері;

Электр берудің мемлекетаралық желілерінің өткізу қабілеттілігін анықтау және бөлу ережелері;

Мемлекетаралық электр желілерін дамыту туралы ереже;

Ақпарат алмасу ережелері;

Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығын реттейтін өзге де актілер.

ЕАЭС ортақ электроэнергетикалық нарығының ережелер жинағын қабылдау тәртібі халықаралық шарт арқылы анықталады.

ЕАЭС мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарығы - бұл ЕАЭС-ке мүше мемлекеттердің аумағында мүше мемлекеттердің қажеттіктерін қанағаттандыру үшін қажетті мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, тасымалдау, жеткізіп беру, өңдеу және өткізу салаларындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің сауда-экономикалық қатынастарының жиынтығы.

ЕАЭС- тің ортақ газ нарығы - бұл ЕАЭС-ке мүше мемлекеттердің мүше мемлекеттер арасында газды тасымалдау және жеткізіп беру саласында шаруашылық жүргізуші субъектілердің сауда-экономикалық қатынастарының жиынтығы.

Алайда кірігудің ағымдағы процессі Ресей мен Қазақстан арасында мұнай мен мұнай өнімдерімен өзара саудаға қатысты бірнеше келіспеушіліктерді туындатты, ең бастысы Ресейдің түрлі қатысушы мемлекеттерге қатысты түрлі шарттарды пайдалануына байланысты туындады. Мысалы Ресейдің Беларусьпен Кеден одағының жұмыс сызбасы шикі мұнайды Беларуське кедендік төлемсіз жеткізіп беруді қарастырады, бірақ Беларусь Ресей импорттаған шикі мұнайдан өндірілген тазаланған мұнай өнімдерін экспорттаудан түскен экспорттық төлемдерді Ресейге беруге тиіс болады [92, б.46].

2014 жылдың мамыр айында қол қойылған ЕАЭС шеңберіндегі жаңа келісімде бұл ереже күшін жойды және Беларусь мұнай өнімдеріне барлық экспорттық төлемдерді өзінде қалдыру мүмкіндігіне ие болды. Бұл Беларусь бюджетінің жыл сайын қосымша 4 млрд. АҚШ долларын алу мүмкіндігі болатынын білдіреді. ЕАЭС-ке мүше болып енген Армения, Қырғызстан сияқты жаңа қатысушылар үшін Ресейлік мұнай өңдеу өнімдеріне экспорттық төлемдер толық алынып тасталды. Алайда ішкі сұранысты қанағаттандыру үшін Ресейден шикі мұнайды да, мұнай өнімдерін де импорттайтын Қазақстанға қатысты Қазақстанға Ресей мұнайын жеткізіп берумен байланысты экспорттық төлемдерден жоғалтулар үшін өтемақы төлеуді талап етіп отыр. 2012 жылдың маусым айында қол қойылған екі жақты келісім шарттарына сәйкес Қазақстан Ресейге 1,3 млн. тонна мұнай өнімдерін кедендік төлемсіз жеткізіп бергені үшін өтемақы ретінде жыл сайын 1,5 млн. тонна шикі мұнай жеткізіп беріп отыруға міндеттеме алды. Мәскеу сол кезде Қазақстанға мұнай

өнімдерін кедендік төлемсіз жеткізіп беру арқылы жыл сайын 780 млн. доллар жоғалтып отырамыз деп мәлімдеген болатын (мәтіндік қосымшаны қараңыз).

Шикі мұнаймен сауданы реттейтін тағы да бір үкіметаралық келісім (2010 ж.), Қазақстанға шикі мұнайды импорттау өзге негізде жүзеге асырылады деп көрсетеді, оған сәйкес жоғалтулар тікелей Ресей тасымалдаушыларына ұсынылатын қазақстандық шикі мұнайды тиісінше көлемде тікелей жеткізіп беру арқылы өтеледі деп көрсетілген. Қазақстан Ресейге өтемдік мұнайды жеткізіп беруді тек 2014 жылдың екінші жартысында бастады, онда 2012 жылы Ресейден алынған мұнай өнімдеріне экспорттық төлемдердің орынын жабу үшін Ресейге шикі мұнай жіберілді. Бұл екі жақты келісімдер кедендік төлемсіз берілетін мұнай мен мұнай өнімдерін реэкспорт жасауға тікелей тиым салынуын қарастырады, сондай-ақ Қазақстан мен Ресейдің өздерінің экспорттық төлем бойынша қатынастарын 2015 жылға қарай толық үйлестіруге қол жеткізгісі келетінін көрсетеді.

ЕАЭС электр энергиясы нарығына келетін болсақ қатысушы мемлекеттер бір-бірінің инфрақұрылымына кемсітушілік қол жеткізуді қамтамасыз ету (ішкі сұраныстар қанағаттандырылған және техникалық қуаттардың жеткілікті көлемде болған жағдайда), сондай-ақ барлық қатысушы мемлекеттердің электр энергиясы нарықтарына сатушылар мен сатып алушылардың қол жеткізуіне кепілдік беру есебінен өздерінің заңнамалық базаларын үйлестіру туралы келісімге келді. Жеткізіп беру тарифтерін есептеу әдістемесін қоса есептегендегі қатысушы мемлекеттер арасында электр энергиясын жеткізіп беру тетіктері құрастырылды, сондай-ақ 2015 жылы ортақ нарықты дамыту тұжырымдамасы қабылданды.

Табиғи газ нарығына қатысты ЕАЭС мемлекеттері өздерінің тиісті ұлттық монополияларының газ тасымалдау инфрақұрылымы қызметіне қол жетімділікті қамтамасыз етуге келісті, мұнда газды тасымалдауда ішкі нарық сұранысын қанағаттандыруға басымдық берілетін болды.

Мұнай мен мұнай өнімдері нарығына қатысты қатысушы мемлекеттер КСРО кезінен бері жұмыс істеп келе жатқан транзиттік лектер жүйесін жалғастыра отырып мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау үшін өз инфрақұрылымдарына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы келісімге келді. Алайда тарифтер әрбір мемлекеттің өз заңнамаларына сәйкес белгіленетін болды, бірақ ұзақ мерзімдік болашақта оларды да үйлестіру жоспарлары бар. Мұнай құбырлары арқылы тасымалдау тарифтеріне келетін болсақ Қазақстан мен Беларусь экспорттық және ішкі жеткізіп берулерге тарифтерді дифференцияциялауға ұмтылуда, ал Ресей болса жеткізіп берудің барлық түрлері үшін бірдей тарифтердің болғанын қолдайды. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей мұнай мен мұнай өнімдеріне экспорттық кеден төлемдерін есепке алу жеке келісімдер арқылы реттеледі.

Зерттелетін мәселе Евразиялық экономикалық одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығын қалыптастырумен байланысты жаңа мүмкіншіліктер мен жаңа қырларын ашып береді. ЕАЭО шеңберіндегі тиісті халықаралық шартқа отыру және оның күшіне енуі 2019 жылдың шілде айына жоспарланып отыр.

ЕАЭО ортақ электроэнергетикалық нарығын қалыптастыру бағдарламасы құрамына Одақтың электроэнергетикалық ортақ нарығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін өзара байланысты ұйымдастырушылық, технологиялық және өзге де іс-шараларды, әрекеттерді кезеңдеп жүргізуді, жүзеге асыру мерзімдерін, орындаушыларды, қаржыландыру көздерін, сондай-ақ Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығын реттейтін Одақ органдарының актілерін құрастыруды қарастырады.

Бағдарлама іс-шараларын орындау нәтижесінде Одақтың ортақ электроэнергетикалық нарығының субъектлік құрамы, әдістемелік, ұйымдастырушылық, инфрақұрылымдық, технологиялық және құқықтық негіздері қалыптастырылатын болады.

ЕАЭО ортақ электроэнергетикалық нарығын қалыптастыру бес мемлекеттің ғалымдары шешуі тиіс тұтас мәселелер топтамасын тудырады.

Бірінішіден, дамудың түрлі кезеңдерінде ЕАЭО ортақ электроэнергетикалық нарығына қатысушылардың субъектлік құрамымен негізделетін мәселелер, оның құрамына ВИК жекелеме қатысушылардың олар бөлінгенге дейінгі нарықтық қуаттарының сәйкес келмеуі, бірнеше мемлекеттерде көтерме нарық және көтерме нарық субъектілері ұғымдарының және партитеттілік принциптерінің болмауы.

Екіншіден, унификацияланған тарап институтының енгізілуі, ол сауданың әр түрлі түрлері үшін бірыңғай оператордың болуын, сондай-ақ унификацияланған тараптың мәртебесін, қызметін және қызметін реттеу ережелерін регламенттеуді қарастырады.

Үшіншіден, ауытқуларды төлеу, ол энергожүйелердің тепе-теңдікті сақтауын ынталандыратын баға қалыптастыру принциптерінің қажеттілігімен, шеңберлік берілу жағдайларында ауытқушылық көлемі мен бастамаларын анықтаумен, сондай-ақ электроэнергия көлемінің бастапқы есептік мәліметтер ретінде шекара арқылы қозғалысы туралы коммерциялық есепке алу мәліметтерін пайдалану мүмкіндіктерімен негізделеді (кеденді жеткізіп беру саальдосымен ғана жұмыс істемеуге «үйрету»).

ОЭК маңызды рөлін есепке ала келе қазіргі таңда ЕАЭО елдері энергетикалық қорлардың ортақ нарығын кезеңдеп қалыптастыру бойынша 2025 жылы жүзеге асырылуы тиіс көлемді жобаны жүзеге асыруда (электроэнергия, газ, мұнай және мұнай өнімдері).

Энергия алып жүрушілердің ортақ нарығын қалыптастырудың мақсаттары мыналар болып табылады:

- ұлттық экономикалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- барлық өндірістік тізбек бойынша, барлық технологиялық қабаттарда ОЭК салаларының экономикалық тиімділігін арттыру;
- ЕАЭО мүше мемлекеттердің экономикалық кірігуін тереңдету
- электр энергиясының, газдың, мұнайдың және мұнай өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

ЕАЭО мүше мемлекеттер мұнай мен мұнай өнімдерінің, газдың және электр энергиясының нарықтарын реформалау мен дамыту бойынша стратегиялық көзқарастар қалыптастырды және оларды тиісті жоспарлар-өтпелі

кезең тұжырымдамалары арқылы рәсімдеді. Әрбір бағыт бойынша ЕАЭО ОЭР қалыптастыру бағдарламасы бар.

ВЕЭС 2016 жылғы 31 мамырдағы № 7 шешімімен ЕАЭО ортақ газ нарығын қалыптастыру тұжырымдамасы қабылданды, ол біртіндеп жүзеге асырылатын болады және газбен биржада сауда жасауды, газ тасымалдаушы жүйелерге қол жетімділікті қамтамасыз ету, сауда ережелері және ақпараттық бірлесе әрекет ету тәртібін жүзеге асырады.

Евразиялық экономикалық одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарығын қалыптастыру тұжырымдамасы 2016 жылғы 31 мамырдағы № 8 ВЕЭС шешімімен бекітілді.

Ортақ электроэнергетикалық нарықты қалыптастыру тұжырымдамасы 2015 жылғы 8 мамырдағы № 12 ВЕЭС шешімімен бекітілген, ол ортақ электроэнергетикалық нарықта қолданыстағы сауда алаңдарын пайдалану және ақпарат алмасу ережелерін анықтайды.

Мүше мемлекеттердің отын-энергетика кешенінің мүмкіншіліктерін нәтижелі пайдалану, сондай-ақ ұлттық экономикаларды энергетикалық қорлардың негізгі түрлерімен қамтамасыз ету (электр энергиясы, газ, мұнай және мұнай өнімдері), энергетикалық мүмкіншіліктерді арттыру мақсатында мүше мемлекеттер келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізеді:

- энергетика саласында ұзақ мерзімдік өзара тиімді ынтымақтастықты дамытады;

- үйлестірілген энергетикалық саясатты жүзеге асырады;

- энергетикалық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін есепке ала отырып энергетикалық қорлардың ортақ нарығын кезеңдеп қалыптастыруды жүзеге асырады;

- ЕЭК энергетикалық нарық бойынша құзыретті департаменті осы нарықтардың қызмет етуін қамтамасыз ететін актілер құрастырады.

2018 жылдың желтоқсан айында Одақ мемлекеттерінің басшылары «ЕАЭО ортақ газ нарығын қалыптастыру туралы» шешімге және «ЕАЭО ортақ мұнай және мұнай өнімдері нарығын қалыптастыру туралы» шешімге қол қойды.

ЕАЭО мемлекеттері басшыларының осындай шешімді қабылдауы бұдан арғы кірігу үшін үлкен маңызға ие болады. Әрине, Одаққа қатысушы мемлекеттер осы шешім шеңберінде газ тасымалдаушы жүйелерге кемсітушіліксіз қол жеткізу, мұнайбен және газбен биржалық сауда, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әлемдік энергетикалық нарықта өз орындарын нығайта түсу, бейбіт атом энергиясын дамыту арқылы ұлттық экономикаларын тұрақты дамытуға қол жеткізу мүмкіндігіне ие болады.

Негізгі мәселе мен кедергі-бұл технологиялық шектеулер, атап айтқанда Одақтағы жаңартылатын энергияны өңдеудің тұрақсыздығынан туындайтын технологиялық кірігу мәселесі. Сондай-ақ инвесторлардың реттеуші мүмкіндіктерін пайдалану тәжірибесі жоқ. Атом саласын мемлекетшілік нарықта реттейтін бірнеше халықаралық-құқықтық нормалардың болмауы (тек ТМД шеңберіндегі бағдарлама - «Атом-ТМД» бар) (2 кесте) [98, Р. 203-204].

Кесте 2 - Отын-энергетикалық кірігуді жүзеге асыру үшін қазіргі таңдағы қолда бар кедергілер, мәселелер мен қатерлер

Отын-энергетикалық кірігуді жүзеге асыру үшін қазіргі таңдағы қолда бар кедергілер, мәселелер мен қатерлер	Қысқаша сипаттамасы
1	2
Дәстүрлі энергия қорларының монополиялануының жоғары деңгейі	Себебі-заңдардағы өзгерістердің теріс ықпал етуінен туындайтын кәсіпкерлік бәсекесі деңгейінің төмендеуі
Әлемдік нарықтарда энергия қорларына құнның өзгеріп отыру деңгейінің жоғарылығы	Өсу және құлдырау тенденциясы сақталуда, демек, энергия қорларының құнының тұрақсыздығы сақталуда
Валюталық тәуекелдердің болуы	Көп жағдайларда Одақ елдері валюталық бақылау тетіктерінің өзінің қызмет етуіндегі қиыншылықтарға тап болуы мүмкін
Энергетикалық нарықтағы қиылысты субсидиялаудың болуы	Отын энергиясына жұмсалатын шығындар есебінен отын қуаттары қорларын қамтамасыз етуге жұмсалатын субсидияларды мысалға ала отырып қарастырайық. Қиылысты субсидиялаудың осы түрінде отынмен қамтамасыз етудің сенімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындарды анықтауға әдіснамалық көзқарас жоқ. Шығындар ең елеулі көлемдегі (қуат қорларына шығындардың 30 тен 150% дейінгі көлемде) және оларды нормалау жағынан алып қарағанда зерттелмеген болып табылады
Ғылыми-техникалық мүмкіншіліктердің төмен деңгейі	Осы жағынан алып қарағанда ЕАЭО ең жоғары дәрежедегі ғылыми-техникалық және инновациялық мүмкіншіліктері бар елдермен халықаралық ынтымақтастықты дамытып, тәжірибелерін енгізу қажет, олармен ынтымақтастық-бұл біздің Одақ үшін қуып жетушілік даму процессін жеделдетуге мүмкіндік береді (ЕО, ҚХР, Жапония)
Өндіруші салалар тарапынан лоббистік	Кез келген бағыт бойынша бірыңғай саясатты қалыптастыру кезіндегі негізгі кедергі
Саладағы инвестициялық айналымның ұзақтығы	ЖЭК өндіретін электр энергиясы бәсекеге қабілетті деп есептелінеді, сондықтан да ЖЭК инвестициялық айналымдарындағы тежемелер, сондай-ақ ЖЭК генерациясының табиғат жағдайларына тәуелділігі сияқты мәселелер туындайды
Білікті мамандардың жетіспеушілігі	Қызметті белгілі бір кезеңге тоқтатады, мұның өзі өндірістің тұрақтылығының күрт нашарлауына алып келеді.
Одақ елдері арасындағы отын-энергетика нарықтарын дамытудағы дисбаланс, сондай-ақ энергетикадағы түрлі ұлттық басымдықтар және саяси шешімдер қабылдау ерекшеліктері	(атап айтқанда Ресейде қазірдің өзінде тәуліктік реттеу, түрлі бағалық аймақтар қолданылады), ол шағын елдер үшін қажетті болып табылмайды (Қырғызстан және Беларусь)

Осы бағыт бойынша кірігу ынтымақтастығын дамыту бойынша ұсыныстар «жасыл» өсудің түрлі сегменттерін дамытудан, ЖЭК электр станцияларын салуды қоса есептегендегі «жасыл экономикаға» байланысты жаңартылатын энергия көздерін дамытудан, сондай-ақ «жасыл экологияны» дамыту арқылы көмір қышқыл газбен ластауды азайтудың алғышарттарын жасаудан тұрады. Одақ бұл бағытта осы әлем нарығындағы жылдам өсіп келе жатқан бағыттағы өз орынын сақтау және жақсарта түсу бағытын ұстануы тиіс.

Орта және ұзақ мерзімдік болашақта көптеген елдерде жаңартылатын энергия көздері негізінде генерацияланатын электр энергиясының өздік құны пайдалы қазба болып табылатын энергия қорларын пайдалану арақылы өндірілетін электр энергиясымен салыстырмалы немесе одан төмен болады.

ЖЭК-станциялардың ерекшелігі энергия қорларының операциялық шығындар төмен, тіпті нөлдік құнда болып табылатындығында. Бірақ сонымен қатар капиталдық шығындар өте жоғары дәрежеде болып келеді. Демек ЖЭК электр энергиясының өздік құны басым көпшілігінде несиелік қаражат құны мен нарықтың пісіп жетілуіне тәуелді болады (көлем эффектісі). Сондықтан да ЖЭК станциялар салудың бастапқы кезеңіндегі Одақ елдерінің мемлекеттік саясатының негізгі құралы жеңілдікпен қаржыландыру, сондай-ақ жеке пайдаланушылар мен үй шаруашылықтарының ЖЭК электр қондырғыларын сатып алуына субсидиялар беру болып табылады.

Жеңілдікпен қаржыландыруға қатысты біріншіден, Евразиялық даму банк Одақтың энергетикалық компаниялары үшін нарықтықтан төмен ставкалар бойынша қаржыландыруды ұсына алады; екіншіден, коммерциялық банктер немесе Ресей Федерациясының өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы берілетін несиелер субсидиялануы тиіс болады (мандат пен қаржыландыру лимитін кеңейткен жағдайда).

«Жасыл» өсу бағдарламасы ЕАЭО елдерінде жалғастырылуы тиіс. ЖЭК жобаларының инвестициялық қызығушылығын арттыру үшін конкурстық негізде тандап алынған жобалардың базалық ішкі нормасын арттыру қажет.

Болашақта отын-энергетика саласын дамыту бойынша жалпы ұсыныстар:
2025 жылға дейін келесі шаралар ұсынылады:

Жел генерациясы объектілері қазіргі таңда 80-астам елдерде орнатылған. Жалпы алғанда әлемде жел генерациясы қуаттарының 500 ГВт көлемі орнатылған. Шет елдік тәжірибені пайдалана отырып жел парктері жобаларын дамыту арқылы жаңартылатын энергетиканы ынталандыру бойынша шаралар құрастыру қажет. Жел парктерін құру ЕАЭО елдеріне секундна 7,5 метрге қол жеткізуге мүмкіндік береді— әлемдік тәжірибеде мұндай энергетикаға қол жеткізу «жақсы өнеркәсіптік жел» деп саналады, бұл жел энергетикасы есебінен өңірде өндірілетін электр энергиясының 30% жуығын құрайды.

Цифрлық электр станцияларын (бірнеше объектіні жүйеге біріктіретін нақтылы станцияның цифрлық түрі), «зияткерлік» газ турбиналарын, мәліметтер базасын қолдана отырып қашықтықтан техникалық қызмет көрсетуді, цифрлық (зияткерлік) кен орындарын құру ұсынылады.

Энергетикалық жүйе объектілерін апатқа қарсы автоматикамен жабдықтау, жүйелік оператормен ақпарат алмасуды қорғау, апаттық

жағдайларды тіркеу және көшпелі режимдер мониторингін жасау, энергия мен қуаттардың көтерме нарықтарында жұмысты ұйымдастыру үшін автоматтандыру және жарақтандыру стратегиясын құрастыру қажет. Сондай-ақ мұндай стратегия генерацияның осындай түрлеріне Одақтың энергия жүйесінің маневрлілігін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар техникалық мүмкіндіктер мен экономикалық қажеттілік туындаған жағдайларда электр энергиясын өзге өңірлерге экспорттауға мүмкіндік береді. 2025 жылға дейін энергияны алып жүрушілерге тепе-тең кемсітушіліксіз қол жетімділік және әділетті нарықтық құнның қалыптасуын қамтамасыз ету стратегиясын жүзеге асыру қажет, мұның өзі нарыққа қатысушылардың газ тасымалдау жүйелеріне кемсітушіліксіз қол жеткізуін, ұзақ мерзімдік және қысқа мерзімдік контрактілер негізінде газбен нарықтық бағада сауда жасауға, сондай-ақ биржалық келісімдер жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ЕАЭО энергетикалық нарықтарында жұмыс істеу кезінде бизнес үшін кедергілерді азайту қажет.

Сондай-ақ экономиканың барлық салаларының энергия сыйымдылығын төмендетуді ынталандыру үшін ЕАЭО үшін ортақ болып табылатын техникалық регламенттер мен өзге де стандарттар құрастырылуы тиіс.

Мүдделі тұлғалармен мәселелерді мұқият қарастыру, ОЭК бәсекеге қабілеттілігін арттыру тетіктерін құрастыру үшін ЕАЭО ОЭК мекемелерінің басшыларының кеңесін құруды ұсынамыз.

Алдағы 6 жылдағы маңызды міндеттердің бірі энергетик мамандар даярлау үшін білім беру бағдарламаларының жаңа бағдарламаларын құрастыру қажет болады.

2025 жылдан 2045 жылға дейін келесі шаралар ұсынылады:

Мемлекеттік ғылыми қорлардың энергетикалық зерттеулердің түрлі бағыттары бойынша ЕАЭО елдерінің ғылыми-зерттеушілік, білім беретін институттарына қолдау көрсету бойынша тығыз жұмыс жасауы құзыретті орталықтарды нығайтуға, қолда бар ғылыми жетістіктерді сақтап, одан әрі дамыта түсуге ЕАЭО көлемінде энергетика саласы бойынша халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді.

Табиғи газбен, мұнаймен және мұнай өнімдерімен биржалық сауда үшін ЕАЭО нормативтік-құқықтық базасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Ортақ отын-энергетика нарығына биржалық сауда тетіктерін енгізу өнімге ликвидті құндық индикаторлар қалыптастыруға ықпал етеді, ЕАЭО елдерінің биржаларында энергия қорларымен биржада сауда жасауға көшудің арқасында валюталық биржалық тәуекелдерді төмендетуге алып келеді.

Көмірсутектердің балама көздеріне келетін болсақ ауыр мұнай мен табиғи битумдармен бір қатарда ыстық сланцтар туралы айта кетуге болады. Болашақта сланцлі жобаларды құрастыру мен жүзеге асыру, сланцтық мұнай мен газ өндірісін арттыру ашық мұнай қорларының қысқаруы мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Сланцты мұнай кен орындарын құрастыру кезінде АҚШ- тағы «сланц революциясының» теріс салдары есепке алынуы тиіс. Ыстық сланцтердің негізгі қорлары АҚШ- та шоғырланған - 450 трлн. т (24,7 трлн. т сланцты

мұнай). Ыстық сланцтардың елеулі көлемдегі қорлары Бразилияда, Қытайда, Ресейде шоғырланған (сланц мұнайының Ресейлік түрі - баженов свиты.) бұлар да ыстық сланцтардың кең көлемдегі қорларына ие (әлемдік қордың шамамен 7%). 2014 жылдың қыркүйек айынан бастап Речинск кен орынында сланц мұнайын өндірістік жолмен игеру басталды, бірақ қазіргі кезде ол тоқтап тұр, себебі мұндай жұмыстар елеулі шығындарды талап етеді.

Сондай-ақ Евразиялық экономикалық Одақ туралы шартқа бейбіт атом бойынша кеңес құрумен қатар энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын және атом энергетикасы бойынша ынтымақтастық бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиімді болып көрінеді, (атом технологияларын энергетикалық және энергетикалық емес қолданылуын есепке ала отырып).

Өндірістік әріптестермен тұрақты байланыс орнату және құжаттарды жедел өңдеу үшін осы бағыт бойынша кірігушілікке қол жеткізілді, ЕАЭО елдері үшін «жасыл өсу» индикаторларын құрастыру кезінде де кірігуге қол жеткізілуі мүмкін (ОЭСР қолданыстағы индикаторларының бейімделушілігін есепке ала отырып), олар ЕАЭО оңтайлы көмірсутекті экономикаға көшуге мүмкіндік береді.

2.3 Қазақстан Республикасында дәстүрлі және балама энергетиканы құқықтық реттеу

Қазақстандағы энергетика саласындағы қатынастарды реттеуші нормативтік-құқықтық материалдар өте шағын көлемдегі, оның ішінде арнайы мақсаттағы, заңға тәуелді нормативтік актілерден, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан тұрады.

Қазақстан Республикасының энергетика саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілер жиынтығының қазіргі жағдайына жасалынған талдау Қазақстан заңнамалар жүйесінде шартты түрде өздігінен толыққанды, елеулі құқықтық ерекшеліктерімен ерекшеленетін заңнамалар жинағы-энергетикалық заңнамалар қалыптасқан және динамикалық даму үстінде деген қорытынды жасауға негіз бола алады.

Энергетикалық заңнамалардың басты міндеті-ел тұрғындары мен экономикасының энергетикалық қорларға деген қажеттіктерін қамтамасыз ету, олардың тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ меншіктің барлық нысанындағы мекемелердің отын-энергетика кешенінде тең құқылы шаруашылық жүргізуі үшін жағдай жасау, Ресей Федерациясының қоршаған табиғи ортаны қорғау бойынша өзінің халықаралық міндеттемелерін орындауы мақсаттарында жүзеге асырылады. Энергетикалық заңнамалар энергетикалық қорларды алу (өндіру), өңдеу, тасымалдау, бөлу және тұтынуды реттейтін құқықтық база құруға бағытталған.

В.Ф. Яковлев атап көрсеткендей, энергетикалық заңнамалар нарықтық қатынастар кезінде экономиканың, саясаттың және құқықтың бірлесе әрекет етуінің ерекше мысалы бола алмайды. Одан қоғамдық қатынастарды реттеудің жария-құқықтық және дербес құқықтық бірлесе әрекет етуі жоғары дәрежеде көрініс табады [50, с. 490].

Қазіргі таңда энергетика саласындағы дербес құқықтық қатынастардың негізгі объектісінің ерекше құқықтық режимі-энергетикалық қорлар қалыптасты. Бұл ең алдымен энергетикалық қорлардың табиғи қасиеттерімен, сапалық сипаттамаларымен, стратегиялық маңызымен байланысты негізделеді.

Энергетикалық қорлардың товар ретіндегі құқықтық режимі ерекшеліктері белгіленді, оның ішінде биржалық сауда, сыртқы экономикалық келісімдер объектісі, тасымалдау, көшіру бойынша қатынастар объектісі ретінде.

Қазіргі жағдайда энергетикалық саланың дамуына ұзақ мерзімдік тұрақты бағыт беретін мемлекеттің энергетикалық саясаты ерекше маңызға ие болады.

Ресей энергетика саласының болашақта даму мақсаттары мен міндеттерін, басымдықтары мен бағыттарын, сондай-ақ оны жүзеге асырудың жекелеме кезеңдеріндегі мемлекеттік энергетикалық саясаттың тетіктерін нақтылаушы құжат болып табылады.

Энергетикалық қауіпсіздік мәселелері саяси жүйе негіздерімен, экономикалық мүмкіндіктермен және әлеуметтік-экологиялық кепілдіктермен тікелей байланысты болуына байланысты бұл жерде аралас салалардағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын анықтайтын актілер ерекше маңызға ие болады. Оларға 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Электр энергетикасы туралы» Заңын [99], 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Қазақстан Республикасы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңын [100], 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 541-IV Қазақстан Республикасы «Энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру туралы» Заңын [101], 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Қазақстан Республикасы «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңын [102], 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 442-V Қазақстан Республикасы «Атом энергиясын пайдалану туралы» Заңын жатқызуға болады [103]. Олар аталған сала бойынша заңнамалар мен мемлекеттік басқаруды дамытудың негізгі принциптерін бекітеді, сондай-ақ арнайы терминологиялық аппарат қалыптастырады.

Еліміздің энергетикалық кешенінің ұзақ мерзімдік тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жүйе құрудың экологиялық негізін құрайтын нормативтік актілер жеке топтаманы құрайды. Оған Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексін, 1998 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Заңын жатқызуға болады [104]. Олар тиімді қоршаған ортаға конституциялық құқықты қамтамасыз етіп қана қоймайды, энергетикалық және онымен байланысты экономика салаларының белсенді қызметі кезінде оны қамтамасыз етудің нақтылы құқықтық тетіктерін анықтайды.

Энергетикалық қауіпсіздік пен оның құрамына енгізілген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын дамытуға елеулі экономикалық ынталандыруға мемлекеттік бағдарламалар көмегімен кепілдік беріледі.

Қазақстанның энергетикалық саясаты бірнеше құжаттарда берілген. Ең маңызды құжаттардың бірі «Қазақстан дамуының 2030 жылғы дейінгі Стратегиясы», онда энергетика «табыс табу және тұрақты экономикалық өсім мен тұрғындардың өмір сүру стандарттарын жақсарту үшін өндірістің жылдам өсуі мен мұнай және газ экспортының» қажеттілігімен анықталатын ең

маңызды салалардың бірі деп көрсетілген. «Стратегия 2030» екі негізгі кезеңге бөліп құрастырылған: 2015 жылға және 2030 жылға дейін. Құжатта еліміздің отын және энергетика салаларының даму стратегиясы берілген және энергиялық тиімділік пен энергияны үнемдеу бойынша тараулары бар [73, с. 40].

Өзге маңызды бағдарламалық және стратегиялық құжат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 «Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенінің 2030 жылға дейінгі дамуы тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы болып табылады.

Отын-энергетика кешені (бұдан әрі-ОЭК) Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік игіліктерін қалыптастыруда басты рөл атқарады. Еліміз мұнайдың, газдың, көмірдің, уранның және жаңартылатын энергия көздерінің бай қорларына ие.

Алайда, өткен ғасыр парадигмасындағы ОЭК дамуы Қазақстан Республикасының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуіне қатер төндіруі, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігінің төмендеуіне әкелуі, экология жағдайын нашарлатуы және экономикалық өсімге қосымша тәуекелдер әкелуі мүмкін.

Болашақ ұрпақ гүлденген елде өмір сүруі және қор байлықтарының тиімді және нәтижелі пайдаланылғаны үшін алғыс айтуы тиіс.

Ол үшін еліміз ОЭК дамытуда технологиялық қадам басу жасауы, ОЭК салалары алдында тұрған қатерлер мен шектеулерді еңсеруі, салалардың күшті жақтарына сүйенуі және ашылған мүмкіндіктерді шебер пайдалана білуі тиіс.

Ұзақ мерзімдік болашақта ОЭК даму мақсаты экономиканың өсуі мен тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға, сондай-ақ сыртқы экономикалық байланыстарды нығайтуға қолдау көрсету үшін энергия қорларын пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

ОЭК дамуының стратегиялық басымдықтары:

- энергетикалық қауіпсіздік;
- қор базасын дамыту;
- экологияны жақсарту.

2030 жылға дейінгі ОЭК негізгі міндеттері:

- электр энергиясы мен жылу берудің генерациясы мен берілуін, мұнай өңдеуді жаңғырту және жаңа активтер құрылысын салу;
- энергия мен отынның ішкі нарығын дамыту, біртіндеп либералдандыру және бәсекені дамыту;
- инвестициялар тарту арқылы геологиялық барлау қызметін интенсификациялау.
- өнеркәсіп пен көлікті жаңғырту, энергияны алып жүрушілердің тиімділігін арттыру үшін қазіргі заманғы технологияларды енгізу және қоршаған ортаға теріс ықпал ету деңгейін төмендету.
- ЖЭК энергия алып жүрушілерінің балама түрлерін пайдалану үшін технологиялар мен инфрақұрылымдарды дамыту, атом энергетикасы, мұнай өндірісінің ілеспелі газы, газ тасымалдау, көмір химия өндірісі.

- Қазақстан Республикасының халықаралық бірлестіктерге кірігуіне ықпал ету: бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде ортақ энергия нарығын құру (бұдан әрі-БЭК), ХСҰ кіру шарттарын қарастыру.

Жетілдірілген энергия нәтижелілігі мен энергия үнемділігінің өзектілігі Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өсім - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауы және Қазақстанның 2010-2014 жылдардағы жеделдетілген индустриалды-инновациялық дамуы бойынша мемлекеттік бағдарламасы арқылы расталады. Осы құжаттар шеңберінде бірнеше міндеттер қойылған, солардың бірі Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі ЖІӨ) энергия сыйымдылығын 2015 жылға қарай 10 % кем емес, 2020 жылы 25 % кем емес мөлшерде төмендету болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметіне тапсырмасы шеңберінде 2013 -2015 жылдар ішінде экономиканың энергия сыйымдылығын жыл сайын 10 % төмендету арқылы электр энергиясының үнемді тұтылуын қамтамасыз ету қажет.

Елбасы былай деп атап көрсетті: «дәстүрлі энергетика-жаңартылатын энергия көздері, технологиялық тепе-теңдігі сақталуы тиіс, ол ұлттық және халықаралық энергетикалық қауіпсіздік жүйесін стратегиялық жоспарлаудан тұрады. Жоспарлаудың мақсаты өзге елдерге қатысты халықаралық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етілу кепілдігін беру және энергия өндірісі құрылымын кезеңдеп өзгерту есебінен өзімізде энергияның жетімділігіне қол жеткізу».

Реттеушілердің жеке тобын энергетикалық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардың мәртебесі мен құзыреттілігін анықтайтын нормативтік-құқықтық актілер құрайды, олар: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 «Қазақстан Республикасы энергетика министрлігінің мәселелері» қаулысы, ол арқылы ҚР энергетика министрлігі туралы Ереже бекітілген; Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 62 «Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция Комитеті» мемлекеттік мекемесі және оның территориялық органдары туралы Ережені бекіту туралы» бұйрығы; Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 42 «Қазақстан Республикасы энергетика министрлігінің атом және энергетикалық бақылау және қадағалау Комитеті» мемлекеттік мекемесі және оның территориялық органдары туралы Ережені бекіту туралы» бұйрығы.

Аталған заңдар мен оларға сәйкес заңға тәуелді актілер энергия нәтижелілігі мен энергияны үнемдеуді дамыту мен арттыру үшін тұтас құқықтық алаң құрады, атап айтқанда:

- өнімдер мен қызметтердің әр түрлі түрлері үшін энергияны тұтыну нормативтері енгізілді;

- көліктің барлық түрлері, электр қозғалтқыштар, сондай-ақ ғимараттар, құрылыстар, олардың жобалық құжаттары үшін энергия нәтижелілігі бойынша міндетті талаптар енгізілді;

- өнеркәсіп кәсіпорындары мен ғимараттарында энергоаудит жүргізу ережелері қабылданды;

- ірі өнеркәсіп тұтынушыларымен энергия тиімділігін арттыру туралы келісім жасау талаптары енгізілді (мемлекеттік энергетикалық тізілім тетіктерін пайдалана отырып);

- жергілікті атқарушы органдардың энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру мәселелері бойынша қызметін бағалау тетіктері енгізілді;

- энергоаудит және (немесе) энергияның үнемделуіне сараптама жасауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша оқу орталықтарының қызметі, сондай –ақ энергоменеджмент жүйесін құру, ұйымдастыру және енгізу ережелері бекітілді.

Отын-энергетика кешені экономиканың маңызды саласы бола отырып қоршаған ортаға елеулі көлемде ықпал етеді.

Қазақстан отын ретінде негізінен мұнай өнімдерін пайдаланатын мемлекет болып табылады. «Қазақстан әлемде мұнай қорлары бойынша жетекші мемлекеттердің бірі қатарында (әлемде 12-ші орын, әлемдік қорлардың 1.8%). ТМД мемлекеттері арасында да еліміз бірінші орынды тек Ресейге бере отырып өңірде мұнай қорлары мен оны өндіру көлемі бойынша көшбасшы мемлекет болып табылады».

Қазақстан үшін барынша болашағы зор энергия алып жүруші табиғи газ болып табылады, оның барланған және бағаланған қоры 6-8 трлн. м³ дейін жететін Каспий шельфндегі жаңадан ашылған кен орындарын қоса есептегенде 3,9 триллион м³ құрайды. Соған байланысты 2012 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңы қабылданды.

Қазақстанда мұнаймен бірге алынатын ілеспелі газдың да елеулі мөлшердегі көлемі бар. Оны жағу Қазақстанның батысында электр энергиясының негізін құрайды және ел бойынша 10% құрайды.

Қазіргі таңда электр энергетикасын дамытудың және Қазақстанның экологиялық мәселелерін шешудің басым бағыттарының бірі жаңартылатын энергетика көздерін пайдалану және энергиямен және қорлармен қамтамасыз етудің бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

Қазақстандағы жаңартылатын энергетика қорларының (гидроэнергия, жел және күн энергиясы) көлемі ауқымды. Бірақ соған қарамастан Қазақстанда балама энергетика өндірісінің пайыздық көлемі мардымсыз болып келеді.

Мемлекет жаңартылатын көздерден алынатын энергияның үлес салмағын арттыру үшін кешенді іс-шаралар қабылдап келеді, ол үшін 2009 жылы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заң қабылданады [99]. Амбициялы мақсаттар қойылады: 2050 жылға қарай балама және жаңартылатын электр энергиясының үлес салмағын 50% жеткізу көзделеді [7, б. 5].

ЖЭК пайдаланудың стимулы Қазақстанның 1992 жылмен салыстырғанда өзінің ластаушы шығарындыларын 15% қысқарту міндеттемесін алуы болып табылады. Бұл мақсатқа экономиканың энергия сыйымдылығын төмендету есебінен ғана қол жеткізу қиын. Сондықтан, жаңартылатын энергия көздерінің рөлі Қазақстан үшін кең көлемде маңызды.

Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде балама энергетика елдің энергия қажеттілігін жеткілікті көлемде қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие бола алмайды. Көптеген шет елдік зерттеушілер атап көрсеткендей дәстүрлі энергияның рөлі әлі де болса алдыңғы қатарда болып отыр [109, р.761]. «Энергия үнемдеуге, балама энергетиканы - күн және жел энергиясын дамытуға үлкен үміт артуға болады, бірақ мұның барлығы әлемнің өсіп келе жатқан қажеттіктерін қанағаттандыра алмайды» [9].

Сонымен қатар, мұндай технологияларды енгізудің бірнеше теріс факторлары бар: лек тығыздығының шектеулілігі (қуат мөлшері) және энергияның осындай көздерінің көпшілігінің уақыт ішінде өзгерушілігі болып табылады, мұның өзі олардың өздік құнының жоғары болуын, дәстүрлі энергия қондырғыларымен салыстырғанда олардың капитал салудың үлес салмағының жоғары болуымен негізделеді. Мысалы, Англияның ғылым мен техника Комитеті, энергияның осындай көздерін игеру болашағын талдай келе оларды қазіргі технологияларды пайдалану негізінде энергия көздерін игеру АЭС салумен салыстырғанда кемінде екі-төрт есе қымбат болып келеді деген қорытындыға келді. Сонымен, балама энергетика дәстүрлі энергетиканы энергияны бөлу жағынан алып қарағанда ауыстыра алады (демек, орталықтанған энергиямен қамтамасыз ету тиімсіз болған жерлерде - алыс ауылдарда, өңірлерде пайдаланылуы мүмкін. Мұндай жерлерде қорлар - күн, жел, биокорлар - бар жерлерде пайдалану балама энергетика объектілерін пайдалану нәтижелі болып келеді). Дәстүрлі энергетиканы балама энергетикамен ауыстыру - бұл экономикалық тиімділік мәселесі.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы дәстүрлі энергетикалық шикізаттың орасан зор қорларына ие болып табылады. Қазақстандық сараптама болжамдарына сәйкес, «Қазақстандағы жаңартылатын табиғи қорлардың қорлары белгілі бір шектеулі кезең ішінде сарқылуы мүмкін. Осылайша, экстенсивті пайдалану кезінде Қазақстандағы қазіргі мұнай қорлары 70 жылға жетеді, табиғи газ - 85 жылға жетеді.

Тау-кен-металлургиясы өндірісі барланған нәтижелі кен орындары сарқылу қатері шегінде қалып отыр. Темір кені 80 жылға жуық уақытқа қалды, алюминий –90 жыл, мыс 20 жылдан кейін сарқылады. Қорғасын-мырыш саласы 25 жылға қамтамасыз етілген, хром кені 50-ден астам жылға жетеді, никель кен орындары толық игерілген» [15, с. 215].

ҚР ұлттық экономика министрлігінің статистика бойынша Комитетінің шұғыл ақпараты бойынша Қазақстанда 2017 жылы 106 млн. тонна тас көмір алынды, мұның өзі 2016 жылмен салыстырғанда 2,9% артық (103,1 млн. тонн).

Кесте 3

Облыс	Қаңтар – желтоқсан		Δ, %
	2016 жыл	2017 жыл	
1	2	3	4
Павлодар	61,9	62,5	101%

3 кестенің жалғасы

1	2	3	4
Қарағанды	34,6	35,9	104%
Шығыс Қазақстан	6,1	6,9	113%
Ақмола	0,4	0,7	191%
Алматы	0,0	-	-
Жамбыл	-	0,02	-
Жиыны ҚР бойынша	103,1	106,0	103%
2016-2017 жылдарда Қазақстандағы тас көмір өндірісі бойынша мәліметтер (млн. тонн).			
Көз: Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігінің статистика бойынша Комитеті.			

Тас көмір қазіргі таңда Қазақстанның отын-энергетика саласы үшін басты көз болып табылады. ЖЭС салалары өнімдерін сатудан түсетін табыстар Қазақстанның инфрақұрылымын белсенді дамытуға, алдыңғы қатарлы технологиялар трансферін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, еңбекке қабілетті тұрғындардың елеулі бөлігінің еңбекпен қамтылу кепілдігін береді, әлеуметтік саланың дамуына ықпал етеді.

Алайда ЖЭС дамуы Қазақстанның стратегиялық мақсаттарының орындалуына қатер төндіреді, еліміздің энергия қауіпсіздігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін, қоршаған табиғи ортаның жағдайын нашарлатады және экономикалық өсім үшін қосымша қатерлер туындатады. Біздің пікіріміз осы мәселе бойынша Қазақстанның ресми көзқарасымен расталады. Мысалы Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін 2030 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасында былай делінген: «Көмір өнеркәсібі ҚР ең маңызды қор салаларының бірі болып табылады. Қазақстандағы электр энергиясының 72% Екібастұз, Майкөбе, Торғай және Қарағанды бассейндері көмірімен жұмыс істейтін 37 жылу электр станциялары өндіреді. Көмір энергетикасы, өкінішке орай басты табиғи ортаны ластаушылардың бірі болып отыр. Мысалы, Екібастұзда құрамындағы минералдық заттардың 30% өте жоғары көлемде болып келетін қоңыр көмір пайдаланылады, көмір жылу электр станцияларының шығарылу аумағы бүкіл солтүстік-шығыс Қазақстанды, Сібірді, Моңғолияны қамтиды. Олардың ішінде көптеген экологиялық жағынан өте зиянды улы минералдық заттар бар».

Қазақстанның үлкен көлемдегі гидроқорлары бар, олар негізінен Қазақстанның шығыс және оңтүстік өңірлерінде Ертіс, Іле және Сырдария өзендері маңында шоғырланған (гидроқорлардың бүкіл қуатының 73%). Қазақстан үкіметінің бағалауына сәйкес Республиканың гидромүмкіншіліктері жылына 170 млрд кВт.сағ. құрайды, оның ішінде пайдалануға технологиялық жағынан мүмкіншіліктері бары-62 млрд кВт.сағ. Гидроэнергетиканың экономикалық мүмкіншіліктері 27 млрд кВт.сағ. құрайды, оның ішінде қазіргі таңда пайдаланылып отырғаны жылына 8,8 млрд кВт.сағ. [112, с. 858].

Атом энергетикасына келетін болсақ, ол қазіргі таңда АЯЭ/ОЭСР мен МАГАТЭ-нің «Қызыл кітабы» мәліметтері бойынша Қазақстандағы шынайы бағаланған уран қорларының көлемі 819 мың тонна құрайтынына, оның ішінде

өндірудің өздік құны 1 кг-ға 80 болып келетіні 59 %, 1 кг. үшін 80 -130 доллар - 18 %, 1 кг. үшін өздік құны 130-260 доллар болып келетіні-қалған 23 % құрайтынына қарамастан Қазақстанда пайдаланылмайды. Негізгі кен орындары Маңғыстаудың батысында, Қазақстанның шығысында, Шу және Сырдария өзендерінің аралығында орналасқан. Атом энергетикасы апаттық сипаттағы жоғары дәрежедегі қатер көзі болып табылады, оны пайдалану бойынша барлық ағымдағы және шағын артықшылықтардың барлығы Чернобыль апаты немесе Фукусима апаты сияқты нақтылы орын алған немесе орын алуы мүмкін апаттар қатерінен болатын шығындарды жаба алмайды.

Қазақстандағы жалғыз атом электр станциясы Ақтау қаласында орналасқан, ол қуаты 350 МВт құрайтын жылдам нейтронды реактрмен жұмыс жасайды. АЭС 1973-1999 жылдары жұмыс істеді.

Қазақстанның әлемдік тенденциялармен жүруі балама энергетиканы белсенді түрде дамытуды қарастырады.

Қазақстан Орта Азиялық мемлекеттер ішінде алғашқы болып жаңартылатын энергия көздеріне ерекше маңыз беретін төмен көмір қышқыл газды экономикаға көшу стратегиясын құрастырды.

2009 жылғы 26 қаңтарда ЖЭК-н одан әрі дамыту және әлемдік тәжірибе алмасу мақсатында Қазақстан жаңартылатын энергия көздері бойынша халықаралық Агенттікке қосылды және оның Жарғысын ратификациялады.

2010 жылғы 19 наурызда ҚР Президенті ҚР 2010-2014 жылдарға арналған ҚР жеделдетілген индустриялды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын бекітті. 2014 жылдың тамыз айында ҚР 2015- 2019 жылдарға арналған индустриялды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Екі бағдарлама да ЖЭК-нің Қазақстанда қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік болашақта су, жел, күн энергиясы сияқты көздерінің елеулі мүмкіншіліктерінің бар екенін растайды. Оған кейбір қазақстандық авторлардың зерттеулері де дәлел бола алады.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары ЖЭК энергияны пайдалану энергияны үнемдеуді дамытудың басым бағыттарының біріне айналды, оның негізгі мақсаты республика экономикасының энергия сыйымдылығын төмендету болып табылады. Бұл ең алдымен мұндай өндірістің үлкен материалдық шығындарды талап етпейтіндігімен байланысты болып келеді, себебі ол табиғат процесстерінің табиғи жүрісі барысында және соның есебінен үздіксіз толықтырылып отыратын энергия көздерін пайдалануға негізделуіне байланысты болып отыр. Сонымен қатар елімізде ЖЭК дамыту республикада осы қорлардың елеулі көздерінің бар екендігімен негізделеді, мұның өзі қазіргі таңда осы саланы республикада энергетика саласын дамытудың болашағы зор және инвестициялық жағынан қызығушылық тудыратын саласына айналдырып отыр [116, с. 14].

Іс жүзінде әлемнің барлық елдеріндегі сияқты Қазақстанда ЖЭК-н пайдаланудың басты факторы энергетиканың қоршаған ортаға теріс ықпалы көлемін төмендетуді алға қояды.

Мысалы, 2009 жылғы желтоқсан айында Копенгагенде өткен климаттағы өзгерістер бойынша конференцияда Киото келісімдерін жүзеге асыру

шеңберінде Қазақстан парникті газдарды 1992 жыл деңгейімен салыстырғанда 2020 жылға қарай 15%, 2050 жылға қарай 25% төмендету бойынша өзіне ерікті түрде міндеттеме қабылдады. Атап айтқанда 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы шеңберінде 2009 жылмен салыстырғанда атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығаруды кемінде 5,9% төмендету қарастырылған.

ЖЭК өндірісі экологиялық артықшылықтарымен қатар елеулі көлемде экономикалық пайдасы да болып келеді.

Атап айтқанда, қолданыстағы энергия жүйесі желісі бойынша энергия өндіру мен пайдалану үшін ЖЭК пайдалану Қазақстанның энергия жетіспеушілігі бар аудандарында экономикалық жағынан өзін-өзі ақтайтын болады. Жаңартылатын энергия көздері еліміздің алыс өңірлерін дамытудың басты факторына айналуы да мүмкін. Сондықтан да республика үшін жаңартылатын энергия қорларын пайдалану маңызды міндет болып табылады, себебі ол экологиялық жағынан тұрақты, тұрақты дамуды қамтамасыз ететін стратегиялық міндеттерді шешуге ықпал ететін болады.

О. Сим зертеулеріне сәйкес, «Қазақстан жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлары бар ел болып табылады. Қазақстан Республикасы оны алу үшін қажетті шарттармен қамтамасыз етілуі жағынан алып қарағанда балама энергияның неғұрлым сәйкес келетін көздері жел, су және гидроэнергетика болып табылады. Қазақстанның теориялық жел мүмкіншіліктері жылына 1820 млрд. кВт.сағ. жуық мөлшерді құрайды, гидроэнергетика мүмкіншіліктері жылына 30 млрд.кВт.сағ. құрайды деп бағаланады, ал күн энергиясының мүмкіншіліктері жылына –2,5 млрд.кВт.сағ. 50 мың кв. км аумағында (Қазақстан Республикасы көлемінің 2% аумағы) желдің орташа жылдық жылдамдығы 7 м/с асады. Тек осы территориялардың мүмкіншіліктері жылына 1 трлн. кВт-сағ. өндірісі үшін жеткілікті, мұның өзі елдің электр энергиясына деген қажеттіктерін бірнеше есе артығымен жабады.

Гидроэнергетиканың табиғи мүмкіншіліктеріне келетін болсақ ГЭС құрылысы үшін неғұрлым тиімді жағдайларға оңтүстік Қазақстанның өзендері ие екендігін атап өтуіміз қажет. Тұтас алғанада республиканың 2 мыңнан астам өзендерінің 5% жуығы, демек, 100 жуық өзен шағын ГЭС құрылысы үшін жарамды болып табылады. Қазақстанның табиғи-географиялық жағдайы күн энергетикасын дамыту үшін үлкен мүмкіншілік береді. Күн энергетикасының мүмкіншіліктері жылына 2500-3000 күн сағатына жетеді, ал күн сәулесі энергиясы жылына 1,300-1,800 кВт/м²/ құрайды.

Ауыл шаруашылығының жеткілікті көлемде дамыған салалары биоэнергетиканы игеру үшін тиімді жағдайлар қалыптастырады. Қазіргі таңда Қазақстан әлемдегі ең ірі бидай экспорттаушы мемлекеттердің бірі болып табылады. Демек, ел үшін негізгі биоэнергетикалық қор қызметін астық түрлерінің саманы атқаратын болады.

Өзге бағыт биогаз өндірісі болып табылады, ол үшін шикізат көзі қызметін мал шаруашылығының қалдықтары атқарады. Қазақстанда мал мен құстың бас саны үлкен мөлшерде. Мүйізді ірі қара қалдықтарынан метан өндірісінің мүмкіншіліктері 85 мың тоннадан астам көлемді құрайды, немесе 52

мың т.н.э. Коммуналдық шаруашылықтың ағын суларын өңдеуден алынатын метан өндірісінің мүмкіншіліктері 3 мың тоннаға жуық немесе 1 800 т.н.э. құрайды».

Қазақстанның жаңартылатын энергия көздері бойынша қор мүмкіншіліктерін келесідей көрсетуге болады.

Кесте 4

Электр энергиясы көздері		мың кВт.сағ.	Үлесі
1		2	3
Электр энергиясы өндірісі		92 622 187,8	
Оның ішінде жаңартылатын энергия көздерінен алынатын энергия (ЖЭК)		1 137 025,9	Электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінің 1,2%
Оның ішінде	шағын гидроэлектростанциялар өндірген	703 946,8	ЖЭК электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінің 61,911%
	Жел электростанциялары өндірген	339 840,3	ЖЭК электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінің 29,889%
	Күн электр станциялары өндірген	93 038,8	ЖЭК электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінің 8,182%
	Биогаз пайдалану арқылы	200,0	ЖЭК электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінің 0,018%
Қазақстанда 2017 жылғы жаңартылатын энергия көздері өндірісін қоса есептегендегі электр энергиясы өндірісі бойынша мәліметтер. Көз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің статистика бойынша Комитеті.			

Келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай 2017 жылғы ЖЭК-нің электр энергиясы өндірісіндегі үлес салмағы 1,2% құрайды. Мұнда Қазақстандағы ЖЭК өндірісінің ең үлкен үлес салмағы гидроэнергетикаға тиесілі-62%, одан әрі-жел электр энергетикасы-30%, күн-8% және 0,02% биогаз пайдалануға келеді.

Қазіргі таңда елімізде жиынтық қуаты 352 МВт. құрайтын ЖЭК пайдаланатын 58 кәсіпорын жұмыс жасайды. 2018 жылдың қорытындылары бойынша ЖЭК- нің жиынтық қуаты мөлшермен 490 МВт. құрады(68 объект).

«Самрұқ-Энерго» АҚ электр энергиясын генерациялау бойынша картинасын ерекше атап өтуге болады.

«Самрұқ-Энерго» АҚ халықаралық энергия тепе-теңдігіне сәтті кіріге білген, өз акционерлері үшін құн құрайтын және Қазақстанда барлық салалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін энергиямен қамтамасыз етудің

нәтижелілігі жоғары жүйесін қалыптастыруға бағытталған Қазақстандағы ең ірі көп салалы энергетикалық холдинг болып табылады.

«Самрук-Энерго» АҚ 2017 жылдың 12 айы бойынша ЖЭК объектілерінің электр энергиясы өндірісі 367,7 млн. кВт.сағ. немесе ЖЭК объектілерінің электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінің 33% құрады, бұл 2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,1% төмен болып келеді (2016 жылдың 12 айы бойынша «Самрук-Энерго» АҚ ЖЭК өндірісі-366,0 млрд. кВт.сағ., «Самрук-Энерго» АҚ жалпы үлес салмағы– 39,3%). Бұл 2017 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында ҚР ЖЭК жаңа қуаттарының енгізілуіне байланысты ЖЭК-нің өзге объектілерінде электр энергиясы өндірісінің өсуімен байланысты болып отыр.

2017 жылдың 12 айы ішінде 2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ірі және шағын ГЭС- терде электр энергиясы өндірісінің төмендеуі байқалады, сонымен бір мезетте ЖЭК және СЭС объектілеріндегі электр энергиясы өндірісі өсе түскен.

Кесте 5

Атауы	2016 ж		2017 ж		Δ 2017/2016жж,	
	12 ай.	ҚР үлес салмағы, %	12 ай.	ҚР үлес салмағы, %	млн. кВт.сағ.	%
1	2	3	4	5	6	7
ҚР бірыңғай электр энергиясы жүйесіндегі электр энергиясы өндірісі	94 076,5	100%	102 383,6	100%	8 307,10	8,8%
«Таза» электр энергиясы өндірісі (ірі және шағын ГЭС, ВЭС және СЭС есепке ала отырып)	11 966,1	12,7%	11 586,2	11,3%	-379,9	-3,2%
«Таза» электр энергиясы өндірісі (ірі және шағын ГЭС, ВЭС және СЭС есепке ала отырып) (ЖЭК туралы Заңға сәйкес)	932,0	1,0%	1 109,0	1,1%	177,0	19,0%
Қазақстандағы 2016-2017 жылдардағы «таза» электр энергиясы өндірісі бойынша мәліметтер (млн. кВтч). Көз: «Самрук-Энерго» АҚ нарықты дамыту департаменті.						

«Самрук-Энерго» АҚ 2017 жылдың 12 айы бойынша (3,4 млрд. кВт.сағ.), 2016 жылдың 12 айы бойынша сияқты (3,6 млрд. кВт.сағ.) «таза электр энергиясы» өндірісіндегі үлес салмағы (барлық ГЭС, ВЭС, СЭС). 29% деңгейінде сақталды.

«Самрук-Энерго» АҚ 2017 жылдың 12 айы бойынша ЖЭК объектілерінің электр энергия өндірісінің үлес салмағы (шағын ГЭС, ВЭС, СЭС) 33% құрады.

Кесте 6

Атауы	2016ж		2017ж		Δ 2017/2016жж,	
	12 ай.	ҚР үлес салмағы, %	12 ай.	ҚР үлес салмағы, %	млн. кВт.сағ.	%
1	2	3	4	5	6	7
«Самрук-Энерго» АҚ «таза» электр энергиясы өндірісі (ірі және шағын ГЭС, ВЭС және СЭС есепке алғандағы)	3 580,9	29,9%	3407,8	29,4%	-173,12	-4,8%
«Самрук-Энерго» АҚ «таза» электр энергиясы өндірісі (шағын ГЭС, ВЭС және СЭС есепке алғандағы) (ЖЭК туралы Заңға сәйкес),	366,0	39,3%	367,7	33,2%	1,7	0,5%
«АлЭС» АҚ шағын ГЭС каскады	211,2	57,7%	198,2	53,9%	-13,0	-6,2%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	3,1	0,8%	3,1	0,8%	0,0	-0,3%
«Первая ветровая электрическая станция» ЖШС	151,7	41,4%	166,4	45,3%	14,7	9,7%
2016-2017 жылдар бойынша «Самрук-Энерго» АҚ «таза» электр энергиясы өндірісі бойынша мәліметтер (млн. кВт.сағ.). Көз: «Самрук-Энерго» АҚ нарықты дамыту департаменті.						

Келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай, «Самрук-Энерго» АҚ 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда номиналды көлемі 1,7 млн. кВт.сағ. құрайтын ЖЭК өндірісі көлемінің аздаған өсімі байқалады 0,5%.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы № 216 Жарлығымен бекітілген (қазір күшін жойған) 2007- 2024 жылдарға арналған тұрақты даму бойынша ҚР тұжырымдамасында бекітілген негіз құраушы идеялар ҚР 2009 жылғы 4 шілдеде қабылданған «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңнан көрініс тапты. Бұл ҚР жаңартылатын энергия көздерін пайдалану туралы заңнамаларын дамытудың жаңа кезеңін ашқан ерекше оқиға болды.

Бұл Заң жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдаудың мақсаттарын, түрлерін және бағыттарын айқындайды. Ол төрт тараудан тұрады және оның басты мақсаты-балама энергетиканы дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетуді, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша объектілерді жобалау, құрылысын салу және пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету туралы жалпыға міндетті нормаларды заңнамалық деңгейде бекіту.

ЖЭК-ін қолдау бойынша қабылданған заңнамалық база инвесторлар үшін тәуекелсіз жағдайлар жасау есебінен ЖЭК-ге инвестиция тартуға бағытталған және келесі тетіктерді қарастырады:

- ЖЭК іске қосылғанға дейін, оның ішінде аукциондар арқылы 15 жылға белгіленген тарифтер беру;

- тарифтерге жыл сайын инфляцияны және валюта курстарын есепке ала отырып индексация жасау;

- ЖЭК-нің электр энергиясын желі бойынша жіберілген толық көлемінде сатып алу бойынша міндеттемелер қабылдау;

- электр желілеріне қосылу кезінде қолдау көрсету;

- ЖЭК- бойынша электр желілеріне электр энергиясын беру кезінде басымдықтар беру;

- қолданыстағы электр желілерін (ЖЭК қосу үшін қажетті) электр беруші мекеме есебінен кеңейту және жөндеуден өткізу;

- ЖЭК желілері бойынша электр энергиясын бергені үшін төлемдердің болмауы.

Сонымен қатар заңнамаларда да, тәжірибеде де, ғылыми зерттеулерде де осы мәселе бойынша олқылықтар мен кемшіліктер бар. ҚР энергетика туралы заңнамаларына, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану туралы заңнамаларына жасалынған талдау бірнеше мәселелердің реттеусіз қалғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Мысалы жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың құқықтық режимі ерекшеліктері бірнеше тиісті заңдардан әлі күнге дейін көрініс таппай келеді, олар: ҚР Экологиялық кодексі, ҚР су кодексі, 2009 жылғы 4 шілдеде қабылданған ҚР «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңы. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды реттеуде негізгі болып табылатын соңғы құжатта күн энергиясын пайдалану мен шағын гидроэнергетика туралы іс жүзінде ештеңе айтылмаған.

Дәстүрлі энергетикаға келетін болсақ, оны реттеу де тиісті деңгейде жүзеге асырылмайды. Энергетика туралы Заңдарда энергетикалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы нормалар өте аз.

ҚР Экологиялық кодексінде сонымен қатар өкінішке орай энергияны пайдалану бойынша қатынастарды реттейтін ешбір норма көрсетілмеген, тек радиоактивті материалдарды, атом энергетикасын пайдалануға және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты экологиялық талаптар ғана көрсетілген. Қазіргі таңда балама энергетика бойынша жобалардың өте аз екенін және олардың негізінен жел, су және күн энергиясында жүзеге асырылатынын атап өтуіміз қажет.

2018 жылдың 23 мамырынан 7 маусымына дейін Қазақстанда жаңартылатын энергия көздері жобаларын таңдап алу бойынша тұңғыш халықаралық аукцион саудалары өткізілді. Аукцион саудалары жаңартылатын энергия көздерін жоспарлы дамытудың кезеңдерінің бірі болып табылады және неғұрлым нәтижелі жобаларды таңдап алуға және ЖЭК объектілері өндіретін электр энергиясына нарықтық бәсекеге қабілетті құн қалыптастыруға бағытталған. Қазіргі таңда Қазақстанда көптеген фирмалар мен осы істің жекелеме энтузиастарының жел электр станцияларының аэродинамикалық қондырғыларын құрастыруы дамып келеді. Алайда электротехникалық жағынан және қуаттарды демпфирлеу жүйесі салалары бойынша барлық белгілі құрастырылымдар электротехниканың қазіргі деңгейіне сәйкес келмейтін барынша артта қалған болып табылады.

Экономикалық жағынан алып қарағанда қазіргі таңда Қазақстан нарығында ұсынылып отырған жел электр станциялары (100% шет елде өндірілген), тіпті бензин агрегаттары сияқты өте қымбат қондырғыларды қоса есептегендегі электр станцияларының өзге түрлерімен ешбір бәсекелестікке түсуге қабілетті емес болып шығады. Біздің пікірімізше электр энергиясын өндіру және қолданыстағы электр энергиясы жүйесі желілеріне жеткізіп беру үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану Қазақстанның энергиядан тапшылық көріп отырған өңірлерінде өзін-өзі ақтауы мүмкін. Мұндайда дәл осы жаңартылатын энергия көздері еліміздің алыс өңірлерін дамытудың басты факторына айналуы мүмкін болады.

Бұл қорытындыны Қазақстанның бірыңғай электр энергиялық жүйесінің жүйелік операторы «KEGOC» АҚ мәліметтері нақтылы дәлелдей түседі [119, с. 8].

Жүйелік оператордың мәліметтеріне сәйкес 2017 жылы ЖЭК пайдалана отырып электр энергиясы объектілерінің электр энергиясын өндіру көлемі (СЭС, ВЭС, қуаттылығы 35 МВт шағын ГЭС) 1 109,0 млн. кВт.сағ. құрады немесе 2016 жылмен салыстырғандағы өсім 19% құрады.

Кесте 7

Атауы	2016ж		2017ж		Δ	
	12 ай.	ҚР үлес салмағы, %	12 ай.	ҚР үлес салмағы, %	млн. кВт.сағ.	%
1	2	3	4	5	6	7
Жалпы ҚР бойынша өндірілгені	94 076,5	100%	102 383,6	100%	8 307,1	8,8%
Жалпы ҚР ЖЭК өндірісі, оның ішінде аймақтар бойынша	932,0	1%	1 109,0	1,1%	177,0	19,0%
Солтүстік аймақ	215,8	23,2%	304,8	27,5%	89,0	41,3%
Оңтүстік аймақ	716,2	76,8%	804,2	72,5%	88,0	12,3%
Батыс аймақ	-	-	-	-	-	-

7 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Жалпы ҚР ЖЭК өндірісі, оның ішінде түрлері бойынша	932,0	100%	1 109,00	100%	177,0	19,0%
СЭС	86,1	9,2%	89,8	8,1%	3,7	4,3%
ВЭС	274,1	29,4%	338,5	30,5%	64,4	23,5%
Шағын ГЭС	571,8	61,3%	680,7	61,4%	108,9	19,1%
2016-2017 жылдардағы ЖЭК аймақтары және түрлері қиылысындағы ЖЭК өндірісі бойынша мәліметтер (млн. кВт.сағ.) . Көз: «Самрук-Энерго» АҚ нарықты дамыту департаменті.						

Кестеден көріп отырғанымыздай Қазақстанның бірыңғай электр энергиясы жүйесінің өзге аймақтарымен салыстырғанда ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруі бойынша үлес салмағы оңтүстік аймақта орналасқан ЖЭК объектілерінде жоғары болып келеді, ал Батыс аймақта ЖЭК объектілері енгізілмеген.

Сонымен қатар шағын ГЭС-терге (ЖЭК жалпы көлемінің 61,4%) және жел электр энергетикасына (ЖЭК жалпы көлемінің 30,5%) ең көп үлес салмағы келеді.

Сондықтан да республика үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану маңызды міндет болып табылады, себебі ол экологиялық жағынан теңестірілген және тұрақты дамуды қамтамасыз ету бойынша стратегиялық міндеттерді шешуге ықпал етеді. Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып Қазақстан Республикасында энергетиканы құқықтық реттеудің келесі негізгі мәселелері мен даму болашағын бөліп көрсетуге болады:

- Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде балама энергетика еліміздің энергия қажеттігін жеткілікті көлемде қамтамасыз ете алмайды. Сонымен қатар, мұндай технологияларды енгізудің кейбір келесідей теріс факторлары да бар: лек тығыздығының шағындығы (қуаттың үлесінің) және мұндай энергия көздерінің көпшілігінің уақыт ішінде өзгерушілігі, мұның өзі оның өздік құнының жоғары болуын, дәстүрлі энергия қондырғыларымен салыстырғанда капитал салудың үлес салмағының артық болуын негіздейді. Мұндай жағдайдан шығудың жолы дәстүрлі және балама энергетиканың оптималды тепе-теңдігін қалыптастыру болып табылады;

- балама энергетика көздерін дамыту ғана емес, сонымен қатар энергияны үнемдеудің нормативтік құқықтық базасын бір мезетте қалыптастыру бойынша сауатты саясат жүргізу елеулі нәтижеге алып келуі мүмкін;

- осы сала бойынша бәсекеге қабілетті технологияларды жеделдетте дамытудың шарттары мен тетіктерін құруға бағытталған энергетика қорларын, атап айтқанда балама энергияны құқықтық реттеу саласы бойынша заң жобаларын құрастыру қажет;

- энергия көздерінің көп түрлілігі ҚР Экологиялық кодексінен, ҚР 2009 жылғы 4 шілдедегі «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңынан, ҚР «Энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру туралы» Заңынан көрініс табуы тиіс;

- энергия көздерін пайдалану саласы бойынша ғылыми зерттеулерді, ғылыми жобаларды дамыту әлі күнге дейін өзекті мәселе болып қалып келе жатыр.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ БАЛАМА ЭНЕРГЕТИКАНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігінің негіз құраушы факторы ретінде

«Әлемнің тұрақты дамуы» ұғымы (ағыл. “sustainable development”) қазіргі әлем дамуының идеялық тұжырымдамасы деңгейіне көтерілген. Халықаралық құқықтың орталық тақырыптарының бірі бола отырып бұл тұжырымдама әлемнің барлық елдерінің мүдделерін құрметтеуге арналған барлық халықаралық шарттардан көрініс таба отырып, қарқынды және тұрақты түрде дамып келеді. Осы тұжырымдаманың энергетикалық құрамдас бөлігіне келетін болсақ, экономикалық өсімге ықпал ететін энергия өндірісі тұжырымдамасынан әлемдік тұрақты даму тұжырымдамасына көшу процесі деген ұғымның қалыптасатынын атап өтуіміз қажет, оған энергогенерация парадигмасын өзгерткен жағдайда қол жеткізу мүмкін болады. Тұрақты дамудың ерекше идеясы Арктикадағы халықаралық құқық субъектілерінің қызметінің, атап айтқанда оның минералдық қорларын құрастыру бойынша қызметінің құқықтық базасын қалыптастыру кезінде негіз құрауы тиіс болатынын атап өтуіміз қажет [40, с.52].

Норвегияның премьер-министрі Гру Харли Брундтландтың 1987 жылғы баяндамасында «тұрақты даму» «қазіргі буынның өз қажеттіктерін қанағаттандыруы үшін болашақ буынға зиян келтірместен қажеттіктерін қанағаттандыруы» деп көрсетілген [120, Р. 12].

Тұрақты даму тұжырымдамасын 1984 жылы БҰҰ қоршаған орта бойынша Стокгольм конференциясынан кейінгі (1972 ж) екінші конференциясына дайындалу бағдарламасы шеңберінде БҰҰ Бас хатшысының бастамасымен қоршаған орта және даму бойынша халықаралық комиссия құрастырған болатын.

Комиссия міндеттеріне атап айтқанда 2000 жылға қарай және одан да ұзақ мерзімге тұрақты дамуды қамтамасыз етуі тиіс қоршаған орта саласы бойынша ұзақ мерзімдік стратегиялар құрастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу, әлемдік қауымдастық пайдалана отырып қоршаған орта мәселелерін нәтижелі шеше алатын құралдар мен әдістерді қарастыру кірді. Тұрақты даму идеялары БҰҰ 1987 жылғы Бас Ассамблеясына ұсынылған «Біздің ортақ болашағымыз» деп аталатын қоршаған орта және даму бойынша халықаралық комиссияның баяндамасынан көрініс тапты [121, с. 2].

Тұрақты даму моделі 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен қоршаған орта мен даму бойынша БҰҰ конференциясында қабылданған құжаттар-қоршаған орта және даму бойынша Декларациядан және жаһандық көлемдегі одан арғы іс-қимыл ұзақ мерзімдік бағдарламасы арқылы нормативтік жағынан рәсімделінді («XXI ғасырға күн тәртібі»).

Қоршаған орта бойынша Декларацияда қазіргі кезеңдегі әлемдік қауымдастық пен мемлекеттердің экологиялық пайдалы әрекеттерінің негізгі принциптері берілген. Олар толық көлемде энергетикалық қауіпсіздікті

қамтамасыз ету саласына жатқызылады. Рио Декларациясында тұрақты даму идеялары бірнеше принциптер арқылы бекітілген. 3 принципке сәйкес дамуға құқық, қазіргі және болашақ ұрпақтың, қоршаған ортаны дамыту саласындағы қажеттіктерін тиісінше қанағаттандыратындай дәрежеде сақталуы тиіс.

4 принципте былай делінген: тұрақты дамуға қол жеткізу үшін қоршаған орта даму процессінің ажырамас бөлігін құрауы тиіс және одан бөлек қарастырылмауы керек. Тұрақты дамуға және барлық адамдар үшін өмір сүрудің неғұрлым жоғары сапасын қамтамасыз етуде мемлекеттер өндіру мен тұтынудың тиімсіз тәжірибесін тоқтатуы, оны жоюы және тиісті демографиялық саясатқа қолдау көрсетуі тиіс (8 принцип).

Мемлекеттердің тұрақты дамуға қатысты маңызды міндеттері сондай-ақ 9 принципте бекітілген. Мемлекеттер жаңа және алдыңғы қатарлы технологияларды қоса есептегендегі ғылыми-техникалық білімдермен алмасу, алдыңғы қатарлы технологияларды құрастыру, бейімдеу, тарату және беру арқылы ғылыми танымды тереңдету есебінен тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін ұлттық мүмкіншіліктерді арттыру мақсатында ынтымақтаса жұмыс істеуі тиіс. Экологиялық мәселелер мен экономикалық дамуды шешуге кешенді көзқарас идеясы «Біздің ортақ болашағымыз» баяндамасының 1 қосымшасында берілген қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты дамудың ұсынылған құқықтық принциптерінің жинағынан көрініс тапқан. 7 принципке сәйкес «мемлекеттер қоршаған ортаны сақтау даму саласындағы қызметті жоспарлау мен жүзеге асырудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады деген шартты қамтамасыз етуі тиіс».

Жаһандық немесе ұлттық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің эколого-құқықтық жақтарын талқылай келе БҰҰ «Мыңжылдықтың даму мақсаттары» деп аталатын өзге құжатын да есепке алмауға болмайды («Millenium Development Goals»). Бұл құжатты БҰҰ түрлі елдерде әлеуметтік мәселелерді шешу мен адам мүмкіншіліктерін дамыту бойынша іс-қимыл нәтижелілігін бағалау үшін индикатор ретінде ұсынады. БҰҰ мүше барлық 189 мемлекеті өздеріне 2015 жылға қарай осы мақсаттарға қол жеткізу міндеттемелерін қабылдады. Ол энергетикалық қауіпсіздік мәселелерін шешу бойынша іс-қимыл тиімділігін бағалау үшін тең дәрежеде қолданылуы тиіс. «Мақсаттар» жүйесінде дамудың сегіз маңызды мақсаттары бөліп көрсетілген, олардың әрқайсысы үшін неғұрлым нақтылы, оның ішінде сандық жағынан өлшенетін міндеттер көрсетілген. «Мыңжылдықтың даму мақсаттары» арасында экологиялық мақсат та бар. 7 мақсат жер шарында және жекелеме мемлекеттерде экологиялық тұрақтылығыты қамтамасыз етуі тиіс. Мақсат пен осы мақсаттың көрсеткіштері экологиялық тұрақтылығыты қамтамасыз ету үшін қажетті екі басты мәселені шешу қажеттігін көрсетеді: — адамның қоршаған ортаға ықпалын және оның табиғи қорларды сарқуын төмендету; — адамның дамуы үшін қажетті экологиялық шарттарды жақсарту, оның қауіпсіздігі, денсаулығы мен өмір сүруі үшін экологиялық қатерлерді төмендету [122, с. 7].

2006 жылғы 14 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2007- 2024 жылдарға арналған Қазақстанның орнықты дамуға

көшуі тұжырымдамасы мақұлданды. Елдің дамуының жаңа бағдарламасы әлемдік қауымдастықтың тұрақты дамуға көшуі бойынша іс-қимыл бағдарламасы - ХХІ ғасыр күн тәртібіне қол қойған мемлекеттің халықаралық міндеттемелеріне сәйкес құрастырылған. Құжатта Қазақстан дамуының үш векторы (экономикалық, әлеуметтік және экологиялық) бірыңғай тұтастық ретінде қарастырылады. Тұрақты дамуға көшудің негізгі принциптерінің бірі елдің экономикасына жоғары технологияларды белсенді енгізу нәтижесіндегі экономикалық прогресс және қорларды пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылды. Тұрақты дамуға көшу үшін басымдық деп өндіру мен тұтынудың тұрақты моделдерін енгізу, жаңа және экологиялық жағынан қауіпсіз технологияларды пайдалану, тұрақты көлік жүйелерін дамыту, энергия нәтижелілігі мен энергияны үнемдеуді есептеу қабылданған. Бұл жарлық - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 13 сәуірдегі № 47 Жарлығымен күші жойылды.

Қазақстан «Қазақстан-2050» стратегиясын және «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасын қабылдаған кезден бастап еліміз қоғам дамуының принципті түрде жаңа жолын тандап алды. Тұжырымдамаға сәйкес мемлекеттік саясаттың қоршаған ортаға ықпал етуді төмендетуге және қорларды үнемдеуге, тұрғындардың өмір сүру сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізуге бағыттылығы басты рөл атқаратын болады.

Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасы қоршаған ортаға түсірілетін салмақты барынша азайту және табиғи қорлардың сарқылуын төмендету арқылы Қазақстан халқының өмір сүру сапасын, игіліктерін арттыру және әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына енуін қарастыратын жаңа формация экономикасына көшу мақсатында терең жүйелік қайта құрулардың негізін қалайды [123, б. 58].

Үкімет жоғарыда келтірілген Президент Жарлығына сәйкес 2013 -2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі бойынша тұжырымдаманы жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарын бекітті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 750 қаулысы).

ҚР Үкіметі жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы негізгі бағыттарын құрастырады. Конституцияның 66 бабының 1 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі мемлекеттің әлеуметтік - экономикалық саясатының негізгі бағыттарын, оның қорғаныс қабілеттілігін, қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіптің қамтамасыз етілуін құрастырады, және Республика Президентінің келісімімен олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады, мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Соған байланысты Үкіметтің негіз құраушы құзыреттілігі жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын құрастыру болып табылады.

Үкіметтің осы бағытты жүзеге асыруына мысал ретінде Қазақстанда 2013-2020 жылдарға арналған балама және жаңартылатын энергетиканы дамыту бойынша іс-шаралар жоспарын бекітуін келтіруге болады (Күші

жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 191 қаулысымен).

Іс-шаралар жоспары құрамына балама және жаңартылатын энергетиканы дамыту бойынша 128 нақтылы іс-шара кіреді. Жоспарға қосымша Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергия көздерін орналастыру жоспары (жел электр станциялары және күн электр станциялары) және Қазақстан Республикасында шағын гидроэлектр станцияларын орналастыру жоспары берілген (Алматы облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Жамбыл облысы, оңтүстік-Қазақстан облысы). Қазақстандық сарапшылардың болжамдарына сәйкес «Қазақстандағы сарқылатын табиғи қорлардың қоры белгілі бір кезең ішінде сарқылуы мүмкін. Сарапшылардың бағалауынша экстенсивті пайдалану кезінде Қазақстандағы қазіргі мұнай қорлары 70 жылға жетеді, табиғи газ-85 жылға жетеді. Тау-кен металлургия өнеркәсібі барланған нәтижелі кен орындарының сарқылу жағдайында тұр. Темір рудасы бар-жоғы - 80 жылға, алюминий – 90 жылға жетеді, мыс 20 жылдан кейін сарқылады. Қорғасын-мырыш саласы 25 жылға қамтамасыз етілген, хром рудасы 50 жылдан астам уақытқа жетеді, никель кен орындары толықтай игеріліп болды».

Атом энергиясына келетін болсақ қазіргі таңда ол Қазақстанда пайдаланылмайды, алайда АЯЭ/ОЭСР «Қызыл кітабы» және атом энергиясы бойынша халықаралық Агенттік (бұдан әрі-МАГАТЭ) мәліметтері бойынша Қазақстанда уранның нақтылы бағаланған қорларының шынайы көлемі 819 мың тоннаны құрайды, оның ішінде игерудің өздік құны 1 кг. 80 доллардан төмен уран қорларының көлемі 59 өздік құны 1 кг. 80-130 доллар– 18 %, ал өздік құны 1 кг. 130-260 доллар-қалған 23 % құрайды [21, с. 21].

ҚР-да атом энергиясын құқықтық реттеу тиісті деңгейде жүзеге асырылмайды. Бұрын атом энергиясының реттелуі ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1806 «Қазақстан Республикасы атом энергетикасы Агенттігінің 2012- 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» қаулысы, кейіннен күшін жойған ҚР 1997 жылғы 14 сәуірдегі № 97-І «Атом энергиясын пайдалану туралы» ҚР Заңы арқылы реттеліп келген болатын [22, с. 207]. Қазіргі уақытта ҚР атом энергетикасын құқықтық реттеу «Атом энергиясын пайдалану туралы» ҚР Заңында [103], сондай-ақ «Экспорттық бақылау туралы» ҚР Заңында белгіленген, ол қару-жарақтың, әскери техниканың, ядролық және арнайы ядролық емес материалдардың, әскери мақсаттағы өнімдердің, екі түрлі мақсатта қолданылатын технологиялардың, шикізаттың, материалдардың, құрал-жабдықтардың, технологиялардың, ғылыми-техникалық ақпараттың, және халықаралық және ұлттық қауіпсіздік мүддесінде оларды өндіру мен пайдаланумен байланысты қызметтердің экспорттық бақылауын жүзеге асырудың негіздері мен тәртібін белгілейді, жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау режимін нығайтуға қызмет етеді» [23, с. 68]. Республикада энергияны үнемдеу режимін қалыптастыру процессінің бастауын 1997 жылғы 25 желтоқсандағы № 210-І ҚР «Энергияны үнемдеу туралы» ҚР Заңы қалады. Осы заң мемлекеттің энергетикалық саясатының басты мәселесі ретінде отын-энергетика қорларын пайдаланудың тиімділігін арттыру мәселесін қойды. Алайда аталған Заң декларативтік сипатта болды

және оның көптеген ережелері жұмыс істемеді, соған байланысты Заң күшін жойды. Ол қазіргі таңда елімізде энергия нәтижелілігі көрсеткіштері өнеркәсібі дамыған елдердің көрсеткіштерінен елеулі көлемде қалып қоюына алып келді.

2011 жылдың соңында 2012-2015 жылдарға арналған ҚР энергия тиімділігін арттыру бойынша кешенді жоспар қабылданды. Оның құрамына Европалық Одақ пен халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық шеңберінде ұсынылған және талқыланған бірнеше бастамалар енгізілді, оларды жүзеге асыру үшін халықаралық банктің, БҰҰ өнеркәсіптік даму ұйымының (ЮНИДО) техникалық және қаржылық қолдауы қарастырылды. Атап айтқанда, ЮНИДО ұсынған шаралар мен іс-шаралар энергоменеджмент жүйесі (EnMS), стандарттар және сарапшылар мен кәсіпорындар мүмкіншіліктерін арттыру туралы ұсыныстары жоспарға енгізілді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының 2015 жылғы қараша айындағы климаттағы өзгерістер туралы рамалық конвенциясы бойынша жиырма бірінші конференциясында қол жеткізілген келісім бойынша («Париж келісімі»), әлемнің барлық елдері алдын-ала анықталған ұлттық үлес (INDC) ретінде белгілі мақсаттық деңгейлер арқылы дербес анықталған деңгейге сәйкес парниктік газдар шығару деңгейін қысқартуға келісті. Бір жылдан кейін күшіне енген келісім халықаралық құқықтық акт мәртебесіне ие болды (қысқа мерзім ішінде ратификацияланудың рекордтық көрсеткішіне қол жеткізе отырып), және қазіргі таңда мемлекеттерді (Қазақстанды қоса есептегенде) энергия тиімділігін арттыру, экономиканың энергетикалық тепе-теңдігін өзгерту (көмірден табиғи газға көшу және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау) және көміртек шығарындыларына тарифтер қалыптастыру (не салық салу арқылы немесе шығаруға квоталарды сату арқылы) сияқты шараларды қабылдау арқылы шығаруларды азайту бойынша келісе күш жұмсауға міндеттейді [6, с. 17].

IHS Markit вице-төрағасы Дэниел Ергин атап көрсеткендей, біз климат өзгерістері туралы Париж келісіміне қол қойылғаннан кейінгі дәуірде өмір сүріп келеміз. Бұл 2015 жылы қабылданған келісімнің мақсаты - энергетика саласында парниктік газдар шығару көлемін қысқарту - кең көлемдегі халықаралық қолдауға ие болды және көптеген мемлекеттердің саяси бағытының жалпы негізін құрады. Бұл жағдай әрине энергия қорларын өндіруші және экспортер болып қана табылмай, сонымен қатар оны тұтынушы болып табылатын Қазақстан үшін үлкен маңызға ие болады. Осы келісім шеңберіндегі Қазақстанның міндеттемелері 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын міндетті мақсаттық көрсеткіш ретінде 1990 жыл деңгейімен салыстырғанда 15% немесе халықаралық қаржыландыру орын алған жағдайда 1990 жыл деңгейінен 25% қысқартуды қарастырады [6, с.7].

Жаңартылатын энергия көздерінің дамуының бірнеше шектеулері бар және әлі де болса мемлекеттік қолдауды талап етеді. Қазіргі жағдайда Қазақстанда жаңартылатын көздердің шектеусіз дамуы электр энергиясы құнының елеулі көлемде өсуіне алып келеді және отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне теріс ықпал ететін болады. Сондықтан да мемлекет еліміздің «жасыл» экономикаға көшуінің бірыңғай мақсаттық көрсеткіштерін

белгілеуі, оған қол жеткізудің оптималды жолдарын таңдап алуы және тиісінше Қазақстанның электр энергетикасы инфрақұрылымының мүмкіншіліктерін есепке ала отырып ЖЭК қуаттарын енгізудің ең жоғары көлемін анықтап беруі маңызға ие болады. Мұндай жүйелік көзқарас Қазақстанның 2016 жылы Париж келісімдері шеңберінде өзіне алған парниктік газдар деңгейін 15% төмендету міндеттемесін, сондай-ақ бизнес қауымдастық тарапынан да, тәуелсіз сарапшылар тарапынан да парниктік газдарды реттеудің заңмен бекітілген тетіктеріне айтылған сын ескертулерін де есепке алуы тиіс [6, с. 5].

3.2 Қазақстан Республикасында эколого-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық тетіктері мәселесі

Қазақстан экономикасының дамуының тұрақты моделін құру эколого-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін жетілдіру мәселелерін шешусіз мүмкін емес болады. Ел Үкіметі энергия қорларын нәтижелі және тиімді пайдалану мен тұтыну саясаты оны тұтынудың өсуін ұстап тұруға және қоршаған ортаға ықпал ету деңгейін елеулі көлемде қысқартуға әкелуі тиіс екенін түсіне отырып әрекет етеді. Осы саладағы іс-шаралар өнеркәсіпті, электр энергетикасын, тұрғын үй-коммуналдық және көлік салаларын жаңа технологиялар мен инновацияларды қолдануды ынталандыру арқылы жаңғыртуға ықпал ететін болады.

Соған байланысты Қазақстан басшылығы еліміздегі энергия қорларының елеулі көздерінің бар екеніне және дамыған энергетикалық инфрақұрылымның барлығына қарамастан энергетикалық саясаттың негізгі басымдықтары ретінде энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру бағытын таңдап алды. 2020 жылға қарай ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын 40% төмендету бойынша міндет қойылды.

Энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру бойынша іс-шараларды заңнамалық қолдау шеңберінде 2012 жылы «Энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру туралы» және «Қазақстан республикасының энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдары және оларға сәйкес заңға тәуелді актілер қабылданды. Сондай-ақ «2012- 2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында энергияның тиімділігін арттыру бойынша кешенді жоспар» және 2011- 2020 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасы қабылданды. 2013 жылдың тамыз айында Қазақстан Үкіметі «Энергияны үнемдеу - 2020» Республикалық бағдарламасын бекітті.

Соңғы жылдар ішінде Қазақстан Республикасында энергияның тиімділігін арттыру және энергияны үнемдеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп келеді. Қазіргі таңда осы сала бойынша нормативтік-құқықтық база құрастырылған және ҚР мемлекеттік органдары экономика салаларын жаңғырту, техникалық реттеу тетіктерін енгізу, кәсіпорындардың энергетиканы есепке алуы, басқару сапасын арттыру және өндіріс қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, сондай-ақ тұрғындар арасында энергияны үнемдеуді насихаттау және энергияның тиімділігін арттыру жобаларының инвестициялық

қызығушылықтарын арттыру толыққанды жүйесін құру бойынша белсенді жұмыс жасап келеді.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өсім - Қазақстанның жаңа мүмкіншіліктері» Қазақстан халқына Жолдауы және энергияны үнемдеу саласы бойынша 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жеделдетілген индустриалды-инновациялық дамуы бойынша мемлекеттік бағдарламасында ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2015 жылы 10% және 2020 жылға қарай 25% төмендету бойынша міндет қойылды. Алайда «Энергияны үнемдеу - 2020» Республикалық бағдарламасы ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2020 жылға қарай 40% төмендету бойынша амбициялық міндет қояды.

Сонымен қатар энергияның тиімділігін арттыру бойынша кешенді өңірлік және салалық жоспарлар жүзеге асырылуда.

Осы саладағы мемлекеттік саясатты дамытудың маңызды кезеңі 2012 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы «Энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігі туралы» және «Қазақстан Республикасының энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдардың қабылдануы болды.

Аталған заңдар шеңберінде 22 нормативтік-құқықтық акт қабылданды, олар мынаны қарастырады:

- қыздыру лампаларын пайдалануға кезеңдеп тиым салуды енгізу;
- өнеркәсіп өнімдері мен қызметтерінің барлық түрлері үшін энергияны тұтыну нормативтерін енгізу (барлық өнеркәсіп кәсіпорындары осы нормативтерге сәйкес болуға міндетті);
- көліктің барлық түрлеріне, электр қозғалтқыштарға, сондай-ақ ғимараттар, құрылыстар және олардың жобалық құжаттарына энергия тиімділігі бойынша міндетті талаптар енгізу;
- ғимараттар мен құрылыстардың энергия нәтижелілігі класстарын енгізу және оларды анықтау мен қайта қарау ережелерін енгізу;
- өнеркәсіп кәсіпорындары мен ғимараттарында энергоаудит жүргізу ережелерін қабылдау;
- жылына 1500 т.у.т. (1050 т.н.э.) артық тұтынатын кәсіпорындарда энергоменеджмент жүйесін енгізу бойынша талаптар енгізу;
- энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру бойынша құзыретті орган, облыс әкімдігі және ірі энергия қорларын өнеркәсіптік тұтынушы араларында үш жақты негізде жасалынатын энергияны үнемдеу мен энергияның тиімділігін арттыру бойынша типтік ерікті келісімді бекіту. Мұндай келісім жасаған субъектілер үшін жергілікті өкілетті органдар қоршаған ортаға шығарулардың төлем ставкасын арттырмауға құқылы болады;
- жергілікті атқарушы органдардың энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру мәселелері бойынша қызметін бағалау тетіктерін енгізу;
- энергоаудит және (немесе) энергияны үнемдеу сараптамасын жүзеге асыратын, сондай-ақ энергоменеджмент жүйесін құру, енгізу және ұйымдастыруды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың біліктілігін

арттыру және қайта даярлау бойынша оқу орталықтарының қызмет ережелерін бекіту.

Жаңа заңнамалық базаның әрекет етуінің басты тетіктерінің бірі мемлекеттік энергетикалық тізілім құру болып табылады (бұдан әрі - МЭТ), оның субъектілері жылына 1500 және одан жоғары т.у.т. (1050 т.н.э.) көлемінде энергетикалық қорларды тұтынатын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, сондай-ақ үлесі мемлекетке тиесілі болып табылатын мемлекеттік мекемелер мен компаниялар болып табылады. Мемлекеттік мекемелерден басқа МЭТ барлық субъектілері әрбір бес жыл сайын кемінде бір рет міндетті энергетикалық аудиттен өтеді. Сондай-ақ МЭТ барлық субъектілері энергоменеджмент жүйесін енгізуі және ұйымдастыруы тиіс болады.

Соған байланысты энергоменеджмент жүйесінің СТ РК ISO 50001-2012 стандарты. Қолдану бойынша талаптар мен басшылық» бекітілді және ғимараттарда энергоаудит жүргізу әдістемесі құрастырылды. Энергияның тиімділігі жағынан алып қарағандағы негізгі құжат ретінде 2013 жылдың тамыз айында Қазақстан Үкіметі «Энергияны үнемдеу - 2020» Республикалық бағдарламасын бекітті (бұдан әрі-Бағдарлама), оның құрамында экономиканың жекелеме салалары бойынша ағымдағы жағдайға талдау жасалған және мақсаттар анықталып, оларға қол жеткізу бойынша іс-шаралар жоспары берілген.

Бағдарламада келесі міндеттер қойылған:

- өнеркәсіптің энергия тиімділігін жаңғырту және арттыру;
- энергия және жылу желілеріндегі жоғалту деңгейін төмендету;
- тұрғындар арасында энергияны үнемдеуді кең көлемде насихаттау;
- энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыруды ынталандыратын тетіктер құрастыру және енгізу;
- энергия қызметін көрсететін компаниялардың қызметін ынталандырудың тетіктерін қалыптастыру;
- энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру саласына мамандар даярлау;
- көлік саласында отынның тұтынылуын төмендету;
- 1 кВт.сағ. электр энергиясын және 1 Гкал жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын шығындардың үлес салмағын төмендету.

Сонымен бір мезетте ҚР 2030 жылға дейінгі отын-энергетика кешенін дамыту тұжырымдамасы мен «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасындағы энергия тиімділігі саласы бойынша мақсатты көрсеткіштер «Энергияны үнемдеу - 2020» бағдарламасында берілген мақсаттармен салыстырғанда үлкен айырмашылыққа ие болды. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 434 қаулысымен күшін жойды. Соған байланысты оларға қол жеткізудің шынайылығын есепке ала отырып ҚР заңнамалық базасындағы энергияны үнемдеу бойынша мақсатты көрсеткіштерді өзара үйлестіру қажет болады.

Энергетикалық қатынастарды нормативтік-құқықтық реттеудің бірыңғай, кешенді, қарама-қайшылықсыз жүйесін құру ОЭК және отындық емес энергетиканы нәтижелі дамытудың міндетті шарты болып табылады.

Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде балама энергетика еліміздің энергия қажеттіктерін жеткілікті көлемде қамтамасыз ете алмайды. Сонымен қатар мұндай технологияларды енгізудің кейбір теріс жақтары да бар: лек тығыздығының шектеулілігі (қуат мөлшері) және энергияның осындай көздерінің көпшілігінің уақыт ішінде өзгерушілігі болып табылады, мұның өзі олардың өздік құнының жоғары болуын, дәстүрлі энергия қондырғыларымен салыстырғанда олардың капитал салудың үлес салмағының жоғары болуымен негізделеді. Мұндай жағдайдан шығу жолы дәстүрлі және балама энергетиканың оптималды тепе-теңдігін қалыптастыру және балама энергия көздерін дамытумен қатар энергияны үнемдеу бойынша нормативтік-құқықтық базаны бір мезетте қалыптастыру бойынша тиімді саясат жүргізу болып табылады.

Қазақстандағы энергетикалық қатынастардың қазіргі жағдайы Қазақстан Республикасының энергетикалық қатынастарды заңдық реттеуді жүйелеуді қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуін есепке ала отырып энергетиканың әр түрлі түрлерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету мақсатында энергетикалық кодексін құрастыру және қабылдау қажеттігін негіздейді.

Бұл кодификациялық акт энергетикалық жүйелердің, өнеркәсіптің отын салаларын, отындық емес энергетиканы реттейтін тар ведомстволық акт емес, энергетикалық қатынастарды кешенді құқықтық реттеуді қамтамасыз етуі тиіс маңызды салааралық заң актісі болуы тиіс. Бірыңғай жүйеге қалыптасқан және қалыптасып келе жатқан энергетикалық қатынастардың барлық түрлерін үйлесімді кіріктірілуі, еліміздің бірыңғай отын-энергетика кешенін және балама энергетиканы қалыптастыру мен дамытуға ықпал ететін бастапқы нормалардың болуы, энергетиканы реттеудің тиімді деңгейі мен негізгі параметрлері анықталуы тиіс. Энергетикалық кодекс энергетикалық қатынастарды реттеудің маңызды құралы болуы тиіс және конституциялық, кәсіпкерлік, азаматтық, экологиялық, әкімшілік, еңбек, қаржы, салық, жер қойнауын пайдалану туралы заңнамалар, кеден заңнамаларымен бір қатарда энергетикалық заңнамалар жүйесін қалыптастыруды аяқтауы тиіс [125, б. 46].

Тұжырымдамалық жағынан алып қарағанда Энергетикалық кодексті жүйе құрушы акт және отын-энергетика қорларын, энергетикалық материалдар мен өнімдерді, энергетикалық қызметтерді өндіру мен тұтыну саласындағы заңнамалар жүйесін одан әрі қалыптастырудың негізі ретінде қаралуы тиіс.

Энергетикалық кодекстен ОЭК мекемелері мен энергия қорлары мен энергетикалық қызметтерді жекелеме тұтынушылар қызметіне байланысты, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдардың түрлі меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілермен бірлесе қызмет етуімен байланысты қалыптасатын нарықтық қатынастар негізіндегі экономиканың, саясаттың және құқықтың ерекше бірлесе әрекет етуінен тұратын энергетика кәсіпорындарының қызмет етуінің ерекшеліктері көрініс табуы тиіс.

Энергетикалық кодекстің немесе өзге жинақтаушы актінің құқықтық реттеу пәні қатынастарды реттеудің құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық негіздері мен принциптері, отын-энергетика кешені мен

отындық емес энергетиканың қызмет етуін ұйымдастыру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясат негіздері, мемлекеттік билік пен басқару органдарының тиісті өкілеттіктерінің белгіленуі, өркениетті энергетикалық нарықты қалыптастырудың және оның субъектілерінің өзара және нарықтық қатынастарды реттеуші ретіндегі мемлекетпен кемсітушіліксіз экономикалық өзара қатынастарын қалыптастырудың құқықтық шарттарын жасау болып табылады.

Сонымен қатар қазіргі таңда ғылыми әдебиеттерде және заңнамаларда энергия көздерін баламалық, дәстүрлілік, сарқылмайтын және жаңартылатын белгілері бойынша айқын жіктеу берілмеген, мұның өзі мемлекеттік бағдарламалар құрастыру мен энергетиканың белгілі бір салаларын ынталандыру шараларын қабылдау кезінде түсінбеушілікке және аталған саладағы мемлекеттік стратегияның ұйымдық жағынан бұзылуына алып келеді.

Автор энергия көздерін бірыңғай жіктеуді құрастырды, ол өзінің шартты сипатына қарамастан заңнамалық және әкімшілік деңгейлерде балама энергия көздерін пайдаланатын субъектілерді ынталандыру және тұрақты даму тұжырымдамасын тәжірибеде жүзеге асыру мәселелерін неғұрлым нақты шешуге мүмкіндік береді.

Табиғи қорларды сарқыллатын және сарқылмайтын деп бөліп қарастырады (соңғысына негізінен су және климаттық қорлар жатады). Өз кезегінде сарқылатындарды жаңартылатын (өсімдік және жануарлар әлемінің өнімдері) және жаңартылмайтын (жер қойнауының минералдық қорлары) деп бөліп қарастырады. Жаңартылатын қорлар - тұтыну мақсатымен жартылай алынғаннан кейін өздігінен қалпына келуге қабілетті табиғи қорлар.

Энергияның дәстүрлі көздеріне қазіргі әлемдік энергетикалық баланста үстемдік құрып отырған мұнай, табиғи газ, тас көмір және оның өнімдері, ал дәстүрлі емес көздерге (немесе басқаша айтар болсақ «балама») әзірге халық шаруашылығында сирек қолданылатын энергия көздері жатқызылады.

Төменде заңнамалық базаның өзге де проблемалық мәселелері және мүмкін болатын оларды шешу жолдары ұсынылған.

1. Мемлекеттік энергетикалық тізілім (МЭТ):

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей мемлекеттік энергетикалық тізілім жылына 1500 және одан жоғары т.у.т. (1050 т.н.э.) көлемінде энергетикалық қорларды тұтынатын кәсіпорындар, сондай-ақ мемлекет акционері болып табылатын мемлекеттік мекемелер мен компаниялар туралы ақпараттар жинағы түрінде болып келеді.

Қазіргі таңда, МЭТ құрамына 11 мыңнан астам кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер кіреді. МЭТ- де барлық бірдей кәсіпорындардың есепке алынбағанын атап өтуіміз қажет. Ол бірінші кезекте энергия қорларын (электр энергиясы, табиғи газ, жылу энергиясы, отын) тұтынуды есепке алу мен бақылау жүйесінің жетілмеуімен және энергетикалық қорлардың тұтынылуына мерзімімен мониторинг жасалмауымен байланысты болып келеді.

Мысалы, жылу желілеріне қосылған кәсіпорындар үшін жылудың тұтынылуын есепке алу жылу энергиясын есепке алу құралдарының болмауына

байланысты қиындап отыр, оның өзі энергияны үнемдеу бойынша мүмкін болатын іс-шараларды одан әрі талдауға ықпал етеді.

Жоғарыда аталғандарды есепке ала отырып МЭТ операторына қажет:

- жылына мың бес жүз және одан жоғары тонна шартты отынды тұтынатын кәсіпорындардың енуі жағынан алып қарағандағы МЭТ ішкі талдау жүргізу;

- МЭТ үшін жалпы товар өнімінің энергия сыйымдылығын, энергия үнемдеу мүмкіншіліктерінің, кәсіпорындардың энергия қорларын жалпы тұтынуын есепке алуды және мониторингі мен есептіліктің түрлері мен мерзімін құрастыру және бекіту;

- МЭТ объектілерінің энергоаудиті қорытындылары бойынша ішкі талдау жүргізу, Қазақстанның инвестициялық жобалар тізіліміне енгізу үшін неғұрлым нәтижелі инвестициялық жобаларды анықтау.

2. Жобалық құжаттардың энергия үнемделуіне сараптама жасау:

«Энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру туралы» ҚР Заңына сәйкес бір күнтізбелік жыл ішінде энергетикалық қорларды 500 т.у.т.(350 т.н.э.) артық көлемде тұтынатын жаңа ғимараттар салу немесе кеңейту (күрделі жөндеуден өткізу, қалпына келтіру), қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстардың жоба алды және (немесе) жобалық (жобалық сметалық) құжаттары энергияны үнемдеу мен энергияның тиімділігін арттыру бойынша міндетті сараптамадан өткізілуге жатқызылады.

Сараптаманың бұл түрін жобаны құрастырушыдан тәуелсіз, осы сала бойынша барлық энергетикалық қорларды жылына 500 т.у.т. (350 т.н.э.) артық тұтынатын ғимараттар мен құрылыстар бойынша аккредитациясы бар мекеме жүргізеді.

Жобалық құжатта энергияны үнемдеу мен энергияның тиімділігін арттыру бойынша тарау, энергия тиімділігінің классы есептелінген жобаланған ғимараттың энергетикалық төлқұжаты, сондай-ақ энергия үнемдеуші технологиялар мен жылу изоляциясы бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Бұл сараптаманың нәтижесінде қорытынды жасалынады, онда энергия тиімділігінің классы туралы ақпарат болуы тиіс. Сонымен қатар энергия нәтижелілігі классы С-дан төмен ғимараттар салуға жол берілмейді.

Енгізілген тетік жеткілікті деңгейде нәтижелі болуы мүмкін, бірақ сараптамадан өтуі тиіс құжаттардың жыл сайынғы көлемінің елеулі мөлшерде болатынын есепке алу қажет, сол себепті де жобалық құжаттардың энергияны үнемдеу мен энергияның тиімділігін арттыру бойынша сараптама жасайтын мамандар даярлауға үлкен көңіл бөлу қажет және осы мамандарды оқытатын орталықтарға бақылауды күшейту қажет. Жобалық құжаттарға сараптама жасаумен қатар ғимараттар мен құрылыстарды салу кезінде жобалық шешімдерге сәйкес жүргізілуі де маңызды болып табылады. Соған байланысты авторлық және техникалық қадағалауды заңнамалық жағынан күшейту және жобада көрсетілген сапасы жоғары қазіргі заманғы материалдардың орынына олардың сапасы төмен орынын ауыстыратын материалдардың пайдаланылуына жол бермейтіндей тиісті бақылау орнату қажет болады.

3. Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне түзетулер (бұдан әрі Кодекс):

ҚР энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру заңнамаларын жүзеге асыру барысында ҚР Кодексіне өзгерістер енгізілді, олар заңнамалардың талаптарының орындалмағаны үшін айыппұл санкциясын қолдануды қарастырады. Алайда кодекстің қабылданған кейбір баптары одан әрі толықтыра түсуді талап етеді.

Мысалы, Кодекс электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік көрсеткіштерінің сақталмағаны және энергияны тұтыну нормативтерін асыра пайдаланғаны үшін айыппұл салу санкцияларын қарастырады (289 бап).

Сонымен қатар қабылданған энергияны тұтыну нормативтері жекелеме кәсіпорындардың технологиялық ерекшеліктері мен жұмыс режимін есепке алмайтынын атап өтуіміз қажет. Біз жүргізген талдау нәтижесінде көптеген кәсіпорындардың энергияны тұтыну нормаларын асыра пайдаланатыны және әрбір жеке кәсіпорынға, оның технологиялық ерекшеліктеріне байланысты және осы ерекшеліктерге тәуелді болып келетін энергия қорларын тұтынудың оптималды деңгейін анықтау мүмкіндігінің үнемі бола бермейтіні анықталды.

Электр желілерінің қуат коэффициентінің нормативтік көрсеткіштерін сақтамағаны үшін айыппұл салу санкциясының енгізілуі тек электр энергиясының тұтылуын есепке алудың автоматтандырылған жүйесі ұйымдастырылған немесе ірі тұтынушылардың қуат коэффициентінің көлеміне мониторинг жүйесінің ұйымдастырылуы жағдайында ғана оң нәтиже беруі мүмкін.

Соған байланысты осы баптың тиімділігін арттыру мақсатында энергияны тұтынудың белгіленген нормативтерін қайта қарау немесе алып тастау қажет болады, сондай-ақ тұтынылатын электр энергиясының көлеміне байланысты қуат коэффициенті нормаларын сақтамағаны үшін деңгейлік айыппұл санкциялары енгізілуі тиіс.

Кодекс Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектінде міндетті энергия аудиті қорытындысының болмауы арқылы реттеуді белгілейді (293 бап). Алайда барлық бірдей кәсіпорындарда энергия қорларын пайдаланудың үлес салмағын төмендетуге қол жеткізу мүмкін бола бермейтінін атап өтуіміз қажет. Мысалы, қорларды өндіру әдетте энергия тұтынудың үлес салмағының жалпы өсімімен сипатталады. Энергетикалық аудит нәтижелері энергияны тұтынудың өсу темпін төмендетудің қол жеткізілуі мүмкін деңгейін анықтауы тиіс. Сондай-ақ кәсіпорындардың энергия қорларын нақтылы пайдалану көлемі бойынша есептілігін тексеру тәртібін бекіту қажет.

Кодекс энергия үнемдеуші лампаларды кеңінен пайдалану үшін жағдай жасауды қарастыра отырып қыздыру электр лампаларын өндіру мен сатуға шектеулер қояды (294 бап).

Елімізде сынапты (флуоресцентті) лампалардың пайдаланылуының көп мөлшерде өсуі байқалады. Алайда оларды қауіпсіз жою мәселесі әлі шешілмей келеді, мұның өзі тұрғындардың денсаулығына нақтылы қатер төндіреді және теріс экологиялық салдарға алып келуі мүмкін. Соған байланысты құрамында

сынабы бар лампаларды жинау, сақтау және жоюдың республикалық жүйесін ұйымдастыру қажет болады.

Тұтас алғанда ҚР энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру бойынша заңнамаларына талдау нәтижелері бойынша инвестициялық және ынталандырушы нормалардың мүлдем жоқ екенін және тыйым салушы және нормалаушы тетіктердің жоғары деңгейдегі басымдыққа ие екенін атап өтуге болады. Соған байланысты келесі тетіктерді ұсынуға болады:

- энергия қызметін көрсететін келісім-шарттарды жүзеге асыру;
- энергия тиімділігін белгілі мөлшерде арттырып отырған кәсіпорындар үшін салық жүктемесін төмендету;
- энергияны үнемдеу бойынша жобаларға несиелік преференциялар беру.

Ынталандырушы тетіктер ең алдымен Қазақстандағы энергетикалық қорлардың шартты түрде өте төмен бағада болуына байланысты қажет, мұның өзі энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру бойынша инвестициялық қызығушылыққа ықпал ететін болады.

Алайда заңнамалық бастамалар мен іс-шаралар кешенінің жүзеге асырылғанына қарамастан Қазақстан Республикасының энергия нәтижелілігі саласындағы жалпы саясаты үздік халықаралық тәжірибені есепке ала отырып одан әрі жетілдіруді талап етеді. Дүниежүзіндегі өнеркәсібі дамыған елдері әлемдік энергетикалық нарықтардағы бағаның күрт өсуіне жауап ретінде өткен ғасырдың 70 жылдарындағы энергетикалық дағдарыс кезеңінде энергияның тиімділігі саласындағы саясатты белсенді түрде жүзеге асыра бастады. Осы уақыт ішінде аталған бағытта ауыз толтырып айтарлық прогреске қол жеткізілді, ол жаһандық энергия тұтыну темпін белгілі межеде төмендетуге мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасы осы салада экономикалық ынтымақтастық ұйымы елдерінен олардың экономикасының энергия сыйымдылығы деңгейінен бірнеше есе аса отырып, айтарлықтай артта қалып келеді, мұның өзі өнеркәсіп өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін шектейді және онсыз да шиеленісті жағдайдағы экологиялық мәселелерді одан әрі ушықтыра түседі.

Жасыл экономикаға біртіндеп көшудің орталық мәселелерінің бірі энергия тиімділігі болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстанның ЖІӨ энергия сыйымдылығы көрсеткіші бойынша ең жоғары мөлшерді көрсетіп отырған елдер қатарына кіреді. Хартия сарапшыларының пікірінше Қазақстанда өнеркәсіпте, энергетикада, көлікте және ТҮКШ энергия тиімділігін арттырудың елеулі мүмкіншіліктері бар.

2012 жылдан бастап Қазақстанда энергия тиімділігі саласындағы негізгі талаптарды анықтайтын бірнеше заңнамалық актілер қабылданды, ал негізгі құжат ретінде қазіргі таңда «Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заң әрекет етеді. Қазақстан Республикасы Үкіметі сондай-ақ 2020 жылы 2008 жыл деңгейімен салыстырғанда ЖІӨ энергия сыйымдылығын 40 % төмендету бойынша міндет қояды. Қазақстандағы электр энергиясы мен жылу тарифтерін төмен бағада ұстап тұруға мүмкіндік беретін арзан отынның қол жетімділік жағдайын есепке алар болсақ энергияны үнемдеу бойынша іс-шаралар бірталай инвестицияларды талап етеді және өзін-өзі ақтау мерзімі

салыстырма түрде ұзақ болып келеді. Мемлекеттік ЖІӨ энергия сыйымдылығын төмендету бойынша алға қойған міндеттеріне қол жеткізудің басты міндеті экономиканың энергия сыйымдылығы жоғары салаларында энергия тиімділігін арттыру мақсатында нәтижелі жұмыс істейтін заңнамалық база қалыптастыру болып табылады.

Бастапқы энергетика қорларын тұтынудың 47% жуығы энергетикаға келеді. Сонымен қатар энергетика саласында генерацияланатын және электр желілік құрал-жабдықтардың ескіруінің жоғары деңгейі байқалады, мұның өзі нәтижесінде электр энергиясы генерациясының тиімділігінің төмендігіне және электр желілеріндегі жоғалтулардың салыстырма түрде жоғары деңгейде болуына алып келеді.

Көлік саласына еліміздің бастапқы энергетика қорларының жалпы тұтылуының 17% келеді, сонымен қатар автокөлік құралдары паркінің бір бөлігінің техникалық жағдайы және пайдаланылатын отынның сапасы отынның пайдаланылуының үлес салмағына және зиянды заттар шығару деңгейіне елеулі көлемде ықпал етеді. Отын сапасының жаңа стандарттарына көшу, қазіргі заманғы навигациялық-ақпараттық жүйелерді енгізу көлік саласының энергия тиімділігін арттыруға және көлік жүйесінің босату қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді [3, с. 17-20].

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып энергия тиімділігі мен энергияны үнемдеу бойынша келесі шаралар ұсынылады.

Энергетика саласы бойынша ұсыныс:

- өндіріс салаларындағы ескірген инфрақұрылымды жаңғыртуға инвестициялар тарту тәжірибесін дамыту, жоғалтуларды төмендету мақсатында электр энергиясын беру мен бөлуге бақылау орнату.

- заңнамаларға электр өндіретін және электр желілік компаниялар тарапынан да, ірі электр энергиясын тұтынушылар тарапынан да электр энергиясының сапасы бойынша талаптарды орындамағаны үшін жауапкершілік деңгейін арттыруды қарастыратын электрмен қамтамасыз етудің сенімділігі мен сапалылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша түзетулер енгізу. Сондай-ақ электр энергиясын сертификаттау мәселесін қарастыру ұсынылады.

- саланың негізгі міндеттері: шығындарды азайту, электрмен қамтамасыз етудің сенімділігі мен сапалылығын арттыру, РЭК меншік иелеріне оларға қол жеткізу мерзімдері бойынша тарифтерге тиісті өзгерістер енгізе отырып талаптарды белгілеуді есепке алатын талап етілетін инвестициялар мен олардың көздерін анықтайтын электр желілік компанияларды (РЭК) жаңғырту мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын құрастыру және қабылдау.

- тарифтердің қалыптастырылу ережелері мен тәртібіне өзгерістер енгізу арқылы энергияны үнемдеуді ынталандыру тетіктерін құрастыру.

Өнеркәсіп саласы бойынша ұсыныстар:

- жүргізілген энергетикалық аудиттер нәтижесі бойынша құрастырылған энергияны үнемдеу бойынша жоспарлардың жүзеге асырылу барысына мониторинг ұйымдастыру және мемлекеттік бақылауды күшейту.

- бекітілген энергия тұтыну бойынша нормаларды олардың өнеркәсіп кәсіпорындарының бір бөлігіне қолданудың мүмкін еместігіне байланысты қайта қарау немесе күшін жою.

- энергия тиімділігі саласындағы ең үздік технологиялық шешімдердің оның ішінде жаңғырту және жаңа өнеркәсіп объектілерін салу кезінде қолданылуын алға жылжыту мақсатында өнеркәсіп құрал-жабдықтарына қатысты қолданыстағы стандарттарды қайта қарау.

- энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру бойынша іс-шараларға қолдау көрсету мақсатында өнеркәсіп кәсіпорындары үшін мемлекеттік ынталандырудың түрлі тетіктерін құрастыру және енгізу (ерікті бағдарламалар, субсидиялар, жеңілдікпен несие беру, салық жеңілдіктері).

- ЖОО энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру саласы бойынша профилдік кафедралары негізінде мамандарды даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыру, кәсіптік тренингтер өткізу, сондай-ақ біліктілігін арттыру мен қайта даярлау бағдарламаларын құрастыру.

ТҮКШ саласы бойынша (оның ішінде жарық беру) ұсыныстар:

- жаңа және қолданыстағы ғимараттардың энергия тиімділігіне қойылатын талаптарды күшейту және заңнама талаптарының, сондай-ақ құрылыс нормалары мен ережелерінің сақталуына мониторинг жасау үшін жеткілікті қорлар бөлу.

- ғимараттар мен құрылыстар салу барысына авторлық және техникалық қадағалаудың рөлін арттыру.

- аудит нәтижелері бойынша талаптарды орындау, мемлекеттік сатып алулар процедураларын жүргізу кезінде энергия тиімділігі бойынша арнайы бағамдар енгізу үшін өңірлік және жергілікті билік органдарын мақсатты бағдарламалар құрастыруға ынталандыру.

- қолданыстағы ғимараттардың энергия тиімділігін арттыру үшін оларды жаңғыртуға инвестициялар таруға ынталандыратын соңғы тұтынушылар үшін қаржылық тетіктер құрастыру және енгізу.

- Евразиялық экономикалық одақ шеңберінде энергия тұтынушы өнімдерге қатысты энергия тиімділігінің жалпы ең төменгі стандарттарын құрастыру және қабылдау процессін белсенділендіру.

- жоғары нәтижелі көше/ қала жарығына қатысты жобаларды құрастыру мен жүзеге асыру, еліміздің бүкіл аумағында энергия нәтижелі көше жарықтандырылуын жедел енгізуге ықпал ету үшін гранттар мен субсидиялар түріндегі ынталандыруды енгізуді қолдауға қатысты жобаларды құрастыру мен жүзеге асыру мәселелері бойынша өңірлік/ жергілікті билік органдарын қолдау үшін қажетті жағдайлар жасау.

Көлік саласы бойынша ұсыныстар:

- қалаларды, көлік инфрақұрылымы элементтерін және жол қозғалысын ұйымдастыруды жоспарлаудың сапасын бағалауды жүзеге асыру. Ұлттық және өңірлік деңгейлерде көлік саласының энергия тиімділігі индикаторлары жүйесін құру қажет.

- нарыққа жеткізілетін мотор отынының сапасына мемлекеттік бақылауды күшейту.

- көлік құралдары паркін жылдам жаңғыртуды реттейтін және ынталандыратын іс-шаралар кешенін енгізу.

- энергиялық тиімділігі жоғары автокөліктер мен өзге де көлік құралдарын пайдалануды қолдау үшін салықтық және қаржылық жеңілдіктер енгізу.

- қала аудандарында жеке меншік автокөліктерді балама түрде қолдану мақсатында қолданыстағы қоғамдық көлік жүйесінің қол жетімділігі мен жайлылығын, тиімділігін, қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тиісті мемлекеттік органдарға қойылатын талаптарды арттыру.

- көлік-логистика саласын оптималдандыру және жүк көлігінің (оның ішінде темір жол) қозғалысының энергия тиімділігін арттыру мақсатында навигациялық-уақыттық жүйе енгізу.

ҚР заңнамаларындағы анықтамаларда қосымша түсіндіруді немесе өзге құқықтық актілерге сілтеме жасауды талап ететін терминдер кездеседі мысалы, Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2016 жылғы 9 қарашадағы № 482 «Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші мекемелердің тізімін қалыптастыру ережелерін бекіту туралы» бұйрығына, онда жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші мекемелердің тізімі көрсетілген (1-3 тармақшалар), Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 256 «Жаңартылатын энергия көздеріне қолдау көрсету бойынша есептік-қаржылық орталықты анықтау туралы» бұйрығына, онда мұндай орталық ретінде «жаңартылатын энергия көздерін қолдау бойынша есептік-қаржылық орталық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі көрсетілген (4 тармақша), Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 42 «Қазақстан Республикасы энергетика министрлігінің атом және энергетикалық қадағалау және бақылау Комитеті және оның территориялық органдары туралы Ережені бекіту туралы» бұйрығы, себебі осы комитет жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласы бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша құзыретті орган болып табылады (7 тармақша), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 «Қазақстан Республикасы энергетика министрлігі мәселелері» қаулысына, ол «құзыретті орган» деп аталатын Қазақстан Республикасы энергетика министрлігінің құзыреттілігін ашып көрсетеді (11 тармақша).

Заңның 1 бабын келесі тармақпен толықтыру қажет деп есептейміз:

- «биомасса - шығу тегі биологиялық болып табылатын массаның жиынтығы»;

- «биогаз - мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының органикалық қалдықтарының, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтардың қыздырылуының нәтижесінде алынатын газ

- «желэлектростанциясы - жел энергиясын электр энергиясына айналдыруға мүмкіндік беретін түрлі құрылыстар мен құрыл-жабдықтар кешені»;

- «геотермалды энергия - жер қойнауындағы физико-химиялық процесстердің нәтижесінде радионуклеидтердің бөлінуі есебінен пайда болатын

жылу энергиясы (жер қабатының, жер асты суының, өзендер мен су объектілерінің жылуы)»;

- «шағын гидроэнергетика - қуаттылығы отыз бес мегаваттқа дейін болып келетін электр энергиясы қондырғыларына арналған судың гидродинамикалық энергиясын электр энергиясына айналдыруға негізделген энергетика саласы;

- «күн электростанциясы - күн қызуы энергиясын электр энергиясына айналдыруға мүмкіндік беретін түрлі құрылыстар мен құрыл-жабдықтар кешені».

Басым көпшілігінде ведомстволық сипатта болып келетін өзге нормативтік актілерге сілтеме жасайтын терминдерге келетін болсақ оларды нақтылай түсу қажет деп есептейміз және «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңның өзінде субъектілер нақтылы көрсетілуі тиіс:

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау бойынша есептік-қаржылық орталық – «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау бойынша есептік-қаржылық орталық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша құзыретті орган– Қазақстан Республикасы энергетика министрлігінің атом және энергетикалық қадағалау және бақылау Комитеті;

Құзыретті орган - Қазақстан Республикасы энергетика министрлігі.

Эколого-энергетикалық қауіпсіздіктің құқықтық тетіктері мәселелеріне жасалынған талдау автор қорғауға шығарып отырған келесі ұсыныстардың құрастырылуын негіздеді:

- Қазақстандағы энергетикалық қатынастардың қазіргі жағдайы Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуін есепке ала отырып энергетикалық қатынастарды заңнамалық реттеудің жүйеленуін қамтамасыз ету және энергияның әр түрлі түрлерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Энергетикалық кодексін құрастыру мен қабылдау қажеттігін негіздейді.

- Энергия көздерінің бірыңғай жіктелуін бекіту ұсынылады, ол өзінің шарттылық сипатына қарамастан заңнамалық және әкімшілік деңгейлерде балама энергетика көздерін пайдаланатын субъектілерді ынталандыру және тұрақты даму тұжырымдамасын тәжірибеде жүзеге асыру бойынша мәселелерді неғұрлым нақтырақ шешуге мүмкіндік береді.

Табиғи қорларды сарқылатын және сарқылмайтын деп бөліп қарастыру қажет (соңғысына негізінен су және климаттық қорлар жатқызылады). Сарқылатындар өз кезегінде жаңартылатын (өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өнімдері) және жаңартылмайтын (жер қойнауының минералдық қорлары) болып бөлінеді. Жаңартылатын қорлар-бұл тұтыну мақсатымен жартылай алынғаннан кейін өзін-өзі қалпына келтіруге қабілетті табиғи қорлар.

Дәстүрлі энергия көздеріне қазіргі таңда әлемдік энергетикалық баланста басымдық көрсетіп келе жатқан мұнай, табиғи газ, тас көмір мен оның өнімдері,

ал дәстүрлі емес (немесе басқаша айтар болсақ балама) көздерге-әзірге халық шаруашылығында сирек пайдаланылатын энергия көздері жатқызылады.

Энергетикалық нарықтардың нәтижелі қызмет етуі үшін цифровизациялау процесстері үлкен маңызға ие болады. ҚР қолданыстағы заңнамаларында энергетика саласында цифрлық технологияларды пайдалануды реттейтін нормалар іс жүзінде жоққа тән. Соған байланысты энергетикалық жүйелер мен энергетика объектілері қызмет етуі барысында цифрлық технологияларды пайдалану тәртібін анықтайтын құқықтық база құрастыру ұсынылады.

3.3 Қазақстан Республикасында энергетикалық қатынастар саласындағы мемлекеттік басқару мәселелері

Мемлекет эколого-энергетикалық қауіпсіздікті және тұтас алғандағы энергетикалық қатынастардың жағдайын қамтамасыз етуде негіз құраушы ықпал көрсетеді, экономиканың осы саласының тұтас алғандағы стратегиялық рөлін есепке алар болсақ бұл түсінікті жағдай.

Баламалы энергетиканың дамуындағы мемлекеттік органдардың мәнін мемлекеттің экологиялық жағдайының жақсаруы, экономикалық даму мен энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі ретінде қарастыруымызға болады. Жалпы тұрғыдан айтқанда, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамыту органдардың қызметі жаңартылатын энергия көздеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер қабылдау, оларды іске асыру мен құқықбұзушылық болған жағдайда алдын алу туралы әрекеттер жүйесін қамтиды.

Сонымен, мемлекеттің жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды дамыту функциясын іске асыратын басты субъектілер мемлекеттік органдар екені мәлім [128,б.74].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы тамыздағы реформасы нәтижесінде біріктірілген ҚР энергетика министрлігі құрылды, ол көптеген міндеттер мен қызметтер атқарады, бұл жағдайды біршама жақсартқанымен ОЭК өкілеттіктерін мемлекеттік органдар арасында бөлуді оптималдандыру мүмкіндіктері әлі де болса бар екенін көрсетеді. Өзінің экономика үшін ерекше маңыздылығына байланысты ОЭК түрлі мемлекеттік органдар тарапынан жеткілікті деңгейдегі қатаң басқару мен реттеу жағдайында болып отыр. Соған қарамастан операциялық және инвестициялық шешімдерді заңды тұлғалардың қабылдайтынын атап өтуіміз қажет (алайда олардың да көпшілігі мемлекеттік болып табылады), ал ҚР үкіметінің органдары негізінен қадағалау мен стратегиялық басшылықты жүзеге асырады.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару жүйесіне мыналар кіреді:

- ҚР Президенті әкімшілігі;
- Есеп комитеті;
- ҚР Үкіметі;
- Энергетика министрлігі;
- атом және энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті;

- ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі;
- Геология комитеті;
- Орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі комитеті;
- Су ресурстары комитеті;
- Экологиялық реттеу және бақылау комитеті;
- ҚР Қаржы министрлігі;
- мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті;
- ҚР Ұлттық экономика министрлігі;
- табиғи монополияларды реттеу;
- Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитеті
- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
- ҚР Білім және ғылым министрлігі.

Қазақстан Республикасы Конституциясы ҚР Президентіне ішкі және сыртқы саясаттың стратегиялық бағыттарын анықтау өкілеттіктерін береді. Әдетте Президент мұндай бағыттарды жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдаулары арқылы жүзеге асырады, ал биліктің атқарушы тармағы заңнамаларға сәйкес соған сәйкес экономикалық, әлеуметтік және өзге де саясаттарды жүзеге асыруға міндетті болады [129,б.84-88].

Мысалы, Нұрсұлтан Назарбаев өзінің жыл сайынғы 2014 жылғы 18 қаңтардағы Жолдауында шет елдік инвестицияларды ынталандыруды қоса есептегендегі еліміздің геологиялық барлау саласын дамыту қажеттігі туралы айтқан болатын [7, б. 5]. Соған байланысты тиісті мемлекеттік органдар өздерінің бағдарламалары мен жоспарларында осы бастаманы есепке алуға міндетті болады. Оған тағы да бір мысал ретінде Қазақстан Президенті 2014 жылдың қараша айында ұсынған «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» бастамасын келтіруге болады (онда әлемдік нарықта қалыптасқан күрделі жағдайдың еліміздің экономикасы үшін салдарын жеңілдету мақсатында көлік пен өзге де инфрақұрылымдарға инвестиция тартудың маңыздылығы атап көрсетіледі), немесе «100 қадам» жоспары, оны Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылғы мамыр айында жариялаған болатын (Қазақстанды әлемнің ең дамыған 30 елі қатарына шығару үшін бес көлемді институционалдық реформаларды жүзеге асыруды қарастырады).

Ал Қазақстан парламентінің төменгі палатасы – Мәжіліс - әдетте саясатты қалыптастыруға қатыспайды, ол Үкімет құрастырған және ұсынған бағдарламаларды қарайды, сондай-ақ тиісті заңдар қабылдайды. Мысалы, Мәжілістің экология және табиғатты пайдалану мәселелері бойынша Комитеті тұрақты негізде тыңдаулар өткізеді және министрлер мен өзге де құзыретті органдардың өкілдерін заң жобаларын талдау мақсатымен өткізілетін кеңестер шеңберінде ОӘК басты мәселелерін талқылау мен қарау үшін шақырады.

Қазақстан ОӘК саясатын қалыптастырумен айналысатын басты құрылым 2014 жылы тамызда Үкімет құрамындағы министрліктерді қайта құру барысында құрылған ҚР энергетика министрлігі болып табылады. Мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудың нәтижелерінің бірі бірнеше министрліктердің неғұрлым ірі көлемдегі жаңа ҚР энергетика министрлігіне біріктірілуі болды. Оның өкілеттілігі мұнай мен газ өндірісі, мұнай өңдеу, көмірсутектерді

тасымалдау, газды өңдеу және бөлу, электр энергиясы өндірісі, көмір өндірісі және атом энергетикасы сияқты салаларды қамтиды [130].

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі индустрия және индустриялық даму, тау-кен металлургиялық кешен, жергілікті қамтуды дамыту, машина жасау, көмір, химия, фармацевтика және медицина өнеркәсібі, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарының өндірісі, салалық бағыттылығына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімінің қауіпсіздігі; экспорттық бақылау; өнеркәсіптік қауіпсіздік; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісін және бағалы металдар мен асыл тастар, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары, зергерлік және басқа да бұйымдар айналымын реттеу; арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және тарату; уран өндіруді қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару; теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі, сауда мақсатында теңізде жүзу салаларында, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі, аэронавигация және әуежайлар қызметі саласындағы табиғи монополия, әуежайлар қызметі саласындағы қоғамдық маңызы бар нарықтар, автомобиль жолдары; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен (қатты тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда) жұмыс істеу, елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа) саласындағы мемлекеттік реттеу, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу (бұдан әрі – реттелетін салалар) басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады [131].

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі қоршаған ортаның сапасын, биологиялық әртүрлілікті сақтау, қалпына келтіру және жақсарту жөнінде жағдайлар жасау, экономика және қоршаған орта салаларын сумен қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және адам өмірі мен денсаулығы, экономика, бизнес үшін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, аумақтың геологиялық зерделенуін арттыру және Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат кешенін толықтыру, қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және "жасыл экономикаға" көшуін, су, орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесін тұрақты дамыту, өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату жүйесін дамыту миссиясын жолға қояды.

Қауіпсіз, экологиялық таза қоршаған ортаны құру, табиғи ресурстарды теңгерімді пайдалану жолымен өмір сүру үшін қолайлы жағдайларға қол жеткізу және жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің биоәртүрлілігін сақтау, қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және "жасыл экономикаға" көшуін

қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуін қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Ұлттық экономика министрлігінің өкілеттігі стратегиялық және бюджеттік жоспарлау арқылы келісілген макроэкономикалық саясатты құрастырудан тұрады. Атап айтқанда министрлік макроэкономикалық тенденцияларды талдайды және болжайды, сондай-ақ салық және бюджет саясаты бойынша, оның ішінде ОЭК бойынша ұсыныстар құрастырады. Ол оған қоса Президент Жолдауларында берілген стратегиялық мақсаттардың макроэкономикалық және салалық саясатты қалыптастыру процессіне енгізілуін үйлестіру үшін жауап береді. Сонымен қатар министрлік өзінің арнайы ведомстволық бағынышты органдары арқылы монополияға қарсы саясат пен монополияға қарсы реттеу мәселелерімен айналысады [132].

Қаржы министрлігінің басты міндеті - мұнай-газ саласы қызметінен түсетін табыстар жинақталатын Ұлттық қормен байланысты саясатты қоса есептегендегі бюджеттік саясатты құрастыру және жүзеге асыру болып табылады [133].

Сонымен, қаржы министрлігі Қазақстанның салық саясатын, оның ішінде ОЭК-ке қатысты қалыптастыруға қатысады.

Президент Әкімшілігінің әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі Президент белгілеген стратегиялық бағыттардың жүзеге асырылуын бақылауды жүзеге асырады. Бөлім орталық және өңірлік атқарушы биліктерді қоса есептегендегі атқарушы биліктің барлық тармақтарының қызметін үйлестіру мен мониторинг үшін жауап береді.

Президент Әкімшілігі сондай-ақ заң жобаларына, оның ішінде ОЭК- қатысты оларға Президент қол қойғанға дейін келісім алады. Тікелей Президентке бағынатын тағы да бір бақылау мен қадағалау органы республикалық бюджеттің орындалуын бақылау бойынша Есеп комитеті болып табылады. Өз өкілеттіктеріне байланысты Есеп комитеті кез-келген мемлекеттік немесе жеке меншік компаниялардың, оның ішінде ОЭК компанияларының қаржылық ақпаратына қол жеткізуге құқылы болады.

Энергетика министрлігі жер қойнауын пайдалануға құқық беру бойынша конкурстарды ұйымдастыру мен өткізуді, жер қойнауын пайдалануға контрактілер жасау бойынша келісім алуды, осындай контрактілер негізінде Қазақстанның мүддесін білдіруді, мұнай- газ, көмір, электр энергетикасы және атом салаларында түрлі бақылау қызметтерін жүзеге асыруды, сондай-ақ табиғатты қорғау талаптарының орындалуын қадағалау мен бақылауды қоса есептегендегі ОЭК бақылау мен реттеу бойынша қызметтің негізгі бөлігі кіреді. Энергетика министрлігі сонымен бірге энергияны алып жүрушілер экспорты мен импортын реттеу бойынша құзыреттіліктерге де ие болады.

ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі өнеркәсіп қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылайды және қауіпті деп танылған техникалық құралдар мен құрал-жаабдықтарды пайдаланууды тоқтатуды талап етуге құқылы болады. Қазақстандық мазмұн мәселесіне келетін болсақ министрлік жер қойнауын пайдаланушылардың жергілікті товарлар мен қызметтерді сатып алуына және жергілікті жұмыс күшін жалдауына қатысты

талаптарды сақтауын қадағалауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, Министрлік темір жол және теңіз көлігі желілерінің қауіпсіздігін бақылайды, олар атап айтқанда көмірді, мұнайды және мұнай өнімдерін тасымалдауда пайдаланылады, сондай-ақ құбыр жолдарының қауіпсіз жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асырады. Техникалық реттеуге қатысты министрлік мұнай өнімдерінің техникалық спецификациясы үшін жауап береді. Министрлік сондай-ақ энергия қорларын қоса есептегендегі өнімдерді экспорттау мен импорттауды лицензиялау ережелерін бекітеді.

Ұлттық экономика министрлігінің құзыреттілігіне жер қойнауын пайдалануға контракт жобаларын қарау, сондай-ақ барлау мен өндіру бойынша жобалар үшін технико-экономикалық негіздеу, мүмкін болатын экономикалық нәтижесін бағалау кіреді. Макроэкономикалық саясатқа қатысты министрліктің міндеттеріне мұнай өнімдері мен табиғи газға бағаны қоса есептегендегі баға мен нарықты реттеу, сондай-ақ товарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын есептеу мен бекіту тәртібін құрастыру және электр энергиясына тарифтерді дифференциациялау кіреді.

Сонымен қатар ол еліміздің МҒӨ қорларын қоса есептегендегі мемлекеттік кәсіпорындар үшін инвестициялық жоспарларды бекітеді. Монополиялар мен сала доминанттарын реттеу бойынша өзінің өкілеттіктеріне сәйкес министрлік ішкі нарықта басымдық жағдайдағы, оған қоса табиғи монополиялар болып табылатын компаниялардың тарифтерінің әдіснамалық құрастырылымдарын қоса есептегендегі ішкі нарықтағы экономикалық жағдайды реттеу және мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Атап айтқанда тарифтер мен қызметтерді бекіту арқылы саланың табиғи монополиялары мен доминанттары ретінде реттеуге жатқызылатын компаниялар тізіліміне екі қазақстандық МӨЗ, магистралдық мұнай және газ құбырлары үшін жауап беретін компаниялар, газды бөлетін желілер, магистралды және бөлуше электр желілері, жылу энергиясын өндіруші және жеткізіп беруші компаниялар енген.

Қазақстанның тарифтік саясаты қызметтің реттелетін түрлеріне қатысты жоғары ептілігімен ерекшелене бермейтінін атап өтуіміз қажет.

Қаржы министрлігі құзыретіндегі жалпы реттеу қызметі құрамына мемлекет стратегиялық деп есептейтін активтерді бақылау кіреді. Үкімет бекіткен стратегиялық активтер тізімі ОӘЖ-ті қоса есептегендегі экономиканың түрлі салаларын қамтиды. Атап айтқанда оның құрамына мұнай мен газдың аса ірі өндірушілері болып табылатын стратегиялық мұнай газ компаниялары кіреді. Осы қызмет шеңберінде қаржы министрлігі компаниялардың қызмет, қаржылық ақпараты, экологиялық талаптардың орындалуы және табиғат қорларының тиімді пайдаланылуы, өндіріске алдыңғы қатарлы технологиялардың енгізілуі және жұмыс күшінің пайдаланылуы туралы мәліметтерді қоса есептегендегі бірнеше көрсеткіштер бойынша мониторинг жүргізеді. Мониторинг нәтижелері түрлі мемлекеттік органдардың саясатын қалыптастыру кезінде пайдаланылады. Қаржы министрлігінің мемлекеттік кіріс комитеті және де экспорттық төлемдердің төленуін қоса есептегендегі салық салу және кеден ісі салалары бойынша реттеуші, жүзеге асырушы және бақылаушы қызметтерді жүзеге асырады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, сондай-ақ білім және ғылым министрлігі ОӘК жобаларының қазақстандық жұмыс күші үшін жергілікті мазмұнның үлес салмағына қойылатын талаптарға сәйкестігіне және қазақстандық кадрларды оқытуға мониторинг жасауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар, әсіресе энергетика министрлігі энергетика саласында нормативтік-құқықтық нормаларды орындайды және бақылаушы қызмет атқарады, ал өндірістік және инвестициялық шешімдерді корпоративтік құрылымдар мен компаниялар қабылдайды (жеке меншік және мемлекеттік). «ҚазМұнайГаз» (КМГ) ұлттық мұнай-газ компаниясы Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі саласында мемлекеттің мүддесін білдіреді және мұнай мен газ өндірісі бойынша барлық ірі және бірнеше шағын болып келетін жобаларға үлестік түрде қатысады. Мұнай-газ саласындағы қызмет (өзге де өндіруші салалардағы сияқты) Қазақстан Республикасы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңы арқылы реттеледі. Заң құрамына қазақстандық компаниялар мен мекемелердің (жергілікті мазмұн үлесінің) товарлары, жұмыстары мен қызметтерін сатып алу бойынша талаптарды, сондай-ақ стратегиялық маңызы бар кен орындарын сатып алу басымдығына мемлекетке құқық беруді қарастыратын ережелер енеді. 2014 жылдың тамыз айында жүргізілген Үкіметті қайта құрулар энергетикалық саясат пен реттеуде, энергетика саласы бойынша өкілеттіктерді мемлекеттік органдар арасында бөлуде біршама жетістіктерге қол жеткізгеніне қарамастан ол әлі де болса оптималдандыруды қажет етеді.

ОӘК қызметін ұйымдастыруда екі мәселені бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, саланы мемлекет тарапынан басқаруды көптеген күрделі бюрократиялық құралдардағы сияқты мұнда да өкілеттіктерді қоса атқару жағдайлары байқалады. Оған мысал ретінде жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу кезінде қауіпсіздіктің бақылануын келтіруге болады. ҚР энергетика министрлігінің мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетіне жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде апаттық және өзге де қатерлі жағдайлардың алдын алу бойынша іс-шаралардың орындалуына бақылау жасау жүктелген. Сонымен бір мезетте ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің индустриалдық даму және өнеркәсіп қауіпсіздігі комитетіне жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру құқығы берілген. Көріп отырғанымыздай, қатерлі жағдайлардың алдын-алу бойынша іс-шаралар өнеркәсіп қауіпсіздігі нормаларын сақтау арқылы орындалуы тиіс, мұның өзі екі ведомствоның бір мезетте бір қызмет түрін бақылауды жүзеге асыруы мүмкін болатын жағдайлардың орын алатынын көрсетеді.

Сонымен қатар энергияның тиімділігі мен энергияның үнемделуі туралы заң талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің индустриалдық даму және өнеркәсіп қауіпсіздігі комитетінің қызметі болып табылады. Сонымен, ғимараттар салу, оның ішінде мұнай-газ саласының ғимараттарын салуға қатысты екі комитеттің өкілеттіктері құрамына да энергияны үнемдеу және

энергияның тиімділігін арттыру бойынша талаптардың сақталуын бақылау кіреді.

Екіншіден, кейбір мемлекеттік органдар олардың ресми қызметі шеңберіне толықтай сәйкес келе бермейтін өкілеттіктерді жүзеге асырады. Мысалы, Ұлттық экономика министрлігі су объектілерінде, су қорғалатын аймақтарда ғимараттар құрылысын жобалау шарттарына келісім беру өкілеттіктеріне ие, ал индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкілеттігіне еңбек қатынастары кезіндегі гендерлік тепе-теңдікті қамтамасыз ету кіреді, ал бұл мәселе негізінен барлық жағынан алып қарағанда еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің міндеттеріне сәйкес келеді.

Жоғарыда аталған мәселелер қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттің энергетикалық саясатының негізін қалыптастыратын және экологиялық қауіпсіздік пен дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз ету талаптарын есепке ала отырып елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы негізгі параметрлер мен бағыттарды анықтайтын бірыңғай стратегиялық құжаттың жоқ болуына байланысты ушыға түседі. Соған байланысты Қазақстан Республикасының эколого-энергетикалық қауіпсіздігі Доктринасын құрастыру және қабылдау негізделеді.

Доктринада эколого-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен бағалаудың келесі параметрлері көрсетілуі тиіс:

- елдің отын-энергетика кешенінің ұсыныстар қамтамасыз ету мүмкіндігі мен қабілеттілігі;

- отын-энергетика кешені мен энергетика жүйесінің тұрақтылығы;

- энергетикалық қорлардың экономикалық қол жетімділігі.

Энергетиканың экологиялық қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік энергетикалық саясаттың негізгі мақсаты қоршаған ортаға және климатқа отын-энергетика кешенінің жүктемесін қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды шығару деңгейін төмендету, парниктік газдар эмиссиясы, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қалыптасуын қысқарту арқылы біртіндеп төмендету болуы тиіс.

Операциялық қызмет: Қазақстанда ОЭК жеке меншік және мемлекеттік компаниялар қызмет атқарады.

Қазақстанның мемлекеттік компаниялары өте маңызды рөл атқарады, себебі олар маңызды жобаларды жүзеге асыру саласында өзінің құзыреттіліктерін пайдалана отырып құн құрау қызметінің түрлі сегменттері бойынша мемлекет алдына қойған міндеттерді жүзеге асырады.

Мемлекет «Самрұқ-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры шеңберінде ОЭК қызметіне орталықтанған бақылауды жүзеге асырады. Жеке заң арқылы реттелетін «Самрұқ Қазына» қоры 2008 жылы басқаруды оптималдандыру және мемлекеттік активтердің операциялық және қаржылық тиімділігін арттыру және басқаруды оптималдандыру мақсатында құрылды. Мекеме ОЭК құрамындағы мемлекеттік компаниялардың басым бөлігінің заңды меншік иесі болып табылады және «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ (КМГ; мұнай және газ), «НАК «Казатомпром» АҚ (атом энергетикасы), сондай -ақ «Самрұқ-Энерго» АҚ

және KEGOC (электр желілерін басқару бойынша қазақстандық компания) электр энергетикасын қоса есептегендегі оларды басқаруды жүзеге асырады.

«Самрұқ-Қазына» қорының өзі, өз кезегінде Үкіметтің меншігі болып табылады және басқаруында болады. Үкімет «Самрұқ Қазына» және қордың басқаруындағы компаниялар үшін ұзақ мерзімдік (он жылдық) стратегияны анықтайды. Қор басшылығының құрылымы Қазақстан ОЭК басқару құрылымын қайталайды: директорлар кеңесі құрамына Президент әкімшілігінің, Премьер-министрдің (ол кеңес төрағасы болып табылады), қаржы және ұлттық экономика министрліктерінің өкілдері кіреді. «Самрұқ-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры өзінің құрамына кіретін компанияларды инвестициялық бағдарламаларды қоса есептегендегі корпоративтік басқаруды жүзеге асырады.

Мұнай саласындағы қызметтің ұйымдастырылуына шолу.

2015 жылдың басындағы жағдайы бойынша Қазақстанда жер қойнауын пайдалану құқығына ие болып табылатын 133 мұнай өндіруші компания болды, олардың құрамына кіретіндер: шет елдік және қазақстандық компаниялар, халықаралық корпорациялардың еншілес құрылымдары, шағын тәуелсіз компаниялар, жеке меншік компаниялар және биржа котировкасына ие жария компаниялар, сондай-ақ бірнеше консорциумдар мен бірлескен кәсіпорындарға қатысатын мемлекеттік компаниялар. Алайда осы саладағы қызмет соған қарамастан орталықтанудың үлкен дәрежесімен сипатталады: Қазақстандағы мұнай өндірісінің жалпы көлемінің үштен бір бөлігі тек бір ғана компания – «Тенгизшевройл» ЖШС үлесіне келеді (ТШО), сонымен қатар ел бойынша мұнайдың жиынтық көлемінің 72 % жуығын бес ірі жер қойнауын пайдаланушылар өндіреді.

Мұнайды құбыр бойымен тасымалдау «КазТрансОйл» АҚ (КТО) құзыреттілігіне жатады, ол КМГ еншілес компаниясы болып табылады. КТО негізгі желілердің иесі болып табылатын болса, өзге жекелеме құбыр жолдарының иелері мен операторлары инвесторлар консорциумдары болып табылады, КТО олардың акционері болып табылады: Каспий құбыр жолы консорциумы (КТК) Ресей территориясы арқылы әлемдік нарыққа экспорттауды жүзеге асырады, Тасу-Алашанькоу құбыр желісі Қытайға экспортты жүзеге асырады, ал Кенкияк-Атырау құбыр желісі мұнайды ел ішінде тасымалдау үшін пайдаланылады. Қазақстанның Ақтаудағы басты теңіз портының басты операторы «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ арқылы мемлекет болып табылады, алайда кейбір терминалдар жеке меншік болып табылады. Каспий теңізі бойынша тасымалдауды мемлекеттік және жеке меншік компаниялар жүзеге асырады.

Қазақстанның темір жол желілері «Қазақстан Темір Жолы» (КТЖ) АҚ мемлекеттік темір жол монополисінің басқаруы мен пайдалануында болып келеді, алайда көптеген жеке меншік операторлар темір жол вагондарының ірі паркіне ие болып табылады және көмірді, мұнайды, мұнай өнімдерін тасымалдау бойынша қызмет көрсетеді.

Қазіргі таңда барлық үш МӨЗ КМН тиесілі болып табылады, алайда Шымкент заводы 2005 жылы «ПетроКазахстан Ресорсиз» жеке меншік

компаниясын сатып алу кезінде құрылған КМГ және CNPC (ағыл. China National Petroleum Corporation) қытай компаниясы бірлескен кәсіпорыны меншігі болып табылады. Елімізде сондай-ақ 40 астам шағын заводттар жұмыс істейді, олардың көпшілігі жеке меншік инвесторларға тиесілі болып келеді және негізінен мұнайды бастапқы өңдеу өнімдерін өндіреді және оларды негізінен экспортқа шығарады. Мысалы, 2013 жылы желтоқсан айында ашылған битум өндірісі бойынша жаңа завод КМГ және (англ. China International Trust and Investment Corporation) қытай компаниясының бірлескен меншігі болып табылады.

Мұнай өнімдерін өткізу мен бөлу жеткілікті деңгейдегі бәсекелестік ортада 4000 астам автокөлік жанар май құю станциялары өкілдері (оператор ретінде) болып табылатын көптеген ойыншылар санының қатысуымен жүргізіледі. Еліміздегі ең ірі үш көтерме желілер КМГ, Helios және SinoOil болып табылады, олардың үлесіне жиынтығында бөлшек сауданың 16 % жуығы келеді (сату көлемі бойынша емес, автокөлікке жанар май құю станцияларының саны бойынша).

Мемлекет дизельдік отын мен А-80 маркалы бензиннің ең шекті құнын реттеп отырады.

Газ саласындағы қызметтің ұйымдастырылуы туралы.

2014 жылдың соңындағы жағдайы бойынша Қазақстанда 64 газ өндіруші компаниялар жұмыс істеген. Қазақстанда өндірілетін газдың жалпы көлемінің шамамен жартысына жуығы - ілеспе газ, сонымен қатар өндірістің жалпы көлемінің жиынтық мөлшерінің 40 % жуығы қайтадан жер астына сіңіріледі. Сонымен қатар газ саласында да мұнай өндірісіндегі сияқты орталықтандырылудың үлкен деңгейі байқалады: «Карачаганак Петролеум Оперейтинг» (КПО) компаниясы еліміздегі жиынтық газ өндірісінің 42 % қамтамасыз етеді, 34 % ТШО үлесіне келеді және тағы да 8 %-«СНПС-Актобемунайгаз» АҚ үлесіне келеді. Бірлескен кәсіпорындар шеңберінде салынып, пайдаланылатын нақтылы жобалар үшін арналған құбыр желілерін есептемегенде, Қазақстандағы газ құбырлары желісі инфрақұрылымының басым бөлігінің иесі және операторы «КазТрансГаз» (КТГ) АҚ–КМГ еншілес компаниясы болып табылады. Мысалы, Орта Азиялық газды Қытайға тасымалдаумен айналысатын Қазақстан территориясындағы Орталық Азия экспорттық газ құбыры бөлімі КТГ және CNPC бірлескен меншігі болып табылады және «Азиатский газопровод» ЖШС бірлескен кәсіпорыны пайдаланады. Тиімді сыйымдылығы 4,7 миллиард кубометр (млрд. м³) болып табылатын үш жер асты қоймалары да КТГ жүйесіне енеді. Сонымен қатар КТГ еншілес кәсіпорындары газды өңірлерге бөлу мен өткізуді жүзеге асырады.

Газды өңдеу барлау мен өндіру бойынша жеке жобалар негізінде құрастырылған төрт ірі газ өңдеуші заводттарда жүргізіледі. КМГ Маңғыстау облысындағы бір завод меншігінде, ал қалған заводттар өзге мұнай-газ компанияларының меншігінде болып табылады.

Көмір саласындағы қызметтің ұйымдастырылуына шолу.

2014 жылдың сәуір айындағы жағдайы бойынша Қазақстанда 12 ірі көмір өндіруші жеке меншік және мемлекеттік компаниялар болды, олардың ел

бойынша өндірістің жиынтық жалпы көлеміндегі үлес салмағы 98 % құрады. ERG (Евразиялық топ) жеке меншік компаниясының үлесіне еліміздегі энергетикалық (бу) көмірі өндірісінің жалпы үлесінің 30 % жуығы келеді, ал мемлекеттің мүддесін білдіретін «Самрук-Энерго» АҚ және «РУСАЛ» («Русский алюминий») жеке меншік компаниясының үлесіне— шамамен 20 % келеді. Коксталатын көмірдің барлығын дерлік ArcelorMittal жеке меншік компаниясы өндіреді (ең алдымен Қарағанды металлургия заводында өздері пайдалануы үшін).

Көмір ел ішінде және одан сыртқары жерлердегі тұтынушыларға темір жол желісі арқылы жеткізіліп беріледі, оны «Самрук-Қазына» құрамына енетін «Қазақстан Темір Жолы» АҚ темір жол монополисі басқарады (КТЖ).

Уран саласындағы қызметтің ұйымдастырылуына шолу.

Мемлекетке тиесілі («Самруқ-Қазына» арқылы) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ компаниясы (ҰАК-ұлттық атом компаниясы) атом өнеркәсібінің ірі қатысушысы болып табылады, алайда өндіріс бойынша негізгі қызметті ҰАК және шет ел инвесторларының қатысуымен бірлескен кәсіпорындар жүзеге асырады. Компания ие болып отырған өндіріс көлемі ел бойынша жиынтық көлемнің шамамен 56 % құрайды. Қазіргі таңда Қазақстанда уран өндіруге 22 келісім-шарт әрекет етеді, мұнда өндіру көлемінің 70 % жуығын НАК және шет елдік инвесторлардың бірлескен кәсіпорындары қамтамасыз етеді.

ҰАК уран оксидінен тұратын уран концентраты өндірілетін үш мамандандырылған кәсіпорынның меншік иесі болып табылады. Өзге бірнеше өндіруші кәсіпорындардың да (СП с НАК) өздерінің өңдеуші қуаттары бар.

Қазақстанда уранды конверсиялау мен байытуға арналған қуаттар жоқ. 2013 жылы НАК пен ресейлік ТВЭЛ тең үлеспен қатысатын бірлескен кәсіпорыны уран гексафторидін өңдейтін уранды байыту бойынша әлемдегі ең ірі Орал электрохимиялық комбинатының (Свердловск облысы, РФ) 25 % қосу бір акциясының иесі болып табылады. Орал кен байыту заводымен қоса Қазақстан уранының бір бөлігі 10 % ҰАК-қа тиесілі болып табылатын Ангарскдегі уран байыту бойынша халықаралық орталықта байытылады. ҰАК Ульба металлургия заводы отын таблеткалары өндірісін жүзеге асырады (байытылған ураннан) және ядролық отынның келесі компоненттерін өндіру бойынша желілерді іске қосу мүмкіндігіне ие болып табылады.

Уран экспорты мемлекет және МАГАТЭ арқылы қатаң реттеледі. Мысалы, уранды экспорттық нарықтарға тасымалдау үшін тек соған арналған темір жол вагондары ғана пайдаланылады.

Электр энергетикасы саласындағы қызметтің ұйымдастырылуына шолу

Электр энергетикалық қуаттар мемлекеттік компаниялардың да шет елдік инвесторлардың да меншігінде болып табылады. 2015 жылдың басында Қазақстанда белгіленген қуаты 20 844 мегаватт (МВт) болып табылатын 76 электр станциялары болды, оның 88 %— жылу, ал 12 %-гидроэлектростанциялар (жел және күн электр станцияларының үлес салмағы 1 % аз мөлшерді құрайды). Электр энергетикасы туралы Заңға сәйкес КЕГОС-500-220 кВ желілер бойымен электр энергиясының берілуі үшін жауапты мемлекеттік электр энергетикалық компания-Қазақстанның электр

энергетикалық жүйесін жалпы бақылау мен басқаруды жүзеге асыратын жүйелік оператор рөлін атқарады.

KEGOC Қазақстандағы жоғары вольтті электр беру желілерінің меншік иесі және операторы болып табылады. Алайда кернеуі 220 кВ төмен болып табылатын электр берудің өңірлік желілерінің негізгі бөлігі 30 өңірлік электр желілік компаниялардың меншігінде болып отыр (РЭК).

Электр энергиясы нарығы көтерме және бөлшек сегменттерге бөлінген. Электр энергиясын сатып алудың ең төменгі көлемі 1 МВт көлемінде шектелетін көтерме сегментке келесі құрамдас бөліктер кіреді: орталықтанбаған нарық, оған қатысушылар электр энергиясын өзара келісілген шарттарға сәйкес сатып алады және сатады; орталықтанған нарық, оның реттеушісі және операторы мемлекеттік «Электр энергиясы мен қуаттар нарығының Қазақстандық операторы» (КОРЭМ) болып табылады; тепе-теңдік нарығы дисбалансты күнделікті негізде жойып отыруға арналған; сондай-ақ жүйелік қызмет нарығы құрамына электр энергиясын беру мен қуаттар қорын жасау кіреді. Бөлшек сегмент РЭК-терден және электр энергиясын бөлшек тұтынушыларға жеткізіп берумен айналысатын 179 тіркелген электрмен қамтамасыз ететін мекемелерден тұрады.

Энергетикалық қатынастарды мемлекеттік реттеу саласы мәселелерін талдау негізінде келесі негізгі ұсыныстар ұсынылады:

- Үкімет ОЭК-ішіндегі өкілеттіктерді мемлекеттік органдар арасында бөлуді одан әрі оптималдандыруға ұмтылуы тиіс.

- Одан әрі ұйымдастырушылық реформалар жүргізу кезінде базалық көзқарас ретінде «түрі мазмұнының соңында болады» көзқарасын қолдану ұсынылады, демек, бірінші орынға қызметтер қойылып, және олардан туындата отырып түрлері анықталуы тиіс. Бұл Қазақстанның алдында тұрған неғұрлым маңызды мәселелерді нәтижелі шешуге ықпал ететін ұйымдастырушылық құрылымның құрылуын білдіретін болады. ОЭК-тің өзге құрамдас бөліктерімен салыстырғанда мұнай-газ өнеркәсібінің ерекше маңыздылығын есепке ала келе Қазақстан басшылығына жеке мұнай және газ министрлігін құру мәселесін қарастыру қажет болады, мұның өзі оны электр энергетикасы, көмір өндірісі және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінен бөліп алып, жеке қарастыруға мүмкіндік берген болар еді.

Энергиямен қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару мәселелері.

Қазақстанда мемлекет энергияның тиімділігін арттыру бойынша бастамаларды қолдауда маңызды рөл атқарады, мұның өзінде осы жағдайда атқаратын қызметі әр түрлі сипатта болып келеді (заңнамалық қолдау көрсету, нормативтік-құқықтық база құру, энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру бойынша шараларды экономикалық ынталандыру). Еліміздегі энергетика саласындағы саясатының жүзеге асырылуы үшін жауап беретін негізгі орган энергетика министрлігі болып табылады, ол осы саланы реттеуші қызметін 2014 жылы индустрия және жаңа технологиялар министрлігі жойылғаннан кейін қабылдады, сонымен қатар энергияның тиімділігі саласы инвестициялар мен даму министрлігінің қарауына берілді. Энергияның

тиімділігінің арттырылуын қамтамасыз етуі тиіс мемлекеттік саясат энергия қорларының негізгі бөлігі тұтынылатын экономиканың түрлі салаларын жаңғыртуға бағытталады.

Қазіргі таңда жүзеге асырылып отырған саясат 2012 жылы қабылданған екі заңға негізделеді, олар: Қазақстан Республикасы «Энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігі туралы» Заңы және энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеме нормативтік актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізген Заң. Бұл екі Заң оның ішінде келесі шараларды қарастырады:

- өнімдер мен қызметтер өндірісі кезінде энергия қорларын тұтыну саласына нормативтер енгізу;

- қуат коэффициенті бойынша талаптар енгізу;

- жобалық құжаттарға жаңа талаптар енгізу;

- көліктегі энергияның нәтижелілігі саласына, электр қозғалтқыштарға, әр түрлі типтегі және сәулет шешіміндегі ғимараттар мен құрылыстарға міндетті талаптар қолдану;

- энергияның тиімділігін бағалау бойынша энергетикалық аудит өткізу процедурасын енгізу және ірі өнеркәсіп кәсіпорындары мен ғимараттарда энергиямен қамтамасыз ету жүйесін басқару жүйесін енгізу;

- энергетика және ғылыми зерттеу қызметін жүргізу салалары бойынша энергоаудиторлар мен энергоменеджерлер даярлау үшін оқу орталықтарын ұйымдастыру;

- энергиялық қызмет көрсету контрактілері тетіктерін енгізу;

- қыздыру лампаларын пайдалануға және электротехникалық өнімдерді энергия тиімділігі бойынша классын көрсетпей сатуға тиым салу.

Қазақстан заңнамаларында энергия тиімділігі бөлігінде нормалар мен тиым салулар басым болып келетінін, сонымен қатар ынталандыру тетіктерінің іс-жүзінде келтірілмегенін атап өту маңызды. Қыздыру лампаларына салынған тыйым толық көлемде орындалмайды және 2012 жылы өнеркәсіп кәсіпорындары үшін енгізілген энергияны тұтыну нормативтері кәсіпорындардың басым көпшілігіне қатысты іс-жүзінде қолдануға келмейтін болып шықты. Мысалы кен өндіруге жұмсалатын энергия шығынының үлес салмағы әр кәсіпорында әр түрлі болып келеді және іс жүзінде әрбір шахтаның, рудниктің өзінің технологиялық ерекшеліктері мен қорларды алу көлемінің энергия тұтыну көлеміне тікелей тәуелділіктері бар. Рудниктердің энергия тұтынуын бірыңғай нормативтері негізінде салыстыруды жүргізу көп жағдайда дұрыс емес, себебі көптеген мәселелер рудниктің нақтылы геологиялық ерекшеліктері мен оны құрастыру технологиясына тәуелді болып келеді. Мұндай жағдай мұнай өндіру саласында да байқалады сондықтан да энергияны тұтынудың бірыңғай нормасын белгілеу үлкен қиыншылық тудырады. Нәтижесінде өнеркәсіп үшін энергияны тұтыну нормативтерін қолдану өте шартты дәрежедегі жағдайға айналады.

Мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі энергия үнемдеуші тетіктерді ынталандыруды құрастыру мен қабылдау болып табылады. Мемлекет қазірдің өзінде пилоттық презентациялық жобаларға гранттар беріп, энергия үнемдеуші

технологиялардың енгізілуін таңдаумен қаржыландырып отырғанымен, энергияны үнемдеу бойынша жобаларды несиелеу мен салық жеңілдіктерін беру мүмкіншіліктері әлі де болса толық пайдаланылмай келеді. Парниктік газдардың шығарылуын реттеу мен шығаруға квоталар сату жүйесі шеңберінде қосымша табыстарға қол жеткізуге болады.

Қазіргі таңда коммуналдық қызметтерге мерзімімен төлем жасау кезінде тұрмыстық сала тұтынушыларына энергия тиімділігін арттыру бойынша жобаларды қаржыландыруға қатысу мүмкіндіктерін беретін энергиялық қызмет көрсету контрактілерін қолдану мүмкіндіктерін мұқият бағалау жүргізілуде. Алайда энергия қорларын есепке алу жүйесін тиісінше ұйымдастырудың болмауы энергия қызметін көрсету контрактілерін қолдану мүмкіншіліктерін шектейтін болады.

Қазақстан үшін ынталандырушы тетіктерді енгізу мәселесінде тұрақты түрде алға жылжуды сақтау өте маңызды, себебі қолданыстағы заңнамалар тұтас алғанда тиым салу мен шектеулерге бағытталған, энергия тиімділігінің елеулі көлемде өсуіне қол жеткізу мүмкіншіліктеріне кедергі келтіреді.

Қазақстан билігі қажет болған жағдайларда энергия қорларына қатысты тарифтік саясатқа түзетулер енгізу арқылы энергияның тиімділігін арттыру саласында бастамаларды қолдау қажеттігіне қарай шараларды тікелей қолдау мүмкіндіктеріне ие.

Инвестициялар тарту мен жаңғырту мақсаттары үшін тарифтерді біртіндеп көтеру бір мезетте екі мақсатқа қол жеткізілуіне кепілдік бере алады: энергияны тұтынуды азайту және энергияның тиімділігін арттыру бойынша жобаларды қаржыландыру.

Қазақстан экономикасының энергия тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар тізімін құрастыру кезінде кез-келген жағдайда осы мәселені шешу инфрақұрылымның ескірген және қолдану мерзімі өткен құрал-жабдықтарын жаңа, қазіргі заманғы құрал-жабдықтар мен технологиялармен алмастыру мәселесіне байланысты болып келетінін есепке алу қажет болады. Бұл жерде осы міндеттің көлемі, қалыптасқан күрделі экономикалық жағдай және инвестициялар тару мәселесінің шектеулілігі тарифтік саясатты біртіндеп, кезеңдеп жетілдіру мен ынталандырушы тетіктерді енгізуден басқа кез-келген шараны іс-жүзінде тиімсіз етіп көрсетеді.

Төменде энергияның тиімділігі мәселесіне қатысты неғұрлым көлемді өзгерістер енгізу үшін база құруға бағытталған салыстырма түрде көлемі аз болып келетін шығындарды талап ететін бірінші кезекте қабылдануы тиіс шаралар келтірілген.

- Электр энергетикасында электр энергетикасын сертификаттау тетіктерін енгізуді қоса есептегендегі электр энергиясын жеткізіп берудің сапасын арттыру мен энергиямен қамтамасыз етудің сенімділігін қамтамасыз ету бойынша нормативтік-құқықтық базаға басты назар аударылуы тиіс (энергияның тиімділігін арттырудың міндетті шарты). Электр энергиясының генерациясы, берілуі және бөлінуі кезінде тиімді электр жоғалтуларын бағалау есептері әдістерін қайта қарау ұсынылуы мүмкін. РЭК жұмысын стандарттау мен одан әрі жетілдіру бойынша шаралар қабылдау, талап етілетін

инвестициялар көлемін бағалау, жоғалтуларды азайту бойынша тиісті жобалардың мерзімдерін қайта қарау, міндетті түрде тарифтерге түзетулер енгізу қажет. Электр энергиясын ірі тұтынушылар үшін реактивті қуаттар үшін қосымша төлемдер енгізу мүмкіншілігі жеке назар аударуды қажет етеді.

- Өнеркәсіпте кәсіпорындарда жүргізілген энергоаудит нәтижелері бойынша тізімі құрастырылған энергияны үнемдеу бойынша жоспарлардың орындалуына бақылау орнатылуын қамтамасыз ету қажет. Тағы да бір маңызды шара энергияны тұтыну бойынша бекітілген нормаларды олардың еліміздің өнеркәсіп кәсіпорындарының басым бөлігі үшін қолдануға келмейтіндігіне байланысты қайта қарау немесе күшін жою болып табылады. Энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралардың инвестициялық қызығушылығын арттыру мақсатында өнеркәсіп үшін қаржыландыру мен ынталандырудың инновациялық тетіктерін қолдану қажеттігі бар (салық жеңілдіктері, субсидиялар, жеңілдікпен несие беру).

- Жылу энергиясы мен газды бөлу саласында инвестициялар мен энергияның тиімділігін арттыру мен жаңғыртуды қарастыратын экономикалық жағынан негізделген деңгейде ұзақ мерзімдік тарифтер белгілеу қажет болады (кемінде 5 жыл мерзімге).

- Коммуналдық-тұрмыстық салада жаңа және салынып жатқан ғимараттарға қатысты энергия тиімділігіне қойылатын талаптарды күшейту қажет. Сонымен қатар ғимараттар мен жекелеме құрылымдар - терезелер, жылу жүйесі, желдеткіш және суытқыштарды инженерлік қамтамасыз ету жүйесінің энергия тиімділігіне қатысты қолданыстағы стандарттарға өзгерістер енгізу қажет. Соңғы тұтынушыларды ынталандыру мақсатымен жылудың тұтынылуын пәтерлер бойынша есепке алу жүйесін енгізу және жаңа ғимараттарда жылудың тұтынылуын реттеу, сондай-ақ тиісті көп пәтерле ғимараттарда жылудың тұтынылуын бақылайтын автоматты жүйелер мен үй жылу есептегіштерін орнатуды жалғастыру қажет. Міндетті шара ретінде тұрғын үйлердің жарық жүйесінің жұмысын автоматтандыру жүйесін орнату және жарық техникалық өнімдерге қатысты энергия тиімділігінің ең төменгі стандарттарын қабылдау бойынша талаптар енгізу ұсынылады.

- Көлікте мүмкін болатын шаралар ішінде - қоғамдық және қалалық көліктердің, жүк тасымалдау саласы мен ауылшаруашылығы көліктерінің газбен қозғалатын түрге көшуі. Ірі қалаларда қоғамдық көлік жүйесін жетілдіруді жалғастыру және оларды жеке көлікке тиімді балама жасау қажет, мұның өзі жолдарға жүктемені төмендетуге және отын шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Қозғалтқыш отынының сапасына мемлекеттік бақылау мен қадағалау саясатын жалғастыру және жаңа сапа стандарттарына көшу қажет.

Энергетикалық қатынастар саласындағы мемлекеттік басқару тетіктерін талдауды жинақтай келе Қазақстан Үкіметіне тариф саясатына түзетулер енгізу арқылы энергетикалық нәтижелілікті арттыру саласындағы бастамаларды қолдау қажет болады. Өндірушілер мен бөлуші компаниялардың тиісті табысын қамтамасыз ету, жаңа неғұрлым энергия тиімділігі жоғары болып келетін өндіруші және бөлуші қуаттарға реинвестициялау үшін тарифтер жеткілікті көлемде жоғары болуы тиіс. Әрине тарифтерді күрт көтеру

нарықтағы жағдайдың тұрақсыздануына алып келуі және ағымдағы кезең ішінде экономикалық өсімге болашақтың белгісіздігімен сипатталатын зиян келтіруі мүмкін, алайда ұзақ мерзімдік болашақта энергия қорларына тарифтерді нарық деңгейіне барынша жақын деңгейге біртіндеп бақылап отырып көтеру қажет болады. Ұзақ мерзімдік тарифтік саясат энергияны үнемсіз пайдалануды шектеуі, сондай-ақ жаңғыртуға инвестициялауды ынталандыруы және энергияның тиімділігін арттыруы тиіс болады.

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып Қазақстан Республикасының эколого-энергетикалық қауіпсіздік Доктринасын құрастыру мен қабылдау қажеттігі негізделеді. Доктринада эколого-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен бағалау үшін келесі параметрлер көрсетілуі тиіс:

- елдің отын- энергетика кешенінің ұсынысты қамтамасыз ету мүмкіндігі мен қабілеттілігі;

- отын-энергетика кешені мен энергетика жүйесінің тұрақтылығы;

- энергетикалық қорлардың экономикалық қол жетімділігі [135, б.84].

Энергетиканың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттің энергетикалық саясатының негізгі мақсаты отын-энергетика кешенінің қоршаған орта мен климатқа жүктемесін қоршаған ортаға зиянды қалдықтар шығарылу деңгейін төмендету, парниктік газдар эмиссиясы, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қалыптасуын қысқарту арқылы біртіндеп шектеу қажеттігі мен мүмкіндігі болуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеуде Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін талдаудың ғылыми негізделген нәтижелері берілген.

Жүргізілген зерттеулерді жинақтай келе диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша келесі қысқаша қорытындыларды жасауға болады.

Осы саладағы қоғамдық қатынастардың қазіргі кезеңдегі даму тенденцияларын есепке ала отырып энергетикалық және эколого-энергетикалық қауіпсіздік ұғымдарына анықтамалар қалыптастырылды.

Энергетикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және экологиялық, шикізаттық, экономикалық, өнеркәсіптік, радиациялық және қауіпсіздіктің өзге де түрлерімен тығыз байланысты болып келеді. Оны қамтамасыз ету жергілікті (өндірістік), өңірлік, ұлттық және жаһандық деңгейлерде азаматтардың тиімді қоршаған ортада өмір сүру, табиғи қорларды, оның ішінде жаңартылатын қорларды тиімді пайдалану, қоршаған ортаның жағдайының нашарлауына жол бермейтін алдын алушы нәтижелі шаралар қабылдау, экологиялық және техногендік апаттардың алдын алуды қарастыратын тұрақты даму принциптерін есепке ала отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Зерттеуде Шығыс пен Батыс елдері арасындағы энергетикалық ынтымақтастықтың құқықтық негізін қалайтын ерекше көп жақты халықаралық шарт, Энергетикалық Хартия Шартының мазмұнына мұқият құқықтық талдау жүргізілген.

ЕАЭО шеңберіндегі энергетикалық қатынастардың құқықтық реттелуінің негізгі сипаттамалары келтірілген, унификацияланған құқықтық реттеудің негізгі тенденциялары мен қорытындылары анықталған.

Зерттеу нәтижесінде өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қолданыстағы реттеу құралдары көп жағдайларда бір-бірін қайталайтыны, осы объектілердің және энергетикалық жүйенің қауіпсіздігінің нақтылы жағдайына ықпал ете алмайтыны туралы қорытынды жасалынған.

Қазақстанның мүддесі энергия қорлары мен оларды өңдеуден кейінгі өнімдерінің барлық негізгі түрлерін өндіру мен экспорттаудың тиімділігін одан әрі арттыруды, сондай-ақ Ресейдің энергетикалық және өнеркәсіп компаниялары бәсекелестік басымдыққа ие болып келе жатқан технологияларды жетілдіруді қамтамасыз етуден тұрады.

Қоғамның энергияға тәуелділігі өте жоғары және ол экономиканың өсуімен бірге уақыт өткен сайын өсіп келеді. Бұл тәуелділік соңғы тұтынушыларды талап етілгені сапада және талап етілетін көлемде күнделікті энергиямен қамтамасыз ету үшін жағдай жасау қажеттігін тудырады.

Қоғамның, мемлекеттің, қоршаған ортаның мүдделерін бірдей деңгейде есепке алатын мұндай жүйені құру соңғы жылдардағы ұлттық және халықаралық саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. 08 сияқты беделді халықаралық бірлестіктердің соңғы жылдардағы күн тәртібіне тұрақты

түрде энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін талқылау енгізіліп келеді.

Бұл жағдай тағы да бір рет дәлелдей түседі: біз энергетикадағы жаһандық өзгерістер кезеңінде өмір сүріп отырмыз. Бұл тұрақсыздық экологиялық тәуекелдердің өсуімен бір мезетте орын алуда, ол біріншіден, болашақ ұрпақтың мүддесін есепке алмай экономиканың энергияны алып жүрушілерге өсіп келе жатқан қажеттіктерін қанағаттандыруға ұмтылатын өлшемсіз саясатқа алып келеді, екіншіден, пайдаланылуының қоршаған ортаға ықпалы толық зерттелмеген жаңа технологиялардың пайдаланылуы.

Автор энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асырудың заңдылықтарын анықтады: энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясат стратегиясының қоғам мен мемлекет дамуының ұзақ мерзімдік тенденцияларына сәйкестігі; ОЭЖ дамуына шығындардың (қаржылық, материалдық және өзге) негізделген болжамдық ақпараттың болуына, оның көлемі мен құндылығына тәуелділігінің объективті және пропорционалды сипаты белгіленді, мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігіне төнетін мүмкін болатын қауіп, қатердің орын алу мүмкіндігі, сондай-ақ қарастырылатын саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру кезінде оны есепке алудың деңгейі мен шұғыл мерзімділігі.

Диссертацияда энергетикалық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырудың негізгі принциптері белгіленді. Мемлекеттік саясат энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде заңдылықтың толық сақталуы, тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерінің тепе-теңдігінің қамтамасыз етілуі, сондай-ақ энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзара жауапкершілігін регламенттенуі жүзеге асырылуы тиіс екені көрсетілді. Осы принциптердің екі тобы анықталды, олар ОЭЖ дамуының эколого-құқықтық және ұйымдастырушылық жақтарын көрсетуі тиіс.

Тұтас алғанда энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қатынастар жүйесі – өте күрделі, реттеудің әр түрлі деңгейлері бар мәселе, оның құрамына екі жақты, үш жақты және көп жақты қатынастар кіреді. Осы мәселені зерттеу халықаралық экономикалық кірігу, энергия қорлары нарығының тұрақты дамуы жағдайында энергетикалық қатынастардың күрт күрделенуіне байланысты өте маңызды болып көрінеді. Біз жүргізген зерттеу ғылыми жаңашылдыққа ие, себебі мұнда энергетиканың екі түрі-көмірсутекті және жаңартылатын түрлерін бір-біріне қарсы қоюды еңсеру, Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық мәселелерін зерттеу жүргізілген, атом электр станцияларын, шағын гидроэлектростанцияларды, биогаз қондырғыларын, жел электр станцияларын салу, орналастыру және пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғауға қатысты экологиялық заңнамаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар құрастырылды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында дәстүрлі және балама энергетиканы дамыту бойынша ұсыныстар жасалынды.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың құқықтық режимінің ерекшеліктері бірнеше тиісті актілерден көрініс табуы қажет. Атап айтсақ, ҚР Экологиялық кодексінде экологиялық қауіпсіздікті, оның ішінде табиғатты тиімді пайдалануды реттейтін кешенді құқықтық актіде жаңартылатын энергия көздері бойынша негізгі терминологиялар берілмеген. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мемлекеттің экологиялық саясатының басым бағыттарының біріне айналуына тиісті болуына байланысты осы саланы табиғи қорларды пайдалану саласын мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу қажет. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мемлекеттің экологиялық саясатының басым бағыттарының біріне және ҚР Үкіметі құзыреттілігінің құрамдас бөлігіне айналуы тиіс.

ҚР Су кодексінде жаңартылатын энергия көздерінің дамуын есепке ала отырып жаңа су инфрақұрылымын құру және Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары мен міндеттерінде шағын гидроэнергетиканы дамыту және геотермалды энергияны пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу жағдайлары реттелмеген.

Судың гидродинамикалық энергиясын, геотермалдық энергияны (жер асты өзендерінің, тоғандардың жылуын) пайдалану кезінде пайда болатын қатынастар Қазақстан Республикасы жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамалар арқылы реттелуі керек. Суды пайдаланушыларды су объектілерінің тазалығын, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану үшін инновациялар енгізуге ынталандыру ұсынылады.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды реттейтін ҚР «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңында күн энергиясы мен шағын гидроэнергетиканы пайдалану мәселелерін реттейтін нормалар жоқ.

Дәстүрлі энергетиканы құқықтық реттеу де тиісті деңгейде жүргізілмейді. Энергетика туралы заңнамада энергетикалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы нормалары жеткілікті түрде берілмеген. Осы саладағы бәсекеге қабілетті технологияларды жеделдете дамытудың шарттары мен тетіктерін құрастыруға бағытталған энергетикалық қорларды, атап айтқанда балама энергетиканы құқықтық реттеу саласында заң жобаларын құрастыру негізделген.

Энергия көздерінің көп түрлілігі мен оларды пайдалану ерекшеліктері ҚР Экологиялық кодексінен, ҚР Су кодексінен және ҚР «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңынан құқықтық көрініс табуы тиіс. Осы мақсатпен Қазақстан заңнамаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар құрастырылған. Тиісті заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы жасалынып, талқылауға ұсынылады (Салыстырма кесте қосымша А).

Бұл жұмыстың жарияланған ұқсас жұмыстардан принципті айырмашылығы оның Қазақстанда дәстүрлі және балама энергетиканы дамытудың оптималды тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталуы болып отыр, ал жарияланған жобалардың көпшілігі не дәстүрлі немесе балама энергетиканы қолдау мақсатында құрастырылған.

Зерттеу нәтижелерін жүзеге асыру дәстүрлі және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қамтамасыз етуге, энергия, қор үнемдеу бағдарламаларын, қоршаған ортаны, Қазақстан халқының өмірі мен денсаулығын қорғау бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар осы ғылыми зерттеудің маңыздылығы қазіргі таңда энергетика саласының болашағы зор және инвестициялық қызығушылық тудыратын саласы болып табылатын жаңартылатын энергетика саласының маңыздылығымен негізделеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Лахно П.Г. Энергетическое право в XXI веке: состояние и перспективы развития // Государство и право. Москва, 2009. N 4. - С.109-116.
- 2 Дефицита энергоресурсов нет: есть дефицит здравого смысла // Мировая энергетическая политика. 2003. № 5. - С. 36-37.
- 3 Шумилин А.И. Энергетическая стратегия России и США на Ближнем Востоке и в Центральной Азии.-М.: Международные отношения.2008.- С.13-16.
- 4 Мюллер Ф. Надежность снабжения. Риски международного энергоснабжения // International Politik. 2003. № 2. - С. 5-7.
- 5 Проблемы правового обеспечения малой гидроэнергетики в Республике Казахстан: Материалы по итогам научно-исследовательской работы / под ред. Косанова Ж.Х.-Астана: Изд. «Кристалл», 2017. 9 с.
- 6 Национальный энергетический доклад Республики Казахстан. ОЮЛ «KAZENERGY», Астана, 2017. - С.16-17.
- 7 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты ҚР-ның Тұңғыш Президентінің халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012, желтоқсан 15. №437-438. – Б. 5-6.
- 8 Europe’s headquarters for renewable energy // EREC, Renewable Energy House, Brussels, June, 2008. World Energy Assessment: Energy and the Challenge of Sustainability.-IIASA, 2002. Heinberg R. Powerdown: Options and Actions for a Post-Carbon World. - CLAIRVIEW BOOKS, 2004.- P.17-18.
- 9 Lelondi B. Plan National pour l’Environnement / Б. Лелонди // Supplement a Environnement Actualite.-1990.-№ 122. - С.29-30
- 10 Экологические проблемы энергетического обеспечения человечества. <http://nuclphys.sinp.msu.ru/ecology/ecol/ecol05.htm>. 11.02.2019
- 11 Городов О.А. К понятию энергетического права // Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 14. Выпуск 1. 2010. - С.38-39.
- 12 Бекишева С.Д. Использование возобновляемых источников энергии как направление экологического предпринимательства в Республике Казахстан // Матер. междунар. науч. конф. «Духовность и экономика: проблемы становления человеческого капитала» Караганда: 15 марта 2010 г. - КЭУ Казпотребсоюза, 2010. – С. 14-16.
- 13 Бекишева С.Д. Проблемы правового регулирования малой гидроэнергетики в Республике Казахстан // Матер. междунар. науч. конф. «Актуальные вопросы современной науки». Караганда: КА МВД РК им. Б. Бейсенова, 2015. – С. 3-4.
- 14 Yerkinbayeva L.K., Kalymbekova Z.K. Economic and and legal problems of state regulation of production and use of alternative energy in Kazakhstan // Актуальні проблеми економіки. 2015. №9 (171) - С. 270-271.
- 15 Еркінбаева Л.К. Некоторые правовые проблемы государственного регулирования производства и использования биотоплива в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Сер. юридическая, 2015. т.№3.- С.214-221.

- 16 Мукашева А.А., Шарапатова Г.С. Проблемы использования возобновляемых источников энергии в Республике Казахстан (в рамках ЕХРО 2017) // Евразийский юридический журнал. - М., 2013, № 4 (59). - С. 96-99.
- 17 Имашев А.Б. Қазақстанда энергияның балама көздерін дамытудың экономикалық аспектілері: философия (PhD) докт. дисс.: Алматы, 2015.- 2 б.
- 18 Телеуев Г.Б. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамытуды құқықтық қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасы және шет мемлекеттерінің заңдары мен тәжірибесін салыстырмалы талдау): философия (PhD) докт. дисс.: Талдықорған, 2017.- 2 б.
- 19 Лахно П. Г. Энергия, энергетика, право // Энергетика и право: Сб. С. 7–41
- 20 Клеандров М. И. Энергетика и право: что улучшить на базе научных исследований? // Энергетика и право / Под ред. П. Г. Лахно. С. 44-45.
- 21 Вершинин А. П. Энергетическое право: Учеб.-практ. курс. СПб., 2007 – 17 с.
- 22 Бушуев В. В. Энергия российского Экоса (энергетика — экономика — экология). Ч. 1. Энергия и энергетика. М., 2003.- 207 с.
- 23 Занковский С. С. Энергетическая безопасность России: правовые вопросы // Энергетика и право М.: Юрист, 2006, № 2. - С. 64-68
- 24 Силиверстов С. С. К вопросу о понятии энергетического права // Энергетика и право. М. : Юрист, 2008. - С. 266 - 280.
- 25 Свирков С. А. Договорные обязательства в электроэнергетике. М.: Статут, 2006. 253 с.
- 26 Попондопуло В. Ф. Энергетическое право и энергетическое законодательство: общая характеристика, тенденции развития // Энергетика и право // Изд.Юрист М. : 2008. – 205 с.
- 27 Городов О. А. Договоры в сфере электроэнергетики. Изд. Волтерс Клувер.- М., 2007-235 с.
- 28 Матиящук С. В. Рынок тепловой энергии. Вопросы теории и практики // Изд. дом Инфра-М.: 2009. – 104 с.
- 29 Вершинин А. П., Дмитриев О. В., Попондопуло В. Ф. Подготовка магистров права для электроэнергетики // Энергетическое право. 2008. № 1.- С. 16–20.
- 30 Лахно П. Г. Программа спецкурса «Энергетическое право и политика в XXI веке» // Энергетическое право Изд."Юрист" М.: 2008. - С. 43–51;
- 31 Грищенко А. И. Программа спецкурса «Электроэнергетика в России: правовое регулирование» // Энергетика и право / Под ред. Лахно П. Г. М.: Изд. «Юрист», 2008. – С.637–639.
- 32 Casper Boongaling Agaton (2018). Use coal or invest in renewables: a real options analysis of energy investments in the Philippines. Renewables: Wind, Water, and Solar, 2018, 5:1. <https://doi.org/10.1186/s40807-018-0047-2>. 19.02.2019.
- 33 Kim, K., Park, H., & Kim, H. (2017). Real options analysis for renewable energy investment decisions in developing countries. Renewable and Sustainable Energy Reviews, 75: y: 2017: i: c: <https://doi.org/10.1016/j.rser.2016.11.073>. 22.02.2019.

34 Kumbaroğlu, G., Madlener, R., & Demirel, M. (2008). A real options evaluation model for the diffusion prospects of new renewable power generation technologies. *Energy Economics*, 30(4), 1882-1908. <https://doi.org/10.1016/j.eneco.2006.10.009>. 27.02.2019.

35 Pereira, A. O. P., Jr., Cunha da Costa, R., do Vale Costa, C., de Moraes v, J., & Lèbre La Rovere, E. (2013). Perspectives for the expansion of new renewable energy sources in Brazil. *Renewable and Sustainable Energy Reviews*, 23, 49–59. <https://doi.org/10.1016/j.rser.2013.02.020>. 05.03.2019.

